

С. О. Талжановтың
докторлық ғылыми диссертациясы

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ИНСТИТУТЫ

СӘЙДІЛ ТАЛЖАНОВ

КӨРКЕМ АУДАРМАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЖАЙЫНДА

(Н.В. Гогольдің «Ревизоры» мен «Өлі жандары» атты шығармаларының аудармасы негізінде).

**Филология ғылымдарының
кандидат дәрежесін алуға ұсынылған
диссертация**

Ғылыми жетекші Қазақ ССР

Ғылым Академиясының

Академигі профессор

СМЕТ КЕНЕСБАЕВ

А л м а т ы – 1 9 6 1.

АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР.

ИНСТИТУТ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.

САЙДИЛЬ ТАЛЖАНОВ

**ОБ УЗЛОВЫХ ПРОБЛЕМАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО .
ПЕРЕВОДА**

**(На материале перевода «Ревизора» и
«Мертвых душ» Н.В. Гоголя на казахский язык).**

**Диссертация на соискание ученой степени
кандидата филологических наук.**

**Научный руководитель
Академик Академии Наук
КССР профессор**

СМЕТ КЕНЕСБАЕВ

Алма-Ата 1961.

КІРІСПЕ

- 1 -

«Толғауы тоқсан қызыл тіл»

Абай.

Қазіргі біздің Совет елінде аударма мемлекет ісі болып отыр. Аударма әдебиеті халық достығының дәнекері. Сондықтан да бұған ерекше мән беріледі.

Партиямыздың 21-съезі коммунизмді құруға белсене беттеді. Сол съездің жасаған жетіжылдық жоспары келешектегі келелі табысқа аяқ басуды нұсқады. Осы нұсқау шаруашылығымызда, халқымыздың салт-санасында болып отырған шындықтан туды. Ұлы Октябрь революциясынан бұрын бірін-бірі тани алмаған ірілі-уақты ұлттар қазір осы ұлы сапарға - коммунизмді құруға бірлесіп аттанды, өйткені өткен қырық жыл ішінде Совет елдерінің арасында мызғымас татулық арқылы ауысу-үлгі алу өте күшейді. Ұлт алакөздігі жойылды. Қалың бұқара халық мүддесін түсінді, бірінің бірі ойларын ұқты. Ескі кездегі ұлттық тар шеңбер кеңіді. Міне, бұл жөнде аударманың қолқабысы тимей қойған жоқ.

Қазір жағдай тіпті өзгерді, жер жүзіндегі көптеген ұсақ ұлттың соры болып келген – шынжыр бұғау – отарлау саясаты (колониализм) күйреді. Азия, Африка халықтары күн санап бұғаудан босануда, өз қолы аузына жетіп, Совет елімен туыстасуға белін бекем буды. Ендеше аударма әдебиетінің маңызы бұрынғыдан да күшейе түсуге бет алды.

1954 жылы көркем аударма мәселесі Бүкіл Одақтық жазушылар съезінде ерекше сөз болды. 1958 жылы Алматыда түрік тілдес елдердің өкілдері бас қосып, аударушылар мәжілісі өтті. Осы биыл 1960 жылы октябрь айында Москвада аударушылар маслихаты тағы болып өткен еді.

Коммунист партиясының, Совет өкіметінің басшысы, жер шарындағы ұлттар достығының, бейбітшіліктің қажымас қайраткері, шындықтың жаршысы Никита Сергеевич Хрущевтің да жазушыларға-аударушыларға зор міндеттер жүктегені мәлім. 1959 жылы 9-октябрьде Краснояр қаласында болған митингте Н.С.Хрущев сөз сөйледі, сонда: «Шетелдегі кейбір дұшпандар Совет елінде білімді адамдар көбейген сайын капитализмге қайта оралуды тілейтіндер де көбейе береді деп дәмеленеді...

«Ал, осы білімді адамдар социализмді жақтырмайтын жандардың әкесін танытатын болады¹ - деді . Н.С. Хрущев жолдастың осы айтып отырған білімді адамдарының бір тобы жазушылар-аударушылар екені даусыз.

Көркем-әдебиет идеология майдандарындағы зор құралдың бірі, соның ішінде елеулісі десек те қателеспес едік. Ал, аударма әдебиеті төл әдебиетінің егіз туған сыңары, бұлар жедел өседі.

Орыс әдебиетінің тарихы да, қазақ әдебиетінің тарихы да бұған айғақ бола алады.

Аударма қазақ әдебиетінде 19 – ғасырдың екінші жарымынан басталады, бұл орыс әдебиетінің прогресшіл бағыттағы ұлы бейнелерді алғаш аудару мезгілі еді. Осы бағытты бастаған Шоқан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтар болды.

Заманына сай, аударманың өсу жолын дәлелдеу үшін жалғыз-ақ мысал келтірейік: Орыстың ұлы ақыны Пушкиннің «Капитан қызын» - 1903 жылы Молда-Нияз Бекимов аударды, сол шығарманы 1936 ж. Қадыр Тайшықов, ал 1949-жылы Әбділдә Тәжібаев аударғаны мәлім. Кейінгі аударманың, сонау төл әдебиетіміздің мешеу кезінде Молда-Нияз Бекимов аударған үлгіден, көш ірілгені даусыз ғой.

1936-37 жылдардан бастап 1956-57 жылдарға дейін аударма әдебиеті қаулап өсті. Бұған М.Әуезовтың Шекспирден («Асауға тұсау», «Отелло»), Гогольден («Ревизор»); Ғ.Мүсіреповтың Горькийден («Ана» атты әңгімелері), Островскийден («Таланттылар мен табынушылар»), Мольерден («Сараң»); Ғ.Ормановтың – Толстойдан («Анна Каренина» - там-тұмдаған кемшілігі бола тұрса да (аударғандарын атап көрсетпегуге болмайды. Бұлардан кейінірек келіп заманымыздың

¹ «Социалистік Қазақстан» 13-октябрь, 1959 ж. 1 – бетінде.

классигі М.Шолоховтың «Тынық Дон» атты эпопеясы (аударғандар: Мұхамеджан Қаратаев (Ш-т.), Хамза Есенжанов (IV-т.) жарық көрді.

Осы табыстарымыз бен қатар біздің аударма әдебиетінде айтулы олқылықтар да болды, өйткені көлденең адамдар аударманы «кәсіпшілікке» айналдырды. Соның зардабынан барып талай-талай сүреңсіз сұрқай аудармалар шықты.

Осындай аудармалардың көрінуі қарсаңында 1957-жылы Қазақстан Орталық партия Комитетінде арнаулы қаулы алынды. Көркем әдебиет баспасындағы бұрынғы басшылық өзгерді, аударма қызметіндегі адамдар (редакторлар) сұрыпталды.

Көркем әдебиет аудармасына талап өте күшейді де жақсы-жақсы еңбектер де көрініп қалды. Мысалы: А.П.Чеховтың 2-томы (аударғандар: М.Әуезов, Ғ.Ахметов, Ә.Нұрпеисов, Ы.Дүйсенбаев, А.Елшібеков т.б.) жарық көрді; И.С.Тургеневтің «Ночь» - «Соңы сүрлеу» (аударған Ғ.Ахметов), И.А. Гончаровтың «Обрыв» («Жар» - аударған Ә.Сатыбалдыев) т.б. басылып шықты.

Осылармен бірге шығып жатқан көріксіз де түсініксіз, аудармалар әлі қалмай келе жатыр. Мысалы «Малахов Курган» (аударған Наханов); «Красное зарево над Кладно» (аударған Кенжалин), Олесь Кравецтің «Заря над Ханцу» (аударған Б.Исабеков), А.П.Чеховтың пьесалары (аударған А.Хангельдин) т.б.

Біз бұл еңбегімізде осы күнгі аудармада орын алып жүрген кемшіліктерді көзінен тізіп, жұртты күлдіріп, көңілдерін көтермек емеспіз. Әліміз келгенше солардың себебін ашып, қалай етсек жойылатын жолдарын көрсетуге тырыспақпыз.

Енді біраз даусыз шындықтарды еске сала кетейік.

Аударма әдибиетіне, аударушыларға туып отырған жеңілдіктер бар ма? Соны шолып өтелік. Біздің ойымызша заманымыз тудырып отырған күрделі үш жеңілдік бар тәрізді. Соның бірі: коммунист партиясының сара жол басшылығы, түзу саясаты арқылы өткен қырық жыл ішінде бұрын біріне-бірі етене жақындаса алмаған, ірілі-уақты ұлттар қазір бас қосып отыр, ұлы сапарға бірге аттанды.

Осылайша коммунизмге бет алып ілгері басу да, ұлы мақсатқа ұмтылып алға қарай аяндағанда – еңбек процесіне керек материалдық

және рухани құрал бірлескен заманда үлгі-өнеге алу күшейді. Біріміздің біріміз сөзімізге, ойымызға түсіндік, ортақ сөз, ортақ ұғым көбейді.

Мысалы: колхоз, совхоз, МТС, СССР, комсомол, КПСС, самолет тәрізді біріккен сөздерді, ботабай (путевой), грузабай, легкабай, аптабоз (автобус), перме, шопыр тәрізді жеке сөздерді де ауылдағы қазіргі қазақтар ертегідей «шеттен келген бұралқы қонақ» деп ұқпайды, өзінің ежелден еншісіне тиген төл сөзіндей көреді. Орыс тілімен біздің түрік тектес тілдердің арасындағы қарым-қатыс бүгін басталған жоқ, бұл бұрыннан келе жатқан дәстүр, өйткені: волость, закон, самовар, вожжи деген сөздерді – революциядан бұрын да болыс, зәкүн, самаурын, божы деппіз орыстан алсақ, арқалық, аралас, теңге деген сөздер түрік-татар тілінен орыс тілінен «архалук», ералаш, деньги...» болып ауысты, қазір олар орыстың өз тілі, өз қоры болып кетті. Осы тәрізді сөздер революциядан кейін де біздің тілден орыс тіліне (ауыл, ақсақал, арық т.б.), орыстың тілінен біздің тілге тіпті көп сіңіп отыр. Ендеше, міне бүгін қоян қолтық ұстасып, мидай араласқан дәуірде ортақ сөз, ортақ ұғым көбейгеніне даусыз. Олай болса, бұл аударманың (әсіресе орыс тілінен аударудың) жеңілдеуіне бірінші айғақ.

Екіншіден, көркем аударманың сапасы сол елдегі төл әдебиеттің сапасына сәйкес болады. Бұл екеуі қатар өседі. Көш бастайтын төл әдебиеттің соңына еріп аударма әдебиеті жедел жүреді. Революцияға дейін біздің қазақ тіліне Крылов, Хемницер, Буниндердің ұсақ-ұсақ мысалдары, Пушкин, Лермонтовтардың қысқа-қысқа, үзінді өлендері аударылды. Осы аударушылардың бәрі де шетпұшпақтап болмаса, түгел бір авторды сарқа аударған жоқ, тіпті бір автордың кесек бір шығармасын да бүтіндей аударған жоқ. Өйткені ол кезде қазаққа мұсылман дінін уағыздау үшін келген шала-шарпы түсінілетін арап-парсы, шағатай тілі араласқан шұбар өлең – қысалар: Саясал, Зарқұм, Көрұғлы, Қараман-Қатырандар болмаса қарапайым халықтың өзіне етене түсінікті, өзіне тән күрделі ешнәрсе жоқ еді. Әлгі айтылған қыссалар әсерін тигізіп, өзіміздің тілге бір тасан да болса, бейімделіп жазылған Дариға қыз, Мұңлық-Зарлық, Шәкір-Шәкіреттер шықты. Бері келе Қыз Жібек, Қалқаман-Мамыр, Еңлік-Кебектер басылды. Алғашқы ояну кезеңінде қазақ әдебиетінде шығыс әдебиетінің әсері көп тиді, бұл әсер Абайда да болды. Бері келе прогресшіл орыс әдебиетінің әсері күшейді. Орыс әдебиетінің үлгісін қолданған белгілі демократ

жазушыларымыз: Шоқан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Спандияр Көбеевтер еді. Жоғарыда көрсетілген орыс жазушыларын осылар аударып таратты. Бері келе Мұхаметжан Сералиннің «Топ жарған» хикаясы (1900-ж), Тайыр Жомартаевтың «Қыз көрелік» (романы 44-ақ бет – 1912ж.) Спандияр Көбеевтің «Қалын мал» романы (90 – бет – 1913 – жыл) Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлеңдері қазақ тілінде шықты.

Төл әдебиетіміздің осы шағын көлеміне сай қысқа мысалдар, ұсақ өлеңдер аударылды. Төл әдебиеттің шеңберінен аударма әдебиеті озып шыға алмады. Ал, төл әдебиеттің өрістеуі де сол халықтың мәдени, шаруашылық жағдайына байланысты. Қазақ елі ол заманда мал өсіруді күйттеп, бір жұртқа он күн аялдамай көшіп, қонып жүрді, жазушының да, оқушының да уақытын алатын салалы романдардың тууына болған көп себептердің бірі осы болуы да мүмкін.

Орыс әдебиет тарихының атасы Қантемир «ғылымды қорлаушыларға» («На хулящих ученых») деген өлеңін 1729 - жылы жазды. Ломоносовтың «Хотинді алған күні» («На взятие Хотина») атты өлеңі 1739 – жылы шықты¹. Осылардың бәрі шағын тақырыпқа жазылған қысқа өлеңдер. Өнеге үлгісі жоқ, өз елінде үлкен романдар жазылмаған орыс тіліне Гомер, Шекспир, Сервантес, Ф.Вольтер, Гете, Шиллер, Гейнелер әлгі айтылмаған Қантемир жүз жыл кейін келіп аударылды. Бұлардың аударылуына жағдай-әдеби ұғым, әдеби талғам, әдеби тіл туды.

Алайда, сол кезде В.Г.Белинский мақтаған, сахнада Молчановтай артист ойнаған, Полевой аударған «Гамлетті» де қазір орыс жұртшылығы ұмытып кетті. Өйткені бері қарай 19 ғасырдың бірінші ширегінен бастап орыс әдебиеті қаулап өсті. Аудармаға көзқарас та, аударманың әдеби-тілдік нормалары да, қалыптасып, өз заманына сай өзгеріп, өз әдебиет сатысына сай өрбіп отырды. Сонау Пушкин заманынан осы күнге дейін «Гамлеттің» отыз қайтара аударылуы, «Фаустың» да сан рет аударылуы осы пікірімізді дәлелдей алады.

«Аудару» мен «ауыстыру» (перевод и переделка) арасында XVIII ғасырда айырма болған жоқ. Сол кезде Гомерді Костров, Шекспирдің «Гамлетін» Сумароков, «Юлий Цезарын», Карамзин,

¹ В.Г. Белинский. Т.П. стр.738. М.1948 г.

Шахрезада ертегілерін Филатов аударды. Сол аудармалар арқылы дүниежүзілік ұлы бейнелермен қазір танысам деудің өзі қиын. Заман ауысты, аудармаға қойылатын шарт та өзгерді, оның үстіне Ломоносов пен Державиннен бастап Горький мен Маяковскийге дейін қандай ұзақ уақыт өтті»¹ - дейді П.Топер.

XVIII ғасырда аударғандар Қантемир, Сумароков, Богданович, Херасков, Капнист, Карамзин, Радищев т.б. еді. Аударма XVIII ғасырдың екінші жартысында өте көп шыға бастады, дәлін айтқанда 1768 – жылдан бастап «Собрание, старающееся о переводе иностранных книг на российский язык» атты жинақ ерекше шығып тұрды, Ол аудармалар ЧХЧ ғасырдың өзінде-ақ үмітсіз ұмытылды. Өйткені сахнаға енді Пушкин, Грибоедов, Лермонтов, Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Достоевский, Писарев, Гончаров, Островский, Некрасов, Тургенев, Чехов, Короленко, Толстойлар шықты. Көркем аударма бұрынғы «долбардан» ауысып, жаңа арнаға түсті...

Міне, осы із, өзшама-шарқынша, біздің әдебиетте де болды. Қалайда өз еліндегі төл әдебиеттің сатысынан аударма аса алмады. Жоғарыда да көрсеттік, тағы айтайық, көлемі шағын кезінде өз бойына шақтап шағын мысал, ұсақ өлеңдер аударылды. Енді бері келе совет дәуірінде Сәкен Сейфулиннің: «Тар жол тайғақ кешуі», «Көкшетауы»; Мұхтар Әуезовтың: «Қорғансыздың күні», «Қараш-Қарашы», «Көксерегі»; Сәбит Мұқановтың: «Сұлушашы», «Адасқандары»; Бейімбет Майлиннің: «Шұғасы», «Раушан коммунисті», «Азамат Азаматычы»; Ілияс Жансүгіровтың: «Күйі», «Жолдастары»; Ғабит Мүсреповтың: «Тулаған толқындасы», «Көк үйдегі көршілері»; Сабыр Шәріповтың «Алты басары» т.б. шықты, Осыларға сәйкес аудармалар да көрінді. Қазақ тіліне 1928 жылы Гогольдің «Үйленуі», 1931 жылы Шекспирдің «Гамлеті», 1932 жылы Гогольдің «Өлі жандары», 1935 жылы Горькийдің «Менің университеттерімі»; Достоевскийдің «Бишаралары»² т.б. аударылды. Осы аудармалардың бұрынғы аудармалармен салыстырғанда ілкім тәуірлігі бола тұрса да ескі әдеттен, «түсінікті» етуден, өзінше жорамалдаудан әлі арылмаған жоқ еді. Бері келе, 40-жылдар қарсаңында өзіміздің төл әдебиетіміз де

¹ «Вопросы художественного перевода» М.1955 г. «Традиция реализма» атты П.Топер жазған мақаланың 46-47 – беттерін қараңыз.

² «Үйлену» мен «Гамлетті» -М.Дәулетбаев, «Өлі жандарды» -К.Тайшықов, «Менің университеттерімді» М.Қаратаев, «Бишараларды» С.Талжанов аударды.

қарыштап алға басты. Мұхтар Әуезовтай, Сәбит Мұқановтай, Ғабит Мүсреповтай, Ғабиден Мұстафиндай заманымыздың ірі жазушылары қазір кең тынысты, өткір ойлы, үлкен-үлкен шығармалар берді. «Абай эпопеясы», «Ботагөз», «Сырдария», «Оянған өлке» «Шығанақ» тәрізді төл әдебиетіміздің сүбелі туындылары кесек-кесегімен жарық көрді. Бұрын болмаған көрнекті үлгілер жасалды. Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Исмаилов, Мұхаметжан Қаратаев, Тақауи Ақтанов, Тәкен Әлемқұлов, Әбжәміл Нұрпеисов, тәрізді әдебиет тану ғылымының зерттеушілері, әрі көркем әдебиеттің талғампаз сыншылары шықты. Ендеше төл әдебиетіміз өсті де аудармаға үлгі жасалды.

Әдеби ұғым, әдеби талғам туды, міне бұл екінші жеңілдік еді. Бері келе, бірте-бірте қазақ тілінің грамматикалық нормалары қалыптасты. Тіл ғылымының білімпаздары: Құдайберген Жұбанов, Смет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Ғайнитден Мұсабаевтар ат салысты. Аударушыларға туған үшінші жеңілдік осы еді.

Бірінші жеңілдік ауысу-араласу арқылы ортақ сөз, ортақ ұғым көбейді дедік. Екінші төл әдебиетіміз өсті – аудармаға үлгі жасалды дедік. Үшінші жеңілдік тіл ғылымының қалыптасқаны дедік. Ал енді біздің негізгі тексеретініміз Гоголь аудармалары болғандықтан айта кетелік: осы үш жеңілдікке қосылатын төртінші жеңілдік бар тәрізді. Ол жеңілдік – сол классик Гоголь шығармаларындағы кейіпкерлердің қазақ еліне қазақ ұғымына жат еместігі. Орыс классиктерінде, әсіресе Гогольде кездесетін геройлардың мінез-құлқы, мәдениеттелігі де, өмірге көзқарасы да қазақ елінде болған шындыққа жақын тұрады. Мысалы, бекіре балықты жалғыз жейтін жалмауыз, көрінгеннің аяғын басып кететін сәлекет-оспадар, ешкімді жақтырмайтын, барлық елді сыртынан айбаттап, ылғи өсек айтып отыратын Собакевич – «Тайсоғанның» Итбаевынан аса алыс емес сияқты. Екі иығынан демін алып, еліріп, танаурап жүретін, төбелесті сатып алатын суайт Ноздрев біздің қазақ елінде жоқ деуге болмас. Абай мысқылдаған алааяқтардың бәрі де осылардың жақын туыстарындай. Гогольдің өзі айтпақшы: «Мүмкін, ол басқа шапан (кафтан) киіп жүрген болар»... Сондай-ақ, кешегі күні біздің елде Плюшкин, Манилов, Коробочкалар болса, бері келе Хлестаковтар туды, өйткені Бейімбет Майлиннің «Талтаңбайы» Хлестаковтан кем соға қоймас. Әрине, Анна Каренина образын бере қою қиын, одан біздің қазақ халқына Татьяна түсінікті. Онегин мен Чацкий, Рудин мен Печориндер де оңай емес. Одан бізге Фамусов, Софиялар, жақын тұр. Өйткені Каренинадай әйелді, біздің ол

кездегі оқушыларымыз түсіне алмас еді, сегіз жасар баласын, он жыл отасқан күйеуін тастап, жас біреудің соңына ерген Аннаны түсіну оңай емес-ті, өйткені ол образ өзімізде қалыптасқан жоқ еді. Біздің Еңлік , Баян, Қамар, Шұға, Сұлушаштар Анна мен Татьянның арасында тұрған кейіпкерлер. Бұлар Татьянадай ұзап кетпеген, Анна шеніне жетпеген образдар.

Онегин, Чацкий, Печорин, Рудиндер тәрізді үлкен оқыған, заманынан ойы да, бойы да озған «басы артық адамдар» да әдебиетімізде болған жоқ. Олардан көбі кешегі қазақ елінің шындығында көп ұшырайтын кейіпкерлер Фамусов, Собакевичтер ғой. Міне осы жағынан алғанда Гоголь адамдарының кейпі, олардың ой-өрісі бізге өте жақын келе береді. Түсінікті ойды, таныс кескінді суреттеп жеткізу – біреуге ұғындыру, тұрмыста қалыптаспаған бейнені беруден жеңіл болады.

Сонымен қатар қазақ әдебиетіне орыс халқындағы тіл орамдары, сөз тіркестері кіріп жүр. Көрші елдің ой-өрісі аударма арқылы да, тікелей де ауысып отыр. Айта берсең орыс тілі біздің екінші ана тіліміз екені даусыз ғой.

АУДАРМА ТАРИХЫНАН

- 2 -

Енді қазақ тіліндегі аударма тарихын сөз қылудан бұрын бір-екі мәселеге тоқтала кетейік. Бірінші – біздің аудармада кездесетін түрлі-түрлі әдістер бар. Бұрынғы, соңғы аудармаларды шолып өткенде әлгі әдістер үшке бөлінетін тәрізді:

1)Еркін аударма, 2) Сөзбе-сөз аударма, 3) Балама аударма деседі. Біздің ойымызша еркін аударма түпнұсқаның тілін жетік білмеуден, немесе сол түп-нұсқаның (оригиналдың) ұғымды болуынан көрі, өз пайдасын көбірек көздеуден туады. «Еркін аудару автордан көрі аударушыға пайдалы. Мен өзімнен көрі Гомердің пайдасын көбірек ойладым да әлім келгенше оның өз ойын дәл беруге тырыстым» деп Гнедич «Илиаданы» аударғанда, 1829 жылы соның беташарында айтқан екен. Гнедичтің осы әдісін 1786 жылы Шекспирдің «Юлий Цезарь» атты пьесасын аударғанда: Карамзин де пайдаланыпты, сонда «Мен автордың ойын ешбір жерде өзгертпедім, өйткені бұлай істеуге аударушының еркі жоқ деп білдім¹ - дейді.

Сөзбе-сөз аудару, көбінесе, сол түпнұсқаның тілін түсіндіргендерде болады, соның әуеніне еріп, құл болудан шығады. Бұл әдіс осы кейінгі кезде күшейді. Ал балама аударма осының ең қиын түрі. Мұны екі тілді бірдей білумен қатар, сол алдында тұрған оригиналдың түпкі ойын сарқа түсінетіндер, дыбыс ырғағын, тіл әдемілігін, автордың сөз қолдану мәнерін зерттеп, жетік ұғынатындар жасайды. Осы кейінгі түрі бізде арагідік кездеседі. Осы күнгі ғалымдарымыздың бір ауыздан қабылдап отырғаны да осы кейінгі түрі.

Екінші бір талас мәселе шығып жүр. Ол – мәселе аударма тіл ғылымына жата ма, жоқ әдебиет зерттеу ғылымына жата ма?- деседі. Біздің ойымызша аударма екеуіне де жатады, екеуіне де жетеді. Өйткені тілсіз әдебиет жоқ, әдебиетсіз тіл ғылымы жоқ. Бұл екеуі егіз

¹ В.Г. Белинский. Полное собрание сочинений т.III. стр.28 СПб, 1903.

туады. Дегенмен, тілдің грамматикалық қалыптасқан категориясына сыймайтын да ырғақтар бар. Бір сөз бірнеше ұғымды беріп, автордың сөз қолдану мәнеріне қарай ойнақшып тұрады. Бұл жерде ол грамматикалық қалыптасқан нормадан сырттап кетеді. Формальдық грамматика стиль ерекшелігін (әр авторда ұшырайтын ерекшелікті) бір қалыпқа түсіре алмайды. Сондықтан біз аударманы, көбінесе, әдебиет зерттеу ғылымының тұрғысынан алып қараймыз. Көркем оригиналдың аудармасы да көркем болу керек. Ендеше, біз аударманы шын мағынасында төл әдебиеттің өз қорына, өз қазынасына кіргіземіз, бірінен-бірі екі елі айырлмайды деп ұғамыз. Қорыта айтқанда, біз аударманы әдебиет зерттеу ғылымына жататын көркем шығарма деп білеміз де, осы бағытта зерттемекпіз.

Қазақ тілінде аударма тәжірибесі ХІХ – ғасырдың екінші жарымынан басталды, дәлін айтқанда, 1879 – жылы Ыбырай Алтынсариннің «Киргизская хрестоматиясында» көрінді. Бұл орыс тілінен аудару дәстүрі еді. Араб, фарсы, шағатай тілдерінен аудару бұдан бұрын да болды, бірақ олар көбінесе ауызша тарады, олар аударма емес, мазмұндау – өзінше қайта айту (пересказ) еді. 1882 – жылдарда Абай аударды. 1892 жылы Ыбрай Алтынсарин аударған «Қарға мен түлкі»¹ атты 1900 – жылы «Інжіл» аударылыпты. 1903 – жылы «Капитан қызын» аударды. 1888 жылдан 1902 – жылға дейін «Дала уалаяты» атты газет екі тілде (орыс-қазақ тілінде) басылып тұрды. 1895 – жылы 24 – декабрьде (№49) Крыловтың «Аю мен жапан дүзді мекен қылған жалғыз адамның мәжілісі» - деген мысалы шықты. Сол 1895 – жылы № 22 Успенскийдің «Кім бақытты» деген әңгімесі шықты, 1898 жылы (№ 27, 28, 29, 30) Мамин-Сибиряктің «Ақбоз аты» жарық көрді, 1900 жылы Л.Н.Толстойдың «Сурат кофейнасы» басылды. 1910 – жылы «Үлгілі тәржіме» бөлек кітап болып шықты, аударған Спандияр Көбеев еді. 1914 – жылы Бекет Өтетілеуовтың аударған мысалдары шықты. Содан бері қарай аударма түбегейлі өсіп кетпесе де там-тұмдап көрініп жүрді.

1915 – жылы «Айқап» журналына А.П.Чеховтың «Қара қарғасы» («Грач»), «Қазақ» газетіне «Хамелеоны» басылды. Крылов, Короленко, Успенский, Л.Н.Толстойлар да сол кезде көрінді. Аударманың қауырт өскені Октябрь революциясынан кейін болды. Революцияның алғашқы жылдарында – 1923 жылы Пушкиннің

¹ «Дала уалаяты» № 51, 18 декабрь. 1892.

«Дубровский» повестісі өлеңмен аударылды. 1924-26 жылдары Толстойдың «Хаджи-Мұраты» Горькийдің «Сұңқар жыры», Мамин-Сибиряктің «Ақбоз аты» басылды.

1928 – жылы Гогольдің «Үйлену» (Женитьба») атты пьесасы (аударған Мәжит Дәулетбаев), Плехановтың «Көркем өнер мен әлеумет өмірі» атты еңбегі (ауд. Әшім Омаров) шықты.

1931 – жылы Шекспирдің «Гамлеті» (ауд. Мәжит Дәулетбаев) басылды. 1932 – жылы Гогольдің «Өлі жандары» (ауд. Қадыр Тайшықов) жарық көрді. 1935 жылы: Горькийдің Мұхаметжан Қаратаев аударған «Менің университеттерім» шықты, Ф.М.Достоевскийдің «Бишаралары» басылды. (ауд. Талжанов). 1936 – жылы «Әдебиет майданы» атты журналда Тургеневтің «Әкелері мен балалары» басылды, (аударған «Ноян») Сол 1936 жылы «Өлі жандар» түзетіліп қайта басылды. Тағы сол 1936 – жылы Пушкиннің үш томдық таңдамалы шығармалары басылды. Бұған Қазақстанның аударушы жұртшылығы жұмыла қатысты. Пушкин поэмаларын аударғандар: Әбілда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ілияс Жансүгіров, Қасым Тоғызақов, Сәйділ Талжанов, Мәжит Дәулетбаевтар еді. Редакциясын басқарғандар: Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов та болды.

Осы аудармалар көңілдегідей болып шықпады. Өйткені әлі аударма тәжірибесі нығайған жоқ еді, екіншіден Пушкинді өз қалпында береміз деп сөзбе-сөз аудардық. Сондықтан сіресіп шықты, үшінші жалпы әдеби тіліміздің әдеби ұғым, әдеби талғам (вкус)нын кемтарлығынан болды. Ол кезде біздің тілде салалы эпопея «Абай», күрделі роман «Бота көз», «Оянған өлкелер» жоқ еді. Тілдің де қалыптасқан нормалары, осы күнгідей орын тепкен тіл ғылымы да, әдеби теориялық оқулықтар да жоқ еді. Оған қосымша асығыстық, «науқаншылдық» әсерін тигізді. Қалайда бір игілігін көрсе, әйтеуір бірінші рет солы жол салынды. Орыс халқының ұлы ақыны Пушкинді өз қалпында беруге бет алдық. Осы игілі мақсат алғашқы адымда, әрине кемшіліктерімен қоса, орындалғандай болды. Бірден көңілгідей бола қалуы мүмкін де емес қой. Оған орыс халқының да аударма әдибиетіндегі тарихы куә. Баяғы заманда-ақ Шекспир, Сервантес, Гете, Шиллер, Байрондар аударылған. Шекспирді сол өзінде Сатин, Вельтман, Кетчер, Кронберг, Катков, Бородиндер аударған. Шиллерді Миллер аударған, Гетені – Струговщиков, Вронченко тағы басқалар

аударған. «Каких-нибудь сто лет едва прошло с того времени, как мы не знали еще грамоты; и вот уже мы по справедливости гордимся могущественными проявлениями и необъятной силы народного духа в отдельных лицах, каковы: Ломоносов, Державин, Фонвизин, Карамзин, Крылов, Жуковский, Батюшков, Пушкин, Грибоедов и другие... Повторяем: у нас еще нет литературы, как выражения духа и жизни народной, но она уже начинается, а это, в такой короткий период времени успех, и успех великий, который не должен обольщать нас в настоящем, но который должен казаться залогом великих надежд в будущем»¹ дейді Белинский.

Ұлы сынымыздың осы сөзі біздің әдебиетке де жат емес. «Бұдан қырық жыл бұрын, дүниежүзілік әдебиет туындыларын былай қойғанда, орыс әдебиетінің бір де біртұтас шығармасы қазақ тіліне аударылған жоқ-ты, ал қазірде жүздеген кітап аударылды. Осы фактінің өзі-ақ так Октябрь социалистік революциясының арқасында ғана орыстың және дүниежүзінің мәдениетіне қазақ халқының қолы жеткендігін ыспаттайды»² - дейді біздің қазіргі белді сыншымыз Мұхаметжан Қаратаев. Сыншымыздың дұрыс айтқан осы пікіріне қосыла отырып та толықтыра түскіміз келеді. Октябрь революциясынан бұрын біздің қазақ елінің 90 проценті хат танымаушы еді десек те аса өтірікші бола қоймаспыз. Белинский дұрыс айтады – тарих үшін жүз жыл аз ғой. Рас, социалистік дәуірде өсіп-өркендеудің Белинскийдің заманынан көп ерекшелігі де бар. Сонда да қырық жыл өте аз, алайда, осы 40 жылдың ішінде қазақ совет әдебиеті дауылдап өсті. Совет дәуіріне дейін дұрыс танып алмай келген Шоқан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Спандияр Көбеевтер қазіргі үрім-бұтақтың сүйіп оқитын авторлары болды. Совет дәуірінен бері қарай Сәкен Сейфуллин, Жамбыл Жабаев, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсрепов, Ғабидет Мұстафин, Әбілдә Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Қажым Жұмалиев, Қасым Аманжолов, Есмағамбет Исмаилов, Мұхаметжан Қаратаев, Хамза Есенжанов тағы басқалар жедел шықты. Бұлар тө әдебиетіміздің де аударма әдебиетіміздің де бетке ұстары.

Осыған қосылатын аударма әдебиетінің де көрнекті адамдары бар: Ысқақ Дүйсенбаев, Қасым Тоғызақов, Ғалім Ахметов, Мұхтар Жанғалин, Ахмет Ельчиков, Мүслім Базарбаев, Әнуар Инмағамбетов,

¹ В.Г. Белинский. I-том. 735-736 беттерді қараңыз.

² М.Қаратаев. «Туған әдебиет туралы ойлар» 1958-ж. 327-бетін қараңыз.

Іслям Жарлығапов, Қадыр Тайшықов, Қасен Өзденбаев, Әбен Сатыбалдиев тағы басқалар. Бұл тізімді соза берсек екі-үш баспа табақ қағазға жетер еді. Біз соның ішіндегі, азды-көпті қатесі болса да, негізгі сапалы аударушыларды алдық. Беделді классиктерді аударғандарды көрсетіп өттік.

Біздің қазақ тіліне дүниежүзілік әдебиеттің классиктері: Шекспир, Шиллер, Бальзак, Гюго, Сервантес, Гейне, Тагор, Дефо, Мериме, Свифт, «Мың бір түн» аударылды. Орыс классиктерінен А.С.Пушкин, И.А.Крылов, М.Ю.Лермонтов, А.С.Грибоедов, Н.В.Гоголь, В.Г.Белинский, И.А.Гончаров, И.С.Тургенев, Ф.М.Достоевский, А.Островский, Н.Г.Чернышевский, Н.Добролюбов, Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, В.Г.Короленко, Г.Успенский, Мамин-Сибиряк аударылды. Орыс халқының совет жазушыларынан: А.М.Горький, В.В.Маяковский, А.Фадеев, А.Толстой, М.Шолохов, Н.Островский, В.Ажаев, Д.Фурманов, Тренев, Седых, Шторм, Мате Залка, Соколов, Макаренко, А.Гайдар, Павленко, Н.Прибой, К.Федин тағы басқалары аударылды. Советтер одағындағы туысқан халықтар жазушыларынан (татардан): Абдолла Тоқай, Ғалімжан Ибрагимов, Баширов, өзбек жазушысы М.Айбек, Ғ.Гулям, А.Қаһһар; тәжік жазушысы Садриддин Айни; түрікпен жазушысы Кербабаев; қырғыз жазушысы Т.Сыдықбеков; Латыш жазушысы В.Лация; Чехословакия, Болгария, Қытай, Индия, Бирма жазушылары, тағы басқалар аударылды. Осындай қысқа мерзімнің ішінде осынша мол дүниені қазақ тіліне аударып беру үлкен табыс.

Рас, аударма екі түрге бөлінеді. Бірінші түрі – шетелдік әдебиетпен өз халқын таныстыру, екінші түрі – бөтен елдің тіліндегі ұлы шығарманың қалпын өзгертпей дәлме-дәл беру. Октябрь революциясынан бұрын да, революциядан кейін де біздің аудармамыз, көбінесе, сол таныстырумен келді. 1879 – жылдардан бастап ХХ – ғасырдың қырқыншы жылдарына дейін 60-70 жылдың ішінде талай тәжірибеміз болды. Сондықтан енді өз қолымыз өз аузымызға жеткенде біз орыс жазушыларын, соның ішінде Ұлы Пушкинді қаз-қалпында беруге тырыстық. Міне, енді 1940 жыдардан бастап осы үстіміздегі 1960 жылға дейін табандатқан жиырма жыл әлі біз «аударма әдебиетіміз», «Төл әдебиетіміз» деп ылғи айырып сөйлейміз. Мұнымызда заңды. Аудармада 100-150 жылдық өсу тарихы бар орыс елімен салыстыруға болмайды, мезгіл жетпей жатыр. Рас, осыдан тура жүз он алты жыл бұрын орыс тіліне Шиллердің «Вильгельм Телль» деген пьесасын Миллер аударды. Сол пьесаның

рухани, өзіне тән ерекшелігін бермедің деп И.С.Тургенев Миллерге ұрысты, сонда: «Жалпы алғанда Миллер мырза жеңіп тілмен жатық жазады. Бірақ түпнұсқамен салыстырғанда қатесінің ұшы-қиыры жоқ... Орта қолды оқушылар Миллерді мүдірмей оқып шығады, өйткені Молчанов, Куражковский, Славин тағы басқаларға қарағанда мұны мақтамауға да болмайды, себебі бұл (Миллер) грамматиканы, өлең ережесін біледі, бейшара орыс тілін сорлатпайды...¹ деген екен. Алғашқы адымға қанағаттану ретінде айтылған пікір ғой. «Жуковскийдің өлеңі өте жеңіл, тап-таза, мөп-мөлдір, қарапайым, өте әдемі келеді. Бірақ ол неміс пен ағылшын тіліндегі түпнұсқаға тән ерекшелікті жылы жауып қояды да өзіне керегін ғана алады, сондықтан оның аудармасы көңілдегідей болмай шығады»² - деген Белинскийдің пікіріне мұнлас қосылдық. Түпнұсқаны бұлжытпай беретін балама аудармаға сол қырқыншы жылдарды алғашқы адым жасалды, жол ашылғандай болды. Ол игілі мақсат бірден орындала қоймады, әйтсе де жаңа сүрлеу басталды. Реті келгенде айта кетелік, революциядан бұрынғы еркін аудармалар да таза түрінде еркін болған жоқ. Олардың ішінде де оригиналды тұп-тура түсіретіндері бар, сондай-ақ революциядан кейінгі аудармалар да бір келкі емес. Заты, осы ала құлалықтың себебі аударушылардың қабілетіне байланысты болса керек. Осы пікірімізді дәлелдеу үшін мысал келтірелік.

Бұл жерде шала орысша, шала татарша, шала қазақша тілмен аударылған Пушкиннің «Капитан қызын» (ауд.Молданияз Бекимов – 1903 – жылы) былай қойғанда, қазақ тілін сорлатпайтын, өлең ережесін жақсы білетін Спандияр Көбеевтің «Үлгілі тәржімесін» (1910ж.) Абай аудармаларын шолып өтейік. Крылов «Дуб и Трость» десе «Үлгілі тәржіме» оны «Емен ағашы мен тал шыбық» деп аударды, ал Абай «Емен мен шілік» дейді. Мысалдың атын қойып өзіне кірісейік.

Крыловтың:

С тростинкой дуб однажды в речь вошел.

«Поистине, роптать ты вправе на природу, -

Сказал он, - воробей и тот тебе тяжел.

¹ И.С.Тургенев. т.XI. стр.11-13. М.1956.

² В.Г.Белинский. Полное собрание сочинений. Т.VIII.СПб.1907, стр.425.Т.П..стр.187., т.V. стр.107.

Чуть легкий ветерок рябью воду

Ты зашатаешься, начнешь слабеть...»¹ - деген

Бес жол өлеңін «Үлгілі тәржіме»:

Бай болсаң дәулетіңді көңіліне алма,

Көршіге семіздік қып қысым салма,

Мықтылықты күшің болса орнымен қыл,

Бәрін де бере тұғын жалғыз алла.

Неге десең ие ғой о да жанға

Емен илә шыбықтан сөз басталды,

Жақсылар құлағың сап кеңес тыңда.

Кей бенде айтып тұрған сөзін білмес,

Жақсының ғибыратын көңіліне ілмес.

Бір шыбық бір емен мен бір жерде екен,

Екеуі тұрдыдағы құрды кеңес.

Басында әжептәуір әңгіме еді,

Аяғы шайтан түртіп болды егес.

Кітаптан көргеннен соң жаза салдым,

Қасында тыңдап тұрған біздер емес.

Емен айтты, - шыбық сөзім тыңда,

Болса да тұрмайтұғын өзің құнға...² деп

Өз бетінше алып кетеді, әйтеуір Крыловтың ұзын ұрғасын түсіндіріп шығады. «Үлгілі тәржіме» ден он жеті жыл бұрын Абай былай аударған екен.

«...Шілік пен емен бір күн сөйлесіпті,

Аллаға неден сорлы жаздың»- депті.

¹ И.А.Крылов. «Басни и стихотворения» библиотека поэта Малая серия, Советский писатель, Л.1951.

² «Үлгілі тәржіме» - 1910-ж. 4-5 беттерін қараңыз.

Торғайға да майысып солқылдайсың,

Жел бүлік етсе тебесің әлпеншекті...»¹ - депті

Осы бір тексті екі автордың екі түрлі келтіру де аударушының өз қабілетіне, өз талантына сай екендігін сипаттайды. Ақын Абайдың Крыловты дәл беруі иықтастығын көрсетеді. Осы бір жердегі аудару тарихын алсақ – кері қарай тартып тұрған тәрізді. Өйткені, «Үлгілі тәржіме» деп Абай аудармасы бұрын шықса да артық. Мұның өзі де баяғы талантқа тіреп тұр.

Рас, Абай аудармасы үнемі дәл келе бермейді, кейде тіпті:

«...Қаймақ еді көңілімде,

Бізге қаспақ болды же,

Екі сөз жоқ өмірімде,

Мен де сорлы бақыты кем»²,-

деп Татьянаның «ауызына дәмі бармайтын», айтпаған сөзін телиді. Қазақыландырып өзінше еркін кетеді. Өз заманындағы оқушыларымен есептесіп отырады. Сөйте отырып, сол кездегі халық ұғымына сай келетін жерлерін бұлжытпай түсіреді. Мұндай сәтті жолдар Абайдан көп кездеседі. Мысалы:

«Другой...нет, никому на свете

Не отдала бы сердце я!

То в вышнем суждено свете,

То воля неба, я твоя...»³ деген

Татьянаның сөзін Абай:

Өзгеге...ешбір дүниеден

Еркімен тимес бұл жүрек,

Өзелде тағдыр иеден-

Қожам сенсің не керек...¹ – деп аударады.

¹ Абай-өлеңдері 296 бет. А.1946.

² А.С.Пушкин. Таңдамалы шығармалары.1949ж., 90-б.

³ -«- Собрание соч.т.IV.стр.69.М.1960г.

Енді бір кезде Онегиннің:

«Предвижу все - Вас оскорбит
Печальной тайны свидание,
Какое горькое презрение
Ваш гордый взгляд изобразит...»² деп

Татьянаға айтқан сөзін:

Құп білемін сізге жақпас
Ескі жара білтелеу.
Ақ жүрегің енді ұнатпас,
Мезгілі жоқ қай медеу?³ - деп береді.
«Ах, мне изменила подружка моя,
И солнце померкло давно для меня;
Но смерти покой я напрасно зову –
И с сердцем разбитым живу да живу, -⁴ деген

В.А.Крыловтың өлеңін Абай:

Мен көрдім ғашық жардан уәдесіздік,
Өмірдің қызығынан күдер үздік,
Жылы жүрек суынды, жара түсті,
Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік - деп

аударарды. Қандай дәл, қандай әдемі, қандай түсінікті шыққан десеңші!
Мұндай аудармалар жиі кездесе бермейді. Бірақ осы Абайдың сонша
дәл, сонша әдемі, кестелі шығаруы «оның прогрессивтік-
демократиялық бағыты мықты болды, сондықтан ол (Абай)
Лермонтовты татар тіліне аударған Ә.Юнусовтан, қазақ тіліне

¹ -«- Таңдамалы шығармалары 81-б.А.1949.

² А.С.Пушкин. Собр.соч.т.IV,стр.168.М.1960г.

³ А.С.Пушкин. Таңдамалы шығармалары.87-бет.А.1949.

⁴ В.А.Крылов.-Стихотворения СПб-1898,стр.165-166. Өлеңнің ты «Разбитое сердце». «Я видел березу –
сломилась она» - деп басталатын осы романстың музыкасы А.Рубинштейннің екен.

аударған Қ.Аманжоловтан ана ғұрлым артық»¹ - деген С.Нұрышевтың пікіріне қосылғымыз келмейді. Совет заманында туған Аманжоловтың кемшілігі демократтық идеясының осалдығында болуы мүмкін емес. Тіпті идеялық жағынан табанды революционерлердің бәрі бірдей ақын да болған жоқ. Оригиналдың идеялық жағын түсіну, оны дұрыс беру, әрине, үлкен қажет, бірақ әркім жеткен жеріне жығылып жатқан шығар демекпіз, Абайдай болмадың деп жазғыру да қиын ғой.

«Абай орыс классиктерінен өзіне үндес, идеялас демократ ақындарды аударды. Екінші, олардың шын мәніндегі искусство иелері екендігін Абай ұғынды. Солардың кез келген өлеңдерін де аударған жоқ, өзіне керегін алды. Кейбіреуін дәл өзінше берсе, кейбіреуін еркін берді, онда да ойын бұзбады» дей келіп профессор Қажым Жұмалиев: «осынша дәл беріп, Абайдың үлкен үлгі тастауына себеп болған нәрсе оның: 1) Үлкен таланты, 2) орыс тіліндегі өлеңдерде қолданылатын сөздердің тек жәй мәнін ғана емес, әдемілік қасиеттерін терең ұғынуы, 3) қазақтың өз тіліне мейлінше байлығы² - дейді.

Біз осы пікірді қолдаймыз, өйткені тіл әдемілігі, тіл байлығы дегенді біз өмір шындығына байланысты деп білеміз. Өмірді дәл елестеткен сөз әдемі де, байлықта та сонда. Орнында қолданылған, шындықты елестетін сөздердің бәрі әдемі. Қазақ тіліндегі «Ардагер», «Кермарал», «Ақиық» тәрізді сөздерді қолданып, оларды әдемі деп ұғатындар бар. Өзі білмейтін сөздерді диалект дейтіндер де табылады. Орнында тұрмаған, өмірді елестетпеген сөздердің бәрі де жексұрын көрінуге мүмкін.

Ал өзінің тура мағынасында жүректі айнытатын өрескел сөз де орнын тапқанда көріктеніп, түлеп сала береді.

Мысалы:

«...Сенен артқан досы жоқ,

Көбісін қойсаң ағалап,

Сенен артқан қасы жоқ,

Мінін айтсаң шамалап.

¹ С.Нұрышев. Абайдаң аударма жөніндегі тәжірибесінен»- атты кітабының қорытындысында осы пікірге тірелген.98-105б. Қараңыз.А.1954ж.

² Қ.Жұмалиев. «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» -А.1948. 176-180 беттерін қараңыз.

Мақтай берсең панаң-ақ,

Мақтамасаң қағанақ.»¹

Деген өлеңнің ішіндегі «қағанақ» жеке айтылса, әдемі емес осы шумақта сол сөз неге құлпырып тұр? Оның себебі бұл жерде жаңғырып кеткен, енді ол қағанақ емес – шытынап сынғалы тұрған, жарылып кеткелі тұрған мінезді бейнелейді. Ақын Әбілдә Тәжібаев дұрыс қолдана білген де, шындықты тура айтқан. Өлеңнің ішіндегі ой ұйтқысы да осы сөзге барып паналайды». Өз заманында ойшыл ақын, жердің ақыны емес, «аспан ақыны» - деп бір ауыздан ұйып патша сарайы мадақтаған Владимир Венедиктовтың өлеңдерін қара сөзге айналдырып, талдап шыққан В.Г.Белинский «Изысканность выражения всегда может служить верным признаком отсутствия поэзии»² деген ғой. Сол Белинский Гогольдің кейбір ұсақ кемшілігі тілінде дей отырып, «Өлі жандарды» асыра бағалады. Өз заманындағы жоғарғы қоғам қолданатын «ірі» сөздерді тастап, қарапайым халық арасында ауызша айтылатын «ұсақ» сөздерді қолданғанын құттықтады. Өмір шындығын тайсалмай дәл айтқаны үшін «күзетшіге битін сықтырғанына» дейін жоғары көтерді. Әрине, Ф.Булгариндер бұл «бит» туралы тыжырына сөйлеп, Гогольді сөгіп те көрген еді.

Ендеше, әдемілік өмір шындығын беруде жатыр.

Мысалы:

«...Бір сүйіп бота көзді Құралайды,

Таң атты енді жату ұнамайды,

Деді де тұрды Алтай, Сұлу сонда,

«Жүрегім шыдамайды, шыдамайды...» - деген жолдардағы әдемілік «Бота көзде» де, «Құралайда» да емес. Екі қайыра пысықталған, күнде айтылып жүрген «жауыр» сөз «шыдамайды» да тұр. Өйткені, байдың қызы Сұлушаш, өзінің малайы Алтаймен түнде кездеседі. Ғашық жарынынтыға сүйген Сұл-шаштың түнде ұшырасқанда ойына түспеген сөз, бүгін тәңертең келіп түседі. Мауқын басқан ғашық қыз азырақ суынғандай, енді мұның арты не болар екен,

¹ Ә.Тәжібаев. Аралдар. Алматы. 1958ж.43-бет.

² В.Г.Белинский. полное собрание соч.в трех томах, т.I. М.1948 г. Стр.161.

қандай күйге ұшырар екенбіз деген күдік келіп қыздың алдында тұр. Міне, сонда ғана «шыдамайды» деген қарапайым сөз орнын табады да оған жан бітіп құлпыра жөнеледі, оқушының жүрегін тербетеді. Ақын Сәбит Мұқанов осындай түйінді кезеңді көз алдына алып келеді.»...

«...Әрбір сөздің өзіне лайық жаны болады. Көптеген оқушылар, тіпті жазушылардың талайы-ақ ол сөздердің қана мағынасына шүйіледі. Заты, сөздің жанын іздеп таба білу керек, ол жан басқа сөздермен біріккенде ғана жарық етіп көрінеді де кейбір шығармаларды құлпыртып, жібереді»¹ - дейді Г.Мопассан. («Су ішінде» «На воде» атты очеркінде).

Ойымызды жинақтай айтсақ, профессор Қажым Жұмалиевтің пікірін қолдауымыз да осы тұрғыдан барып шығады.

«Ол кездегі (революциядан бұрынғы деп отыр С.Т.) аудармалар еркін аудармалар...»² дейді тағы С.Нұрышев. Біз бұған да толық илана алмаймыз. Нағыз таза түрінде еркін аударма да, сөзбе сөз аударма да әдебиет тарихында кездеспейтін тәрізді. Бұл екі әдіс үнемі араласып отырады. Негізінен алғанда аударушының талантына қарай шешіледі. Творчестволық балама аударма да осы екі сыңаржақ әдіспен астаса жүреді.

Біз балама аударманы жақтағанда аударушы оригиналдың стиль ерекшелігін, ой ырғағын, дыбыс екпінін сақтаумен қатар өз тіліне тән нормадан шықпауын қажет етеміз. Әрине, ой ырғағын, дыбыс екпінін аудару мүмкін емес, бұлар аударушының өз басында болу керек. Екіншіден классиктерде кездесетін жеке образды беру үшін сол шығарманың дәуірін түсінсін, өзін берсін, бірақ аударушы өз заманының ұғымынан да ауа жайылмасын дегіміз келеді. Өйткені көркем аударма. Сол елдің төл әдебиетінің асыл қазынасына кіреді. Екінші сөзбен айтқанда көркем шығарманың аудармасы да көркем болу керек. М.Ю.Лермонтов аударған Гетенің «Ночная песня странника» атты өлеңі «Горные вершины» болып аударылады да орыс әдебиетінде мәңгі орын теуіп қалады. Михайлов аударған Гейненің «Гренадеры», Курочкиннің Беранжеден аударғандары орыс мүлкі болып кетуі тегін емес. Ойымызды тиянақтау үшін әлгі айтылған Гетенің өлеңін аударушыларды салыстыра кетейік.

¹ В.Пушков. «Первые встречи» атты мақаласында Сергеев-Ценскийдің аузынан атқызды. Журна «октябрь» № 9. 1960 ж. 188 б. Қараңыз.

² С.Нұрышев. Әлгі кітабының 12 бетінде.

«Ubez gipfeln
Ist Ruh
In allen Wipfeln
Spuzest du
Kaum einen Hauch
Die Voglein schweigen
Walde
Wazte nuz Walde,»¹

Деген Гетенің сөзін Валерий Брюсов:

На всех вершинх
Покой.
В листве, в долинах
Ни одной
Не дрогнет черты.
Птицы спят в молчании бора.
Подожди только:

Скоро – Уснешь и ты,² - деп аударады. Жол-ма жол,
сөзбе-сөз дәл аударған. Осы өлеңді М.Ю.Лермонтов:

Горные вершины
Спят во тьме ночной,
Тихие долины
Полны свежей мглой.
Не пылит дорога
Не дрожат листы.

¹ А. Лейтес. «Художественный перевод как явление редкой литературы» деген мақаласында. Біз мұны «Вопросы худ.перевода» атты жинақтың 115-бетінен алдық. М.1955.

² «Вопросы худ.перевода» стр. 115. М.1955.

Подожди немного

Отдохнешь и ты,¹ - деп береді.

Бұл аударма дәл емес, алыс тұр. Бірақ «В переводе более всего привязываться к мысли и менее всего к словам²» - дейтін Гогольдің сөзін Лермонтов ақтап тұрғандай! Өйткені, Гете өз өлеңінді таудың басындағы «тыншытық-жым-жырттықтан» бастайды да, түнде жортқан жолаушыға қарап «сен де тыншығарсың – дем аларсың» - деп бітіреді. Гете айтқан осы ойдың М.Ю.Лермонтов үстінен түскендей! Ал енді Гетенің осы өлеңін біздің ақын Абай Лермонтовтан аударарды:

«Қараңғы түнде тау қалғып

Ұйқыға кетер балбырап.

Даланы жым-жыр дел-сал ғып

Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол дағы

Сыбдырламас жапырақ,

Тыншығарсың сен дағы

Сабыр қылсаң азырақ³ - дейді.

Бір заманда «Фаусты» французшаға Жерар аударғанда Гете: «По- немецкий мне больше уже не хочется перечитывать «Фауста», но в этом французском переводе все опять производит на меня впечатление и кажется свежим, новым и острым»⁴ - деген екен. Өзі жазған «Фаустан» Жерардың аудармасын күшті деп бағалай білген Гете Абай аудармасына да өкінішін білдірмес еді деп ұғамыз. Шотландия ақыны Роберт Бернстің бетін орыс әдебиетінде Маршак ашты.

Әрине, осындай етіп аудару оңай емес. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар ғана осылай шығарады. А.Мицкевиятің «Конрад Вадленрод» атты поэмасын Пушкин орысшаға түгел аудармақ болып

¹ М.Ю.Лермонтов. собрание соч. В 4-х томах, т.І стр. 491. М-Л, 1958

² Н.В.Гоголь Полное собрание соч. Т.Х. М.. Изд.АН СССР 1940, стр. 311-312.

³ Абай Өлеңдері. 270 бет А.1946.

⁴ А.Лейтес –«Художественный перевод как явление родной литературы» дген мақаласында. «Вопросы худ.перевода» - атты жинақтың 107-бетін қараңыз.

бастаған екен де, бітірмей тастап кетіпті, сонда: «Не умею переводить; т.е. не умею подчинить себя тяжелой работе переводчика» деп мойындаған болатын. Пушкин өлеңдерін француз тіліне Н.Б.Голицын аударыпты, соған жазған хатында да Пушкин: «Род литературы, которому вы посвятили себя – наиболее трудный и наиболее неблагоприятный из всех мне известных»¹ - дейді. Пушкиннің осы пікірін жүз жыл бұрын Тредьяковский айтса, сл Пушкиннен елу жыл кейін Некрасов та қайталаған екен. Ендеше, аудару оңай емес. Оның үстіне Гогольдің қазақша сөйлету жеңілге түспейді. Енді осы орыс классиктерін аударудағы кейбір тәжірибелерге соға кетелік. Революциядан бұрынғы аударманың енді үлгісін келтірейік. Крыловтың «Айна мен маймыл» атты мысалында:

Таких примеров много в мире
Не любит узнаватьт никто себя в сатире.
Я даже видел то вчера:
Что Климыч на руку не чист, все это знают,
Про вантки Климычу читают,
А он украдкой кивает на Петра.²

деген өлеңнін Спандияр Көбеев:

«Біреуді мысқылдайды кейбір адам
Болса да байқамайды ісі жаман.
Әркімнің ғайбатына даяр тұрар,
Білінбей өзінікі ардан жаман»³ - дейді.

Бүгінгі тілекке бұл да аударма дәл келмейді. «Климыч» пен «Петрдің» аттарын кезінде алмауы да заңды болар, алайда автордың дыбысы естілмейді, құр долбарлау ғана ма. Айта берсек, ол кездегі еркін аудармалардың толып жатқан үлгілері бар. Сондықтан енді біз революциядан соңғы аудармаларға біраз тоқталып өтелік. Бұлар да біркелкі емес. Алғашқы кезде бұрынғы еркіндік әдісі күшті болды.

¹ «Пушкин. Критик» -М.Гос.литиздат. 1950, стр.31. Біз Пушкиннің бұл сөзін «традиция реализма» -атты П.Топердің мақаласынан келтірдік. Вопросы худ.перевода за 1955 г.стр.54.

² И.Крылов. «Басни и стихотворения» Библиотека поэта малая серия, советский писатель. Л.1951.стр.250

³ «Үлгілі тәржіме» 14-15 беттерін қараңыз.

Мысалы, 1928 жылы «Үйлену» аударылды. (ауд. Мәжит Дәулетбаев) Сол пьесаның кейіпкері сүр бойдақ Подколесинді үйлендіру үшін жеңгелетбек болып Фекла келеді. Осы екеуі әңгімелесіп отырғанда Подколесиннің досы Кочкарев кіреді де істің сарынын түсініп алғысы келіп: «ол кімнің қызы, аты кім?» - деп Фекладан сұрайды. Сонда: «Фекла Агафия Тихоновна.

Кочкарев – Агафия Тихоновна Брандахлыстова?

Фекла – Ан нет – Купердягина!»

Осы жерде бәрін біліп алып Кочкарев енді Фекланы қуалайды, «бәрін өзім жайғастырам, жүре бер» - дейді Кочкарев – «Пойди, пойди несмыслишь ничего, не мешайся! Знай, сверчок, свой шесток – убирайся!»

Гогльдің осы сөздерін Мәжит:

«Фекла: Агафия Тұйған ызы.

Қоқаров – Агафия Тұйғын қызы? Арғы атасы Бұрандағұл ма?

Фекла – жоқ, Күмпілдек.

Қошқаров бар, бар, дымың ішінде болсын, бөгет болма, өз қолың өз аузыңа жетсін, өкшенді көтер,¹ - деп аударарды. «Тұйғын қызы», «Қошқаров», «Брандағұл» тәрізді «құлаштай қазақылауын» айтпағанда «Өз қолың өз аузына жетсін» - деп каждый сверчок – знай свой шесток» ты теріс аударуы қынжылтады. Бұл жерін 1953 жылы Ф.Дінісламов «есің бар да елің тап»²- деп аударарды. Әрине, Мәжит аудармасынан тәуір шыққан, бірақ Кошкаревтің ойы «Аяз әлінді біл, құмырсқа жолынды біл» - деген мәтелге таяу тұр. Осылай аударса әрі мәтел, әрі Гогльдің астарлы ойын дәл берер еді. Өйткені автордың астарлы ойын айқындайтын сөздер кейде аудармада айтылмай-ақ оригиналдың сырын ашуға мүмкін, ал кейде керісінше болатын да жәйт бар.

Енді осы пьесаның тағы бір жерінде Жевакин мен Яичинца екеуі танысып тұр:

¹ Н.В.Гоголь. «Үйлену» Қызыл-Орда 1928, 17-18-беттерін қараңыз.

² Н.В.Гоголь. Шығармалар. IV том. А.1958 ж.107 б.қараңыз.

Яичница – (знакомясь) В должности экзекутора, Иван Павлович Яичница.

Жевакин (не дослышав) – Да, я тоже перекусил. Дороги-то знаю, впереди будет довольно, а время холодновато: селедочку съел с хлебцем.

Иван Павлович – Нет, кажется, вы не так поняли: это фамилия моя Яичница.

Жевакин (кланяясь) – Ах, извините, я немножко туговат на ухо. Я право думал, что вы изволили сказать, что покушали яичницу.

Иван Павлович – Да что делать? Я хотел было уже просить генерала, чтобы позволил мне называться Яичницын, да свои отговорили: говорят, будет похоже на «собачий сын» - Гоголь осы сөздерін Мәжит Дәулетбаев: «Уыз құймақ – Екзекторлық қызметіндегі Иван Павлович – Уыз құймақ.

Жевакин (қағыс естіп) Я, мен мұны талай жеп көргем, жолды білемін ғой, күн суық: нанға қосып тұзды балықты да жеп ем.

Уыз-құймақ – жоқ сіз қағыс есіттіңіз білем, Уыз-Құймақ бұл менің фамилиям.

Жевакин (иіліп) кешу сұраймын менің құлағымның азын-аулақ мүкісі бар еді. Уыз-құймақ жеп көрдіңіз бе деп айтқан сияқты есіттім.

Уыз-құймақ – не амал қылайын! Жандаралдан менің фамилиямды Уыз Құймақов қойсаңыз екен» - деп сұраймын деген ем, біреулер мұның қолайсыз,соңыра – ақ Мойнақов боп кетесің, ит боп кетесің» - деп сұратпаған...»¹Бұл аударманың еркіндігі сонша, қазіргі талапқа мүлде келмейді. Осы «Үйленуді» мына кейінгі аудармасымен салыстырғанда тұжырымды ойымызды сонда айтуға қалдырдық.

Қазақ тіліне дүниежүзілік классиктерден ең бірінші жарық көрген «Мың бір түннен» Абай аудармасы еді, одан кейін Шекспирдің «Гамлеті». Мұны 1931-жылы Мәжит Дәулетбаев аударды. «Гамлетте» кездесетін кісі аттарының өзі тіліміздегі үндестік заңына бағынып – Марцелл-Марцелей, Горацио-Гарацин болып өзгеруін, қазақ ұғымында жоқ Король-хан, Королева ханша болып «қазақылануын» да сөз

¹ Н.В.Гоголь. «Үйлену», Қызыл-Орда 1928. 41-бет.қараңыз.

қылмақ емеспіз. Бұлай аударылуы теріс, алайда алғашқы кезде мұндай жансақ ойлар болды ғой. «Паровоздың», «қара айғыр» велосипедтің-шайтан арба» болуы да мезгілдің жемісі. Әрине, Королева – Ханша болуы мүлде қате, өйткені Ханша – ханның әйелі емес, қызы ғой. Ханың әйелі Ханым болар еді.

«Неудачно придуманное русское слово для выражения чуждого понятия не только не лучше, но решительно хуже иностранного слова. Говорят, для слова прогресс не нужно и выдумывать нового слова, потому что оно удовлетворительно выражается словами: успех, поступательное движение и т.д. С этим нельзя согласиться»¹ - депті В.Г. Белинский. Әрі қарай осы ойын кеңейте барып ұлы сыншының «қажетсіз шет сөзді алу қандай зиянды болса, реті келгенде алмау да сондай зиянды, өйткені сынарезуліктің түйсетін теңірегі бір болады» - деген еді. Орыс тіліне баяғыда «галоши» мокроступ болып аударылған, оны орыс тілі қабылдамай қойды. Сөйтіп, прогресс, галоши т.басқа сол сияқты сөздер өз орнын тауып еріксіз кірді.

Біздің қазақ азаматтары кейде паровозды орынсыз аударып, кейде өз тілімізден орыс тіліне сіңіп, түрі өзгеріңкіреп кеткен «арқалықты» (арқаға жамылатын желбегей тонды) «архалук» деп термин етіп алатыны да бар. Бұләдісті «өлі жандарда» Ә.Илмагамбетов қолданды. Орыс тілінен классиктерді аударғанда украиналықтар «Барин, сударь, господинді» өз қалпында алыпты, соны зерттей отырып Алексей Кундвич «переводческая мысль и переводческое недомыслие» - атты мақаласында, («Вопросы худ.перевода» атты кітаптың 240-242 – беттерінде) – «Барин – пан, сударь добродій, гоподин – пан (синониммен келтіріп(()), сөйтіп – «А знаете, сударь ваш-то господин большой барин» - деген сөйлемді «А знаете, добродію, оцей ваш приятель – велики пан» - деп аударарды. «Бұл жеке сөздер, ерекше ұғым емес» дейді.

...Аударма әр елдің өз тіліндегі әдебиеті, өз мүлкі болсын. Алайда өткен дәуірдегі жазушылардың бетіне осы заманның бояуы жағылмасын. Сонда да әлгі аударушының кім екенін, қай дәуірдің адамы екенін оқушы да, сыншы да тани алады, өйткені аударушы

¹ В.Г.Белинский. – 3 – томдық шығармасы, М.Гослитиздат 1948-ж.ШШШ-том. 769-бетінде.

көшірмеші емес, ол өз заманның тілін, мұң-мүддесін ұғына алатын адам...¹ – дейді С.Маршак.

«Аударма екі түрлі болады, бірі - шетелде, шет тілде жазылған шығарманың мазмұнымен өз оқушысын таныстыру, екіншісі – сол шет тілдегі шығарманы өз тілінде бұлжытпай беру, қайта жасап шығару – дейді И.С.Тургенев².

Рас, уақыт озған сайын тіл де, талғам (вкус) да өзгеріп, өсіп отырады. Ендеше, олар да – аударма сол өскен заманың өз тіліне, өз талғамына сай болсын дегенді қуаттайды. Сондықтан да Гомер «Илиадасында», «егіз көзім» (волоокая) десе, Гнедич оны өзгертпейді, өйткені грек тілінің жан құбылысын бұлжытпай Гомер өзінше берді дегенді тірек етеді. СОЛ бағыттан аса алмай 1934-жылы Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл-атын» аударғанда Михаил Баталов та:

«...мөлдір көз, алтын айдар, жібек жалым

Бүгілген құмырсқа бел серке саным!».

деген жолдарын орысшаға:

«...С шелковой гривой, с чубом золотым,

С муравьиной талией, мой серке-саным!»³

деп аударды. («Серке санымды» С бедром степной сайги» деп алмады).

Ендеше, көркем аударманың негізгі қиындығы – екі тілдегі ұғымның шалғайлығында. Сол шалғайлықты «қиядан қиыстырып» беру аударушының шеберлігін тілейді. Ұлы ақынымыз А.С.Пушкин де «аударушылар мәдениетті таситын почта аттары⁴» деп тегін айтпаған болар. Сол шалғайлық бір тілден екінші тілге өз қалпында берілу керек – аударма тілінің мүмкіндігі сонда күшейеді. Ал, «зритель» тәрізді сөздерді термин етіп алудың қажеті шамалы, өйткені ол «көрермен» болғанынан ешнәрсе ақсамайды. «Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп» - деген мәтел өзімізде де бар ғой. Бұл қалыптасып кететін норма...

¹ «Литературная газета» 1959, 4) IV. № 41.

² И.С.Тургенев: Собр.соч. т.XI, стр.9.

³ Сейфуллин С. «Қызыл-Ат» -перевод Талжанова С. Худ.обработка и редакция М.Баталова. А.1934, стр.20.

⁴ Переводчики – почтовые лошади просвещения.

Әрине, аудармада ұшырайтын кемшіліктер ұшан теңіз. Бұл жөнінде сонау «Айқап» журналында 1915-жылы Сәкен Сейфуллин алғаш алған әңгіме көтерді, содан бері қарай күні бүгінге дейін толастамай келеді. Орыс әдебиетінде де аударма мәселесі он сегізінші ғасырдан басталып еді, сол әлі аяқтап біткен жоқ, бітпейді де, өйткені аударма әдебиеті әр дәстүрге, халық өміріне, оның өскелең тілегіне сай өсіп, жаңарып, түлеп отырады.

Дәлін айтқанда қиындықтың ең зоры – екі халықтың әдет-ғұрпына, өмірден түйген тәжірибесіне, қалыптасқан ұғымына байланысты болады: солардың арасын білдірмей біріктіріп, тігісін жаттықтыру – аударушының шеберлігінен туады. Олай істеу үшін аударушы оригиналды оқығанда өз тілін, ал соны аударма бастағанда оригинал тілін ұмытып отыру керек. Едеше, аударушы екі тілді де, оның ішкі әдемілігін – өмір шындығын қапысыз түсінсін. Адамзаттың данышпаны К.Маркс пен Ф.Энгельстің көркемөнер жайындағы айтқан пікірін естен шығармаған жөн:

«...Так новичок, научившийся иностранному языку, всегда переводит его мысленно на свой родной язык: дух же нового языка он до тех пор себе не усвоит и до тех пор не владеет им свободно, пока он не может обойтись без мысленного перевода, пока он в новом языке не забывает родного...»¹ деген екен. Осы жағын ескерте кетіп, енді қазақ тіліне аударылған Гамлетті шола кетейік. Ең әуелі айтатынымыз, Гамлеттің сөзі де, өзі де бұл аудармада жоқ, көп жерін аударушы түсінбеген. Бұл қазір Гамлетті орысша тілге аударушының бірі Анна Рудова (1938-ж) мен қазақшаға аударған Мәжит Дәулетбаевтың (1931-жыл) салыстырайық, әрине, Мәжит Дәулетбаев Вронченкодан аударған екен. Оны Мәжит өзі жазыпты, «мен Бораншенкеден аудардым» - депті. Қазақ тілінде «В» дыбысы жоқ, екіншіден екі дауыссыз дыбыстап – «вр» - тағы сондай ос дыбыстан сөздің басталуы ескі тіл нормасында жоқ еді, сондықтан да біз «стол» ды «үстел» - деп алғанбыз. Данияның королі Клавдий өзінің туған ағасын (Гамлеттің әкесін) өлтіріп, Гертруданы (Гамлеттің шешесін) алады да, өлген ағасының орнына король болып таққа отырады. Қазір Гамлет шешесінің күйеуге шығатын тойына кездеседі, Виртембергте оқып жүрген жерінен келеді. Осының алдында Офелияның ағасы

¹ К.Маркс. И.Ф.Энгельс. Об искусстве т.І. М.1957 г.стр.130.

Лоэрт сапарға барам деп ұлықсат сұрайды, король оған ұлықсат береді де Гамлетке бұрылып:

Король: А ты, мой Гамлет, мой племянник милый.

Гамлет (в сторону) – «племянник пусть, но уж никак не милый» (10-бет)

Король – Ты все еще окутан прежней тучей?

Гамлет – О нет, мне даже слишком много солнца.

Королева – Мой милый, Гамлет,

Сбрось свой черный цвет,
Взгляни, как друг, на датского владыку,
Нельзя же, день за днем, потупив взор,
Почившего отца искать во прахе;
То участь всех: все жившее умрет
И сквозь природу в вечность перейдет.

Гамлет – Да, участь всех...

Королева – Так что же в его судьбе

Столь необычным кажется тебе?

Гамлет – Мне кажется? Нет, есть. Я не хочу

Того, что кажется. Ни плащ мой темный,
Ни эти мрачные одежды, мать.
Ни бурный стон стесненного дыханья,
Нет, ни очей поток многообильный,
Ни горем удрученные черты
И все обличия, виды, знаки скорби
Не выразят меня, в них только
Только, что кажется и может быть игрою;

То, что во мне, правдивей, чем игра;

А это все – наряд и мишура.»

Осы бір кезенді жерін әдейі түгел алдық. Гамлет пен өгей әкесі Клавдий, шешесі Гертруда үшеуінің ортасындағы ылғалды жағдай осы арада алғашқы түйінді жасайды. Король мен Гертруда екеуі өздерінің істеген қылмысын Гамлетке білдірмеудің қамында. Гамлет бұған сенбейді. Оның жүрегінде шүбелену бар. Ағылшын тілін білмесек те, орысша оқып отырғанда осы үзіндіден Гамлеттің кім екені көрініп, шешесі мен өгей әкенің сыры ашылып-ақ қалады, ал енді осыны аударған Мәжиттің сөзін оқып көрейік.

Хан – (Гамлетке мойнын бұрып) Қарағым, туысқаным әрі балам...Гамлет! Ендігі сөз сен туралы болмақ.

Гамлет (сырт бұрылып) балаң болуға кішірекпін, туысқаның болуға азырақ зорырақпын (!)

Хан – Бетіңді неге қайғы бұлты сырып тұр?

Гамлет – Күндей күлімсіреп тұрған қуанышқа жақын тұрып, қайғы бұлтына бетімді сырғыза алам ба, тақсыр?

Ханыша – Қайғыны бойыңа үйір қылма. Ханға жақсы бетіңмен кара! Жерге қадала қарап кімді, нені іздеп тұрсың? Біздің сыбағамыз осындай, барлық тіршілік өткендер өшпек.

Гамлет – Н, ханыша, барлық тіршілік өткендер өшпек. Біздің сыбағамыз осындай...

Ханыша – Оны білсең, әкең үшін неліктен уайым жейсің? Сенің әкеннің өшкендігінен жаратылыстың заңы өзгерген бола ма? Ол баяғыдан бері жасап келе жатқан бір заң. Қайғылы түрінді көрші.

Гамлет – Менің не ойлап тұрғанымды таптыңдар (!) Бірақ, ол қайғының нендей күйде тұрғандығын еш адам білмейді, оны білемін деп әуре болу бекершілік.

Бұл аударма емес, құр долбар. Түсінбеуде, түсінген жерін бере алмау да осында! Әйтеуір сүйсінерлік нәрсе – Гамлет қазақ тілінде деген ат бар, Алғашқы адым жасалды.

Қорыта айтарымыз, «Гамлеттің» қайта аударылуы жөн.

Біз әңгімені үнемі классиктер аудармасының төңірегінде де құрырып отырмыз, өйткені жаңа өсіп келе жатқан жас әдебиетімізге үлгі керек. Сол үлгі боларлық классиктердің аудармалары көңілдегідей шықса – міне, біздің ұлы мақсатымыз сонда орындалмақ.

Біздің қазақ тіліне 1953-жылы заманымыздың көрнекті ақыны Тайыр Жараков Грибоедовтың «Ақыл азабын» аударып күрделі еңбек жасады. Бұл шығарма орыс тілінің бар байлығын бойына жинаған, әрбір сөйлем ел аузында мәтел болып кеткен зор монумент. Бірден мұны қазақ тілінде көңілдегідей етіп бере қою да оңай сауда емес! Әрине, 1840 жылдарды Шекспирдің, «Гамлеті», Шиллердің «Вильгельм Телі – Гетенің «Фаусты» орыс тіліне, Тургеневтің «Записки охотникасы» француз тіліне аударылды. Бұлар мезгілінде таяқ жеп осы күні өлген аудармалар. Кейінгі ұрым-бұтақ солардан сабақ алып, өз заманына сай етіп қайта-қайта аударып келеді. Міне, сондай-ақ бізде де классиктерді бір рет қана аударып қоюға мүмкін емес. Оларды жеріне жеткізгенше аударма беру игілі іс. Сондықтан біз Тайыр аудармасының сәтті шыққан жерлерін өз мүлкіміз есебінде қуана құптаймыз да, кемдеу соққан жерлерін баса көрсетіп, келешектегі аудармасына көмегімізді тигізуді орынды деп таптық.

Классиктердің шеберлігі – олардың кейіпкерлері өмірде екінші қайталанбайды. Әрбір кейіпкердің сөзі өзіне лайық, бойына шақ тұрады. Мысалы: Анна Каренина сөйлейтін сөзді София сөйлей алмайды: Екеуінің дәуірі де, өмірге көз қарасы да, білімі де екі басқа. София түгіл әкесі Фамусовтың өзі де «тұмсығының түбіндегіден әрі» - еш нәрсені көре де, сезе де алмайды. Міне сол София: «По смутном сне безделица тревожит» десе оны Тайыр: «Бұлдыр түске ермексіздер сенеді» деп аударды. София түске сенбейтін адам тәрізді сөйлейді. Расында олай емес, «бұлдыр көмескі түс көргенде болмашы бірдеңелер да мазаны кетіреді» - деп тұр. «Куда как жил! И весело мне страх выслушивать о фрунте и рядах, -» (17-стр.) дейді тағы София. Мұның алдында әскери адам полковник Сколозубты Лиза мақтайды. Сонда София: Шіркін-ай сүйкімді-ақ екен! Қырғын жорық, құрылған сап, қызығып отырсам–ау соны тыңдап?! – дейді, Осы кекесіні күшті сөздерді, аударушы: «Онан да, майдан жайлы қорқынышты әңгімеден, Мен әлде қайда қуанып көңілденем» (22-бет) деп мүлде теріс береді. «Страх» деген сөз бұл жерде «қорқыныш» емес. «Боюсь сударь, я одного смертельно, чтобы множество не накоплялось их,

Дай волю вам, оно бы и засело;

А у меня, что дело, что не дело, обычай мой такой:

Подписано с плеч долой» (стр 16).

Тәрбиесіз топас, білімсіз надан бай Фамусов өзінің хатшысы (малайы) Молчалинге айтып отыр, ал Молчалин қожасына (Фамусовқа) келгенде «қатынас қағаздар бар, соларға қол қойғызуға келдім» деген болатын. Мұның қазақша айтқанда ойы былай шығады:

Шырағым, мен бір-ақ нәрседен өлердей қорқам,

Әйтеуір осы қағаздар жиналып қалмаса екен деймін,

Сіздің еркіңізге қоя берсем, істің бәрі жатып қалар еді;

Ал менің дағдым мынадай:

Ол іс пе, іс емес пе, оған қарамаймын:

Қол қойылды-ақ, мойным басады деп білем» - дейді.

Фамусовтың кім екенін осынша шебер көрсеткен Грибоедовтың ойын Тайыр былай аударарды:

Тақсыр! Мен, сондай оның шатағын,

Көбейіп кетеме деп қорқамын.

Сіздің еркіңізге берсе жымдасар еді бәрі де!

Маған оның ісі не, іс емесі не?

Менің әдетім сол-ақ.

Қол қойылды-ақ, көзімнен аулақ!

Біріншіден «Сударь» «Тақсыр» емес, және Фамусов хатшысы Молчалинге айтпайды. Сонсоң «сіздің еркіңізге берсе жымдасар еді бәрі де (қисына келе кетер еді) деу де жансақ ұғыну болар. «Пописано с плеч долой!» - «қол қойылмады-ақ көзімнен аулақ!» ұйқас үшін келген, жасанды сөйлем. Алайда, бұл жерін түсініп аударған, тәуірде де шыққан.

Туған қызы София Молчалинмен бірге тұрған жерінде Фамусов үстінен шығады. Осы уақиғаға Фамусов ашына сөйлейді, қаңғырып

жүрген сорлы Молчалинді Тверьден алып келгендігін, ассессорлық шен беріп қатшы етіп алғанын, осылай көмек бермесе оның Тверьде сорлап жүретінін айтады. Осының алдында ашуланып отырып заманының бұзылғанын, қыздардың да шағына жетпей-ақ көп нәрсені біле бастағанын оған өзінің де себеп болғанын, зілді кекесінмен айтып өтеді:

«Берем же побродяг, и в дом, и по билетам,
Чтоб наших дочерей, всему учить, всему –
И танцам! И пению! И нежностям! И вздохам!
Как будто в жены их готовим скоморохам.
Ты, посетитель, что? Ты,, здесь, сударь, к чему?

(12-13 – стр.)

мұның қазақша ойы былай тәрізді: «Біз үйде тұрып, не сырттан келіп оқытатын мұғалімдерді жалдаймыз, сонда қыздарымызды бар нәрсеге үйретсін дейміз, - Биге де! Әнге де! Наздануға да! Күрсінуге де үйретсін дейміз-ау! Қыдырма артистерге әйел дайындайтын тәріздіміз сонда: көлденең көк атты-ау, сен не бағып отырсың? Шырағым-ау, Сен мұнда немді бітіріп отырсың? – деп күйзеледі. Фамусов бұл жерде өзін тілдейді.

Тайыр мұны былай аударарды:

«Қаңғыбасты аламыз жалдап үйге,
Үйретсін қыздарды бәріне де,
Үйретсін деп қалайша күрсінуді,
Әдепке де, биіне, әніне де,
Қызды бейне өсіріп тұрғандаймыз
Диуналарға әйел ғып беруге де,
Сен өзің бір жақтан келіп отырған кісімісің, несің?
Сен осында не үшін тақсырсың? (15-16 бет)

«Побродягті» - қанғыбас (бродяга) деп аударарды, ол ескі Фамусовтың тілінде (учителя) мұғалімдер деген сөз, осы жерде «и в дом, и по билетам» – деген сөз айтылғаннан кейін, бұл сөздің мәнісін аударушы іздеу керек еді. «Әдепке де! Нежностям» - деген сөздегі тұспал әжуаны бермейді. «Диуаналарға» - «скоморохам»-ға келмейді, қазақша - «қыдырма артистер» деген сөз. Сондықтан да Фамусов «ты, посетитель, что – «сен театрдың көрерменімісің? – деп отыр ғой. «Скоморох» - болаған жерде «посетитель – зритель» заңды тұр. «Ты здесь сударь, к чему?» - деген сөйлемді «Сен осында не үшін тақсырсың? – деу де текстті теріс ұғынудан туған.

Осыдан төрт жыл бұрын шетелге кетіп қалған, бұрын Софиямен бірге оқыған, жасынан бір жерде тәрбие алған, Софияға ғашық болған Александр Чацкийді Лиза мақтап сөйлейді, сонда: «Александр Ануреевич Чацкий тәрізді сезімтал, өткір тілді, көңілді адам жоқ!

Мұны айтқанда мен сіздің мазаңызды алу үшін емес, ежелгі өткен нәрсе қайта оралмайды ғой. Әшейін есіме түсіп тұр» - дейді. Осыған София былай жауап береді:

«Что помнится? Он славно

Пересмеять умеет всех;

Болтает, шумит, мне забавно;

Делить со всяким можно смех. – десе (18 стр.)

«Несі есінде? Ол үздік еді,

Жұртты күлдіру де қолынан келеді.

Сөйлейді де, әзілі де маған қызық еді,

Күліп ойнауға әркіммен де бола береді» (23 б) дейді.

«Пресмеять» - күлдіру емес – мазақтау, келемеждеу, тәлкек ету.

Лиза:

И только? Будто бы? – Слезами облизался,

Я помню, бедный он, как с вами расставался. –

«Что, сударь, плачете? Живите-ка смеясь...»

А он в ответ: «Недаром, Лиза, плачу:
Кому известно, что найду я воротясь?
И сколько, может быть, утрачу!»
Бедняжка будто знал, что года через три...

(18 стр)

Аудармасы мынау:

«Ол ол ма? Жасын төгіп көзінен
Бишараның қалай айрылсқаны әлі есімде өзіңмен
Тақсыр неге жылайсың? Күлумен өт –
Дегенімде – ол тұрып былай деп ед.
Ай, Лиза-ай, жыламасқа бар ма амалым,
Қайта айналып келгенде не табамын?
Қаншалық ойдағымды жоғалтармын»
Деп еді, бишара, үш жылдан соң ораларын... (23 бет).

«И только? Будто бы?» - «Сол-ақ па? Бар болғаны ма?» деген ойды
«ол ойма ма? « - дей мүлде бұзу. «Сударь» - бұл жерде де тақсыр
емес тәрізді. Осы жерде «қалқам-ау, мырза жігіт-ау» десе қайтер еді.

«Не даром, Лиза, плачу:
Кому известно, что найду воротясь?
И сколько, может быть, утрачу» -
Бедняжка будто знал, что года через три.

Деген сөйлемнің қазақшасы.

«Лиза-ау, мен тегін жылап тұрғам жоқ, Әлі қайта айналып
келгенде немді жоғалтып, не табарымды кім білсін! (оған кімнің көзі
жетеді) Сорлы-ай, үш жылдан кейін не боларын білген екен ғой...»
(Софияның Молчалинді сүйіп кеткеніне жылға жақын, Лиза соны
ишараттап тұр).

Енді Фамусов пен Чацкий сөйлеседі, сонда өткенді мақтап, бүгінгі жастарды шенеп Фамусов:

«Кто слышит при дворе приветливое слово?»

Максим Петрович! Кто перед всеми знал почет?

Максим Петрович! Шутка!

В чины выводит кто и пенсии дает?

Максим Петрович. Да!

Вы нынешние – ну – тка! (34 стр.).

Аударушы:

Және ол сарайда кім жылы сөз естуші еді?

Максим Петрович.

Жұрт алдында кім құрметті? Максим Петрович. Оңай ма? (дұрыс аударылып тұр) Чинді, пенсияны кімге береді?

Максим Петровичке. (Бұл теріс, чинді, пенсияны кім береді? Максим Петрович береді, өйткені бұл патшаның сүйген құлы). Ал, сіздерше, қазіргі. –

Осы күнгі сіздерден не өнеді!? (42-бет) Бұл сөйлем де жансақ ұғыну.

Да! Вы нынешние, ну – тка! –

«Я, я! Қазіргі сіздер, қане сондай болып көріңіздерші!» деп тұр.

... Тағы ескерте кетейік, «Ақыл азабының» қазақшаға аударылуы игілі іс. Бұл аудармада кемшіліктің болуы да заңды. Осындай әр кемшілігімен қатар мұнды тәп-тәуір аударылған да жолдар бар. Алайда, осы шығарманы өлеңмен аудармай, қара сөзбен аударса дұрыс болар еді. Содан кейін барып, өлеңмен қайта аударса. Орыс тіліндегі «Гамлеттің аудармасы да осы тағдырды басынан кешірген болатын. Әрі қарай: «Служить бы рад, Прислуживаться тошно» «қызмет етуге әзірбас, жағымпаздануға жаным қас» (40-бет).

Осы сөйлем дұрыс тәрізді, бірақ мұны артық сөз қоспай, тура айтпай былайша: «Қызмет істегім-ақ келеді, Бірақ жағынудан жаным

жиіркенеді.» десе дұрысырақ болмас па еді? Қорыта айтарымыз, Грибоедовты, оның ішінде мәңгі жасап келе жатқан «Ақыл азабын» қазақ тілінде өзінен аудармай дәл беруіміз керек. Ол мақсат орындалмаған.

Жұрттың бәрі түсінбейді, сақитып аударған, Мұхтар Әуезов мұны ерекше әдіспен аударған, сондықтан «Дворян ұясы» сәтсіздікке ұшыраған. Өзінің романы «Абай» тәрізді етіп жазбаған, тіпті «Отелло», «Асауға тұсау», «Ревизорлар» сықылды да емес деп күңкілдейтіңдер бар. Енді сол «Дворян ұясынан» келтірейік:

(И.С.Тургеневтің «Дворянское гнездо» романы (156 – бет)

М.О. Әуезовтың «Дворян ұясы» - 1949 ж. (156 бет)

Тургенев: «Вошел человек высокого роста, в опрятном сюртуке, коротеньких пантолонах, серых замшевых перчатках и двух галустуках – одном черном сверху, другом белом снизу. (6 стр.)

(Сергей Петрович Гедеоновскийдің кескіні осы)

Әуезов: «Үйге ұзын бойлы адам кірді, үстінде таза сюртугі бар, шалбары қысқа, сұр ұлпадан перчатка киген және біреуі қара, біреуі ақ екі галустук тағыпты» (5 – бет). Осы аудармада Тургеневтің ойы түгел берілген. Екі сөзі ғана шығып қалған: қара галстукті «үстінен», ақ галстукті «астынан салды деген екі сөз: «асты», «үсті» осыларды алмауының өзі дұрыс, өйткені сөйлем шұбалып кетеді, оның үстіне дыбыс екпіні ол екі сөзге тіреліп те тұрған жоқ. Аударма ол екі сөзді тастап кетуден ұтылмаған, Тургеневтің ойы бұзылмаған.

Марья Дмитриевна, Марфа Тимофеевна, жаңа ғана үйге кірген Сергей Петрович Гедеоновский үшеуі сөйлесіп отыр. Сонда Марья Дмитриевна: «Нет ли чего новенького?» - деп сұрайды. Бұл сұраққа Сергей Петрович: «Как не быть-с, как не быть-с, возразил гость, медленно моргая и вытягивая губы» (6 стр.)

Әуезов: «Немене жаңалық жоқ па? – Неге болмасын, неге болмасын, деп қонақ кірпігін жай қағып, ернін соза сөйледі» (6 бет). Артық кемі жоқ дәл түскен. Осыдан бірнеше жыл бұрын аударған «Ревизор» да Мұхтар Әуезов «Так-с» деген сөзді «солай-с» деп те аударып еді, ол әдістен бұл жерде қол үзген тәрізді.

-Лаврецкий Федор Иванович приехал. (Сергей Петровичтің жаңалығы осы)

-Федя воскликнула Марфа Тимофеевна. – Да ты, полно, не сочиняешь ли, отец мой. (6 стр.)

Әуезов: «Лаврецкий Федор Иванович келіпті. Марфа Тимофеевна таң қалып:

-Федя! Немене, жаныңнан шығарып отырған жоқсың ба, Әкем-ау? – деді (8 бет). Осы сөйлемде Мұхтар Әуезов «Марфа Тимофеевна таң қалып» деген сөздерді «Федя!» - деген сөзден кейін қойса, аударма бір беткей болар еді. Оның бер жағында мына «Федя» сөйлесіп отырған Сергейге тән тәрізді. «Әй, өзің не дейсің?» - деген мағына туып тұр. «Федянің» - Федор Иванович Лаврецкий екені анық емес. Сірә, бұл жерде «Федя» деуден көрі «Федя келіп пе?» немесе «Федяні айтасың ба?» - деген тәрізді етіп, Марфа Тимофеевнаны таңыртқатса дұрысырақ болар еді.

Әрі қарай: - «Елене Михайловне наше нижайшее, проговорил он и, отойдя в уголок для приличия, принялся сморкать свой длинный и правильный нос» (8 стр.)

Әуезов: -«Елена Михайловнаға біздің құрмет! – деді, содан соң үйдің бұрышына қарай барып, әдеп сақтап, сырт айналып, өзінің түзу біткен ұзын тұмсығын ұстап сіңбіре бастады. (8 бет) қалған сөз де жоқ, автордың ойы түгел берілген, аударушының өз әдісі де сақталған. Әрине, «құрмет» деген сөздің орнына «Елена Михафловнаға бізден бір сәлем» деп аударса тәуір болар еді. Тағы да: «Паншин твердо верил в себя, в свой ум, в свою проницательность; шел вперед смело, и весело, полным махом жизнь его текла как по маслу.» (11-бет)

Әуезов: «Паншин өзінің ақылына, қырағылығына қатты сенетін; ол алға қарай батыл басып, еркін құлаштап келеді, өмірде сүт үстінде қаймақтай» (10-бет).

Дұрыс берілген оның үстіне орысша «жизнь его текла как по маслу» дегенді қазақша Абайша айтып отыр.

«Қаймақ еді көңілімде

Бізге қаспақ болды жем»

«майдың орнына қаймақты алуы да дұрыс, бірақ «сүт үстінде» - көмейге көлденең тұрады екен, «Сүттің бетінде» дұрысырақ болар еді.

Көркем сөздің иесі И.С.Тургеневті, көркем сөздің иесі М.О.Әуезов та жете түсініп, меңгере билеп аударған. Алайда, кей жерлерінде сөзбе-сөз беруге тырысып, осы күнгі оқушыға бейімделмей, түпнұсқаны қуалап кеткені байқалады. Екі тілдің грамматикалық құрылысы сәйкесе бермейтінін түсіне тұрып елемегендей, өйткені тәжірибе есебінде (эксперимент) аударылған сияқты. Оның үстіне М.О.Әуезов осы әдіспен көңілдегідей берген күнде да мұны басқа аударушыларға үлгі етіп тартудан, әзірше сақтанған жөн.

Пушкин мен Лермонтовты Абайдан кейін аударғандар да келтіре кетелік.

А.С.Пушкиннің

Шестнадцать лет, невинное смирение,
Бровь темная, двух девственных холмов –
Под полотном упругое движенье,
Нога любви, жемчужный ряд зубов¹,-

деген өлеңін 1936 – жылы ақын Ілияс Жансүгіров:

«Момақан, күнәдан пәк, он алты жас,
Меруерт тіс, сүйкімді аяқ, қоңырқай қас.
Көкіректі көтеріңкі: көрсеткендей,
Қозғалар қос қыз алма болар болмас»²,-

деп аударады. Осы жолдарды 1949 – жылы ақын Қалижан Бекқожин:

«Мүләйім, он алты жас, күнәдан пәк,
Қоңыр қас, меруерт тіс, мінсіз аяқ.
Қозғалған әрең ғана кеудесінде
Томпиған қыз алмасы қос құздай-ақ»¹,-

¹ А.С.Пушкин. Поэм. ГИХЛ. М.1936, стр.127.«Гавриилиада».

² Пушкин. I-том. А.1936-ж. 191-бет. «Жебірейіл –нәмә»

деп береді.

Қазақ тіліне аударылған осы екі үзіндіні тексеріп өтелік. Ілияс «Невинное смиренъені» «Момақан» десе, Қалижан оны «мүләймсітіп» - өте мекер етіп жібереді. «Под полотном» екеуінде де жоқ, алайда, оның жоқтығы білінбей де кеткен. Ілияс «Двух девственных холмовты» «қос қыз алма» - деп әр біреуін жеке түбірінде алып, біріне-бірін қиюластырмай жасайды сөз тіркесіне барған, олай етпесе буыны артылып кетеді де, өлең құрылысы бұзылады, ал Қалижан «қыз алмасы қос құздай-ақ» - деп ұйқасын келтірген, бірақ «холмды» «құз» деп түсінуі өрескел шыққан. Ал енді, «Упругое движеніені» - «қозғалған әрең ғана» деген соң «құздай-ақ» - деу сезу мөлшерінен сырт кетеді. «Құз» дың қозғалуы да қиын ғой! Бұл жерде Ілияс «болар-болмас» деп ұтымды айтқан тәрізді. «Қос құздай-ақ» - дегенде епетейсіз үлкен емшек көз алдыға келеді. Құдай сүйген Марияның «қос алмасын» - «қос құздай» демей, «иттің басына» теңеудің өзі де сол құдайдың жүрегін айнытуға мүмкін. Оның бер жағында қазақ оқушылары орыстың ұлы ақынына мін тағуы да кәдік. Әйтеуір екеуі де еркін кетпеуге тырысқан. Кемшілігі бола тұрса да адал еңбек жасаған. «Пушкинді дәл аударушылар бола берер, бірақ...оның романының ішіндегі үлкен ой, сирек сезімдерді Абайша жеткізіп, көріктеп беру, көп табыла бермес»² - дейді жазушы академик Мұхтар Әуезов. Мұны алдында ол Абайдың «Онегинді» аударуына т о қ т а л а д ы. Сонда Пушкин көрсеткен опасыз жігіт «Онегинді» Абай шыншыл, опалы етіп көрсетеді, кездей соқ жағдай ғана себеп болып, Татьянадан Евгений аңдаусызда айрылып, өкінішке ұшырайтын тәрізді. Абайдың осы тәсілі өз оқушыларының тілегімен тәрбиелік, ағартушылық идеясымен астасады» - деп дәлелдейді.

Енді бір мысал, М.Ю.Лермонтовтың:

«...Глядел в раздумии глубоко,

Когда на деревне высоком

Певец незримый напевал

Веселье, радость и свободу,

Как нежно вдруг ослабевал,

¹ Пушкин. «Таңдамалы шығармалары» - А.1949 ж.193-бет, «Жәбрейіл-нама»

² Мұхтар Әуезов. «Әр жылдар ойлары» А.1959. 157-бетін қараңыз.

Как он, треща, свистал, щелкал,
Как по лазаревому своду
На легких крыльях порхал,
И непонятное волнение
В душе я сильно ощущал...»¹-

деген өлеңін ақын Қажым Жұмалиев:

«Жүргенде түпсіз терең ойға шомып,
Биікке бір бұтаққа бұлбұл қонып,
Жырлады: еркінді пен шаттық күйін,
Тыңдадым көрмесем де көңіл толып.
Жырлады ол: асқақтатып, баяулатып,
Ысқырып, шықылықтап, жаяулатып,
Төсіне теңбіл көктің өрлей ұшып,
Қанатын қалтыратып баяулатып.
Шырқады, шырылдады дамыл таппай,
Отырдым мен қалың ой-мұңға батып,
Бойымды белгісіз бір билеп күш,
Өн бейне жібергендей жанды оятып»²- деп

деп береді. Өзі «еркін аударма» деген екен. Шынында да еркін зерлері бар. Бірақ осы жері өте дәл келген. Бұл үзіндідегі кемшілік «баяулатып» -тың екі рет қайталануы, тағы өзі бір шумақта, ұйқаста келген. Лермонтов текстінде «Соловей» - дің аты жоқ, өзі бар. Жұмалиевте «бұлбұл» тура аталып тұр. Мұнысы да дұрыс.

Самуил Яковлевия Маршак У.Шекспирді аударған екен, сол аудармаға Валентин Берестов жазған «Судьба девяностоого сонета» атты мақаласында. «...в текст перевода может войти то, что не будучи

¹ М.Ю.Лермонтов. II том, 1959, Изд.АН СССР. Москва-Ленинград. Поэма- «Корсар» - стр.42.

² Қ.Жұмалиев. «Қырдағы күрес». «Қарақшы» - 180-181 беттерін қараңыз.

названным, присутствует в оригинале. А то, что прямо названо в тексте подлинника может уйти в подтекст перевода»¹ - дейді. Ендеше, оригиналдың подтекстінде тұрған «бұлбұл» аудармада тура аталған ғой. Тағы сол мақалада «Если ты оставишь меня, не будь последней из оставляющих»... деген Шекспир сөзін Маршак: «оставь меня, но не в последний миг» депбереді. Қандай әдемі, қандай дәл! Қажымның екінші бір ұтымды жері, ол өз аудармасында фольклор дәстүрін пайдаланған сияқты.

«Ән салсаң өзімдей сал баяулатып,
Ер жігіт мал табады жаяу жатып,
Тұсынан ауылыңның ән шырқасам,
Тыңдай бер сен әнімді ояу жатып», -

дейтін ескі қара өлеңнің жаңарған түрі осы жерде орнын тапқандай. Тағы сол М.Ю.Лермонтовтың «Бородино» атты өлеңін ақынымыз Ғали Орманов аударыпты, сонда:

«Скажи-ка, дядя, ведь недаром Москва, спаленная
пожаром,

Французу отдана?
Ведь были ж схватки боевые?
Да, говорят, еще какие!
Недаром помнит вся Россия,
Про день Бородина!...» - деген жерін:
«...Айтыңызшы, ата, маған,
Москва лаулап өртке жанған,
Тиген бе оңай французға?
Болыпты ғой қатты майдан,
Дейді тағы қандай болған!
Россей ол шықпайды ойдан,

¹ «Лиературнаягазета» № 113, 12/IX-1959.

Бородино әлі ауызда...» - деп аударарды.

Лермонтов текстінен алатын әсер, оның екпіні, жұрттың, сүйген жүректің жалынды дыбысы Ғали Ормановта шықпай қалған тәрізді. «Москванның өртке жануы французға оңай тимегендей» - болып, теріс ұғымғы соққан. «Ведь недаром» - «тегін емес қой» - деген ойды, «тиген бе оңай?» - деу бұрып жіберген. «Схватки боевые» - деген екпенді сөздер – «қатты майдан» - болып сұйылып кеткен. «Недаром помнит» - вся Россияны» - «Россей ол шықпайды ойдан» - демей «Бүкіл Россияның ұмыта алмауы тегін емес қой!» - болып келсе, әрине, өлеңнің ұйқасына зақым келер, алайда Лермонтовтың ойы түгел берілер еді. Заты, өлеңнің жақсылығы тек ұйқасында емес, терең ойында, өмір шындығын дәл беруінде. Ескерте кетелік, жақсы айтылған өлең мен жақсы айтылған қара сөздің айырмасы жоқ деп ұғамыз.

Революциялық заманның дауылпазы – совет дәуірінің асқақ жыршысы – Максим Горький қазақша қалай сөйлеп отыр екен, соны зерттей кетелік. Горький қазақ тіліне алғаш аударғандардың бірі Ғабит Мүсірепов болатын. «Әлімді жеңетін ана» атты әңгімесін алалық. Горькийде мұндай «Ана» деген әңгіме жоқ. Ол жиырма жеті (I-XXVII) ұсақ әңгімелердің басын қосып – «Италия туралы ертегілер» деп бір-ақ атапты. Соның IX-әңгімесінде Ақсақ Темір Көрегеннің қолына жаугершілікте түсіп кеткен баласын сонау Италиядан (Солерно түбінен) жаяу іздеп келіп, ашынған қажырлы ана Ақсақ Темір Көрегеннің үстіне басып кіреді де батыл сөйлейді:

«...Ведь у каждого есть мать, каждый чей-то сын, даже и тебя, старик, - ты знаешь это – родина женщина ты можешь отказаться от бога, но от этого не откажешься и ты, старик!... Отдай мне моего ребенка, потому что я мать и люблю его»¹ - дейді. Осы жерін Ғабит Мүсірепов та: «Әркімнің де анасы бар. Сен, шал, білесің бе, сені де әйел тапты. Сен құдайдан бас тарта аласың, ал енді анадан бас тарта алмайсың, шал!... Бер баламды өзіме қайтарып! Өйткені, мен анамын, баламды сүйемін!»² - деп қапысыз аударарды. Сол арада ақын Кермене ананы жақтай сөйлеп кетеді:

¹ М.Горький. Собр.соч. в 30 томах.Х-т.стр.43.М.1951 г.

² Ғ.Мүсірепов. «Таңдамалы шығармалары» III-том, 64-бет. А.1956ж.

«...Без солнца не цветут цветы, без любви нет счастья, без женщины нет любви, без матери не ни поэта, ни героя»¹ - дейді, осы жерін де Ғ.Мүсірепов:

«...Күнсіз гүл өспейді. Сүйсіз бахыт жоқ. Әйелсіз сүй жоқ. Анасыз ақын да болмайды, батыр да болмайды»² - деп мүлтіксіз дәл түсіреді.

Осы кезде Ақсақ Темір өзінің сүйікті ұлы Жәңгірдің өлгенін айтады, содан кейін ажалға шығып, неше жылдай жауласып келе жатқанын баяндайды – да:

« - Я, раб божий Тимур, говорю что следует! Вот – сидит передо мною женщина... Говорит она мне, как равному, и она не просит, а требует. И я вижу, понял я, почему так сильна эта женщина, - она любит, и любовь помогла ей узнать, что ребенок ее - искра жизни, от которой может вспыхнуть пламя на многие века.»³ -дейді.

« - Я, раб божий Тимур, говорю что следует! Вот сидит передо мною женщина... Говорит она мне, как равному, и она не просит, а требует. И я вижу, понял я, почему так сильна эта женщина, - она любит, и любовь помогла ей узнать, что ребенок ее – искра жизни, от которой может вспыхнуть пламя на многие века.»⁴ - дейді.

Осы сөздерін Ғ.Мүсірепов:

«...Мен тәңірі құлы Темірімін, тиісті сөзді ғана айтам. Міне, менің алдымда әйел отыр...Бұл әйел иенімен, тең адамша сөйлесім отыр, өтінбейді – бұйырады. Осы әйелдің неге мұнша күшті екенін түсіндім деп ойлаймын. Бұл өмірдің иесі, бұл ана, бұл ұлын сүйеді. Ұлын сүйі, ол ұлы өмірдің бір ұшқыны ғой. Кім біледі, ол ұшқыннан әлденеше ғасырға кететін жалын туар»⁵ - деп аударады.

Өңгіменің ақыр соңында Горький ойын былай түйеді:

«Все это – правда; все слова здесь истина, об этом знают наши матери, спросите их, и они скажут:

¹ М.Горький. На той же странице.

² Ғ.Мүсірепов. III-том. 64 б.А.1956 ж.

³ М.Горький. X том. 44 стр. М.1951.

⁴ М.Горький. 10-т. 44 – стр. М.1951.

⁵ Ғ.Мүсірепов. «Тандамалы шығармалар. III-том. 65-бет, Алматы, 1956.

-Да, все это вечная правда, Мы – сильнее смерти, мы, которые непрерывно дарим миру мудрецов, поэтов и героев, мы, кто сеет в нем все, чем он славен!...

«Поклонимся той, которая не утомимо родит нам великих! Аристотель – сын Ее, и Фирдоуси, и сладкий, как мед, Саади, Омар Хайям, подобный вину, смешанному с ядом, Искендер и слепой Гомер – это все Ее дети, все они пили Ее молоко, и каждого Она ввела в мир за руку, когда они были ростом не выше тюльпанов – вся гордость мира – от матерей!»¹ - деген жерін Ғ.Мүсірепов:

«Бұл шындық қой. Өйткені қай анадан сұрасаң да:

-Біз өлімнен күштіміз: біз дүниеге ақын да, ақылды да, данышпан да, ер де береміз. Өлім адам баласын құртуға тырысса, біз оны жеңіп, адам баласын көбейттік! – демей ме?!.

«Бас иейік те, құрметтейік те ұлы адамдарды тапқан ананы! Аристотельді де, Фердоусиді де ана тапты. Искендер мен соқыр Гомер де ананың баласы. Бәрін де дүниеге жетектеп әкелген ана. Ананың ұлы орны қашан да өзінікі!»² - деп береді.

Горькийдің өз манерасы, өзінше сөз саптауы алған тақырыбына сай, қолданған жалынды асқақ сөздері біртүрлі күшейіп, шыңға өрлеп шарықтай береді. Горькийдің романтикалық шарықтаған ырғағын Мүсірепов та әлсіретпейді. Өңгіме ертеде аударылған (1933), сондықтан да болар, Горькийдің кейбір сөздері қалып қойған. Салыстырмай оқығанда онысы білінбейді. Горькийдің бастағанда: «Здесь пойдет речь о железном Тимурленге, хромом барсе, о Сахиб-и- Керани...»³ деген сөздері мүлде жоқ. Горький: «А в середине их – палатка Гуругана – Тимура» десе, оны «бәрінің ортасында Ақсақ Темірдің ала шатылары» - дейді. Осы текстердің ішіндегі «Ленг» - (фарсы сөзі) қазақша «Ақсақ», «Сахиб- и – Керани» - «Қырандардың қожасы»; Гуруган – көреген» - деген мағынада. Горький шығыс өңгімелерінің стилін сақтауға тырысқан. Горький – «Кермани» - десе, оны «Кермене» - деп үндестік заңына бағындырған. Мұнда ойдың арнасы бұзылады. Осы аттық аяғында тұрған «И» - де үлкен мағна бар. Кермани, Исфгани, Кашгари – Ширази деген сөздердің

¹ М.Горький. X-том. 44-45-бет. М.1951.

² Ғ.Мүсірепов. Таңдамалы шығармалар. III-том. 64-67 беттерде. А.1956.

³ Ғ.Мүсірепов. Таңдамалы шығармалар. III-том. 64-67 беттерде. А.1956.

аяғындағы «и» - қазақтың «лық» жұрнағына келеді. «Кермандық, Исфандық, Қашғарлық, Шираздық» - тәрізді. Ал енді ол жұрнақтарды қоспаған күнде өзін тура алған жөн сияқты. Бір жерінде Горький: «Он строил высокие башни из костей побежденных народов» - (39 стр) десе, оны «жеңілген елдің сүйгенінен биік мұнаралы минарет, сарайлар салдырды» - (58 б) деп береді. Орыс тіліндегі «Минарет» - «Мұнарадан» - алынған – ғой. Екеуін қатар алу қажет емес еді.

Көлемді ойын келте қайырып, сықақ – әзілмен келегейлеп, із тастап отыратын орыс әдебиетіндегі Гогольдің шәкірті, көрнекті классик А.П.Чехов та қазақ тілінде сөйлеп отыр: сол Чехов шығармаларын аударғандардың ішінен:

уақиғаны қарапайым әңгімемен жеткізу, геройдың өз аузынан айтқызу Ғалім Ахметовке жеңіл тиетін тәрізді; көркем суретпен табиғатты анық көрсетуге, сол болатын уақиғаға бейімдеп жан құбылысын ашып беруге Әбжәміл Нұрпейсов шебер, Өткір әзіл қалжыңмен дер кезінде шымшып жіберуге Ы.Дүйсенбаев оңтайлы тұрғандай көрінеді.

Әдебиетімізде белгілі аты бар әлгі жазушылардың басқа, Чехов шығармаларын аударғанда кейбір белгісіз авторлардың да талай сәтті жолдарын ұшыратамыз. Мысалы: «Унтер офицер Пришибеев» сот алдында тұрып:

-Слушаю-с! Хрипит унтер, - Вы, ваше высококородие, изволите говорить, не мое это дело народ разгонять... Хорошо-с... А ежели беспорядки? Нешто можно дозволять, чтобы народ безобразил? Где это в законе написано, чтоб народу волю давать? Я не могу дозволять-с... Разгоню я народ, а на берегу на песочке утопый труп мертвого человека. По какому такому основанию, спрашиваю, он тут лежит?... Может, этот утопый покойник сам утоп, а может, тут дело Сибирью пахнет»¹ десе, осыны қазақшаға 1937 жылы Әшім Омаров: «- Құп болады! – деп унтер қырқылдап сасып қалды, - Құрметті тақсыр, халықты қуалап тарату сенің жұмысың емес – дейсіз... Жақсы... Ал егерки тәртіпсіздік болса қайтесіз? Халықты тәртіпсіздік жасатып бетімен қоя беруге бола ма? Халыққа ерік берілсін деген сөз заңның қай жерінде жазылған? Мен ерік бере алмаймын... Халықты қуалап мен жүрмін, ал жағада құмның үстінде суға кетіп өлген адамның мәйіті

¹ Чехов. III. том. 438-бет. М.1955 ж.

жатады да қояды. Қандай осындай жол-жоба бойынша бұл осы жерде жатыр? – деп сұраймын... Мүмкін, бұл адам суға өзі кетіп өлген шығар, немесе мұның төркінінен Сібірдің иісі аңқып тұрған болар¹ деп береді. Чеховтың осы сөздерін 1955-жылы Фетих Дінісламов:

-Құп болады! – дейді унтер қарқылдап.

-Асыл тектім, сіз жаңа жұртты қуалау сенің жұмысың емес дегенді айттыңыз... Жақсы... Ал, егер тәртіпсіздік бола қойса ше? Жұртқа сонша бір бұзықтық істетіп қоюға бола ма? Халыққа ерік берілсін деп қай заңда жазылып еді? Ерік бере алмаймын мен... Мен келіп жұртты қуалап жүрсем, өлген адамның суға кеткен мәйіті жағадағы құмда жатыр. Бұл арада жатуға мұның қандай қақы бар? – деп сұраймын... Суға кеткен мына марқұмның, бәлки, өзі батып, немесе бұл әңгімеден, әлде, Сібір иісі аңқып тұрған болар...»² деп аударарды.

Унтер Пришибеевтің шолақ ойын, олақ тілін, надандығын, өзімшіл оспадар, сорақы қылығын, көкіп сөйлейтін кекірт дыбысын осынша келте қайырып, Чехов қандай дәл берген? Бірде езуінді жиғызып, бірде сай сүйегінді сырқырататын автордың сөздердің аударғанда Әшім Омаров бірінші сөйлемге «сасып қалды» - деп екі сөзді өзінен қосқан. Артық тұрған осы екі сөз Пришибеев бейнесін бұзбағанмен, ұзын ойды келте қайыратын Чеховтың стилін қожыратып жіберген. Бұл сөйлемді қысқа қайырып Дінісламов ұтқан тәрізді. Ал «на берегу на песочке утопый труп мертвого человека» деген сөйлемді «өлген адамның суға кеткен мәйіті жағадағы құмда жатыр»... деп аударып Дінісламов екі рет жансақ мағына берген. Біріншіден «өлген адамның» суға кетуі көңілге қонбайды, адам суға кетіп барып өледі ғой, ал екіншіден «суға кеткен мәйіттің» жағада жатуы да ауыр түсініледі. Бұл сөйлемді Омаров «Суға кетіп өлген адамның мәйіті» деп тура мағынасын берген тәрізді. «А ежели деген сөзді «Ал, егер» деуден көрі «Ал, егерки» деп бұзып айтуы да оригиналға таяна түскен. «Где это в законе написано...» деген сөйлемді де: «Қай заңда жазылып еді?!» - деуден көрі «занның қай жерінде жазылған?» деу дұрыс сияқты, өйткені Пришибеев заңды біреу деп ұғады, сондықтан Чехов «Где это в законе...» дегізіп тұр., «В каком законе» - «қай заңда» - емес қой «По какому такому основанию он тут лежит» - деген Пришибеевтің олақ сөзін «Бұл арада жатуға мұнын қандай қақы бар?»

¹ Чеховтың таңдамалы шығармалары, ауд. Әшім Омаров, 1937-ж. 6-7 беттерін қараңыз.

² А.П.Чехов. I том. А.1955 ж. 86-87 беттерун қараңыз.

- деп тура айтудан көрі «қандай осындай жол-жоба бойынша бұл осы жерде жатыр?...» олақ құрылған – Пришибеевтің өз сөйлемі тәрізді. Алайда, бірінен бірі ілкім тәуір дегеніміз болмасы, екеуі де көңілдегідей шығып тұрған жоқ.

Біз, көбінесе, түсініп аударған текстерді алдық. Солардың ішіндегі жансақ басқандарын көрсетіп еттік. Олай болуының себептерінің әр аударушының қара басына байланысты, әдісіне, аударған мезгіліне байланысты екенін ескерттік. Біздің аударма әдебиетімізде мүлде түсінбей аударатындар да бар. Содан бір мысал келтірейік.

Чеховтың «Мужики» атты әңгімесінде: «И бежи по Египет... и буди тамо, дондеже реку ти»... деген інжілдің сөздері келеді. Соны Ғазиз Оспанов: «Сосын қашып Египетке бар... ондағыларды оят, дондеже ол өзенді...¹ деп аударарды. Інжілдегі «буди тамо» - (орысша) «будь там», дондеже – «до тех пор», «реку-изреку – скажу» болады, ендеше мұнын қазақшасы «өзімнен үн жеткенше соңда бол!...» деп тұр. Ал, Египет – «Мысыр», Даск- «Шам» - болып қазақ тілінде баяғыда қысалар, ертегілер арқылы қалыптасқан еді, оны өзгертуден қандай ұтқанымыз бар? Мұны да ойлану керек болар.

Аударма әдебиетінің тарихын сөйлегенде, әсіресе классиктерді аудару тарихын шолғанда, көзге түскен кемшіліктерді де, жетіскен жемістерімізді де бүкпей айтуға тырыстық. Қазақ тіліне ақын Ғали Орманов аударған Л.Н.Толстойдың «Анна Каренинасына» Тақауи Ақтанов (I-кітабына) пен Әбжәміл Нұрпейісов (II-кітабына) кезінде тиісті бағаларын берген екен. «Пушкиннің поэтикалық шығармаларының қазақ тіліндегі аудармалары жөнінде Тәкен Әлімқұлов ойын білдірді. Белинский шығармаларының аудармасын (аударған Белгібай Шалабаев) Әбен Сатыбалдиев зерттеп өтіпті. Маяковский шығармаларын Тәкен Әлімқұлов пен Е.Букетов талдап өтіпті. Некрасовтың «Орыс әйелдері» мен Шолоховтың «Тынық Дон» романына Мұхаметжан Қаратаев тиісті бағасын берген екен. Біз бұл пікірлерге әдейі тоқталмай етіп, өзіміздің негізінен қосылатынымызды білдіреміз. Алайда Е.Букетов Маяковскийдің өлеңдерін аударған Тайыр Жароков туралы: «Аудармашының негізгі кемшілігі түпнұсқаның мағынасын түсінбей қалуында. Осының нәтижесінде туған өрескел қателер тіпті көп кездеседі «дей келіп енді бір аздан кейін» Маяковскийдің өз ритмі пен мөлшелерін сақтауға тырысатын

¹ «Мезинді үй» - жинағында 57 б.А.1955 жыл.

Тайырдың аудармаларын қолдауға тиістіміз» - деп жалтақтайды. Рас, Е.Букетовтың ойында бүкпесі жоқ та шығар. Өйткені Пушкиннің «Коломнадағы үйшік» атты поэмасын тәп-тәуір аударған, соның ішіндегі «Воды лета» дейтін ескі грек мифологиясында ұшырайтын сөзді «кәусер суы» - деп орынды қолдана білген Тайырдың «Ақыл азабында» «Сударь» -ді орынсыз «тақсыр» етуі тегін емес. Сондай-ақ Маяковский өлеңдерінде де жаза басуы жай болмас. Ендеше әр ақынның, әр жазушының өзіне үндес - сүйетін адамдары болады. Орыс елінің тарихында Гетені аударатын адам, Байронды аудармайды. Біз де осылай істеуіміз жөн ғой. Сондықтан ақын Тайырдың да кемшілігі өзіне үндес келмейтін жазушыларды аударғанда көрініп қалуы мүмкін. Е.Букетовтың ойын да біз осылай түсінгіміз келеді. Өйтпесе, «өрескел қателер көп кездесетін, мөлшерін сірестіре сақтауға тырысатын Тайырды қодауға тиісті емеспіз».

Аударма әдебиетін тәл әдебиеттің өз қоры деп ұғамыз. Сондықтан ойымызды ашық айтуға тырыстық. Аудармадағы кемістіктерде соза беруге де болар еді, алайда бұл әңгіменің ұшы-қиырысыз болуын да ескергеніміз жөн. Өйткені «әбір осал аудармалар өзіне тән осал белгілерімен өзінше осал келеді»¹ - деген жазушы-академик Мұхтар Әуезовтың сөзін де еске алдық.

Қазақ тіліне орыс әдебиеті – оның классиктерінің аударылуы 19 – ғасырдың екінші жартысынан басталды дедік. Осы игілі ісімізге әр дәуірде өзіне лайық жанашыр сыншыларымыз болды. Солардың қолқабысы әсерін тигізіп, өсіп те келеміз. Мысалы, 1915 – жылы аударма жөнінде «Айқап» журналында Сәкен Сейфуллин әңгіме көтерді. Содан бері қарай аударма мәселесінің зерттелуі толастаған жоқ. Бұрын аударма жөніндегі күрделі сындар кіші-кірім рецензиялар әр жерде: газет, журнал беттеріңке жазылып келіп еді. Осы кейінгі екі-үш жылдар қарсаңында сол еңбектер жинақталып басыла бастады. Аударма әдебиетін тәл әдебиетіне байланыстыра күрделі сатыға көтеріп жүрген қалам-қайраткерлеріміз: М.О.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Қаратаев, Т.Ахтанов, Т.Әлімқұлов, Ә.Нұрпейісов тағы басқалары.

Негізінен алғанда осы сындар екі бағытта жүріп келеді. Бірінші, ең көбірек кездесетіні орыс тілінен қазақ тіліне аударылған шығармалар жөнінде болады. Әсіресе солардың кем-кетігін баса айтумен келеді. Екіншісі, қазақ тілінен орысшаға аударылған

¹ Көркем аударманың кйбір теориялық мәселелері (мақалалар жинағы) А.1957 5-6 б.

шығармалар жөнінде болады. Бұлар көбінесе көтере айтуға тырысады. Осы арада Е.Ландау, А.Жовтис, М.Әлімбаев тағы басқа жолдастарды да атап кетуіміз жөн болар. Солардың ішінде жолдас Е.Ландау «Русские переводы песен Джамбула и проблемы поэтического перевода» атты диссертациясында түпнұсқадағы кейіпкер бейнесін қайта жасау мәселесін қояды. Сонда «автордың айтпағанын реті келген жерде аударушы жанына қосып жіберсе дұрыс болады»¹ - деген пікірге тіреледі. Біз осыған қарсы шыққан Н.Владимированың пікіріне қосыламыз. Бұл жерде Е.Ландаудың ескірген де және жансақ айтылған осы ойын келтірмес те едік, егер сол пікір тамырын жайып, 1958 жылы Л.Скалковский Абилевтің «Огненные волны» атты поэмасын аудармаған болса. «Огненные волны» атты поэмада автор Дихан Абилевтен қалған нәрсе аты ғана десек өтірікші болмаспыз. (Оның үстіне «жолма-жол» етіп аударған да өзіміз едік).

Бұл өзінен қосып, авторды өзінше сөйлету әдісіне, былай айтқанша, Ландау салған ізге Андрей Семенов та түскен тәрізді. Өйткені әлгі сынарлық мейлінше зиянды пікір» қолғабысын» тигізіп, Андрей Семенов «Менің құрдастарым» атты Саттар Ерубаеттің романын» дауасыз дертке» ұшыратыпты ғой²

Филология ғылымының кандидаты Е.Ландау мен ақын Андрей Семенов И.С.Тургеневті оқымауға правасы жоқ, бірақ оған қарсы болуға еркі бар, сол қарсылығын жиішкелеп білдіріп отырған тәрізді. Өйткені 1852 – жылдарда И.С.Тургеневтің «Записки охотника» атты шығармасын француз тіліне Е.Шарриер «Записки русского барина» деп аударған еді. Сол аударма бойынша француз тілінде сындар шығып, екі жыл өткенде барып И.С.Тургенев өз шығармасын француз тілінде оқиды.

Сонда: «Не говорю уже о бессмыслицах и ошибках, которыми он изобилует, - но, право, нельзя себе представить все изменения, вставки, прибавления, которые встречаются в нем на каждом шагу. Сам себя не узнаешь»³ деп қатты ашуланып жазған хаты бар. Тургенев «И я убежал» десе, Шарриер «Я убежал как сумашедший» деп аударды. Тургеневтің «Қояны» - «ақ тиын» (белка), «құлаған ағашы» - «шашты алып» (волосатый великан) болып кетеді.

¹ Н.Владимирова. «Некоторые вопросы худ.перевода с русского на узбекский язык». Ташкент,1957 г. стр. 11.

² «Лениншіл жас» газетінің 31-январь, 1960 ж. № 21 де жазылған Қ.Тұрсынқұлов пен Ш.Мұртазаевтың мақаласын қараңыз.

³ И.С.Тургенев. соб.соч. т.XI, стр.309,М.1955.

«Овсянка» сулы ботқа – орталан (кішірек құс), арапник (қаншы) «арап» (құл мағынасында) болып кетеді. Осының бәрін көрсете келіп, Тургенев: «Он кроет, режет, изменяет, заставляет меня, по произволу, плакать, смеяться, подсмеиваться, да и за это-то я наиболее сердит на него, он имеет отвращение от выражений точных... прибавляя столько прекрасных вещей он лишает его единственного достоинства, которое могло бы обратить на него внимание французских читателей, достоинства оригинальности. Я очень благодарен г.Шаррнеру за все любезности, которыми наполнено его предисловие, но не странно ли хвалить ум того, кому придал столько своего ума?»¹ - деген екен. Тургеневтің осы сөздеріне Е.Ландау қарсы шығып, «оригиналды өзінше өзгертіп, жаныңнан қосып әдеміле!» - деген теорияны ашады. Осы «теорияның жәрдемі тиіп Л.Скалковский Диқан Абилевті жұлмаласа, Андрей Семенов Саттар Ерубаеттың быт-шытын шығарады. Тургеневтің әлгі сөзінен аса алмай Мұхтар Әуезов «Дворян ұясын» өзінен аудармай береді. «Абай» эпопеясын жазған автордың стиліне ол аударма ұқсамайды. Өз стиліне салып құйқылжыту Мұхтар Әуезовқа оңай да болар еді ғой!

Ал, енді орыс тіліне аударылған қазақ әдебиетінің бәрі осындай сүреңсіз деуден аулақпыз. Мысалы, ақын Абайдың:

«...Дем алысы үскірік аяз бен қар,
Кәрі құдаң-қыс келіп әлек салды.
Ұшпадай бәркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды...»²

деген өлеңін В.Рожественский:

«...Старый сват, белый дед натворил бед.
От дыхания его – стужа, снег и буран.
Тучу шапкой надвинув на брови себе,
Он шагает, кряхтя, разукрашен, румян...»³

¹ И.С.Тургенев. собр.соч. т.XI,стр.310 бетін қараңыз.

² Абай – Өлеңдері. «Қыс» - 54-бет. А.1946.

³ Абай Құнанбаев. Стихотворения. М.1954, стр.94.

деп орыс тілінде әрі дәл, әрі әдемі етіп бергенін де білеміз, істеген еңбегіне жауапты қараған ақындардың бәрі де осылай аударуға тиіс. Оның үстіне Рождественский бұл жөнде жалғыз да емес.

Ойымызды қорыта айтсақ, оригиналдың барлық ерекшелігін сақтап, екінші тілде кемеліне келтіріп дәл беру үшін, аударушы оның (оригиналдың) ішкі сырын жебе ұғыну керек. Оригинал тіліндегі сөздердің әдемілігін де, өз тіліндегі сөздердің көркемдігін де бірдей білуі шарт. Сонда ғана оригинал иесінің ой өрісін, дыбыс ырғағын, сөз сақтау әдісін көңілдегідей етіп шығара алады. Ендеше, аударушы оригинал авторынан кем түспейтін, сонымен өзі әдістес, стильдес жазушы болуы керек.

Гогольдің стиль ерекшелігі әзіл-сықағында

(юморында)

3

Крепостнойлық Россияның өмірін терең бейнелеген Николай Васильевич Гоголь – сыншыл реализм негізін қалаушылардың бірі. Ол А.С.Пушкинның шәкірті, Гончаров, Тургенев, Достоевский, Островский, Некрасов, Салтыков-Щедрин, Чехов тәріді атақты жазушылардың ұстазы. Өз тұстасы революцияшыл сыншы В.Г.Белинский Гоголь шығармаларын өте жоғары бағалап «Ол – Гоголь шынайлы өмірдің айнасы, шебер ақын»¹ - деді. Ал, Н.Г.Чернышевский: «Россия үшін Гогольдің маңызы қандай зор болса, өз халқы үшін тап сондай маңызы бар жазушы дүниеге келген емес»² деді. Адамзаттың данышпаны ұлы ұстазымыз Владимир Ильич Ленин де сол Гогольден жүз жиырма бес рет мысал алып кейінгі ұрпаққа үлгі етіп таратты.

«Күлдіргі (комизм), мен әзіл-сықақ (юмор) жалпы жұртқа түсінікті болмайды, күлдіргі нәрседен көрі қуанышты нәрсені жұрт жақсы көреді. Өйткені тура айтылған пікір халыққа күлтеленге дұспалдан бұрын жетеді. Комедия – мәдениеттің көркі, бұл өскелең әлеумет өмірінде туады. Күлдіргіні түсіну үшін ілім-білімінің жоғарғы сатысында тұру керек...»³

«Гоголь сықағының (юморының) ерекше сыпаты бар. Бұл нағыз орыс сықағы, бұл қарапайым биязы сықақ (юмор), мұнда автор (Гоголь) өзі түк білмеген кісіше отырады. Мысалы, Иван Ивановичтің үстіне киген ішігі туралы сөйлегенде Гоголь соған өзі қызығып отырғандай көресің»⁴ - дейді В.Г.Белинский.

Гоголь ерекшелігі оның әжуасында, түйреп сөйлеуінде, сықақ (юмор) тен мысқылдау (сатира) әдісінде. Гоголь орыстың ұлттық ерекшелігін айнаға түсірген, орыс өмірін терең білген жазулы, әрбір

¹ В.Г.Белинский. Собр. Соч. В 3 томах. Т.І.стр.125 М.1948 г.

² Н.Г.Чернышевский. Шығармаларының толық жинағы. III т. 11-бет. 1947 жыл.

³ В.Г.Белинский. т.ІІ.стр.615. М.1948 г. Ссылаясь на Белинского эту мысль привел и Ефимов в своей книге: «Стилистика худ.речи» за 1957 г. стр.62.

⁴ В.Г.Белинский. Собрание сочинений в 3 томах, т.І. стр.138, М.1948 г.

геройын ерекше көрсетудің шынайы шебері. Бұл шеберлікке жету үшін Гоголь көп еңбек сіңірген. «Ревизорды» бірінші, екінші жазғанда Хлестаковтың фамилиясы Скакунов немесе Хласков болған, сонан үшінші жазғанда ғана Хлестаковқа тоқтаған. Дуанбасы Сквозник – Дмухановскийдің үйінде мас болып отырып Хлестаковтың мақтанып айтқан сөзін әлде неше рет өзгерткен, сондай-ақ Дуанбасының алғашқы сөзін де бірнеше қайтара қысқартқан-ды.

Гогольдің орыс әдебиетінде ерекшелігі біріншіден орыс өмірінің шындығына үңіле қараған, жетік білген жазушы. Соның үстіне Гогольдің түпсіз терең сықағын, шымшылап отыратын әжуәсін (ирониясын) қоссаңыз, оны дұрыс түсіну өте қиынға соғады. Біздің осы күнгі қоғамға оны түсінуден де жақсы көру жеңіл. Гогольдің сықағы (юмор) мен мысқылын (сатира) зерттегенде оның ерекшелігі ең алғаш көзге түседі. Гоголь тілі «мен мұндалап» тұрады.

Күлдіргілі шығармаларды жазушылардың лы монументі Гоголь. Онда күлдіргі момент қайғымен араласып біріне-бірі ұштасып отырады. Чичковтың помещиктерменсаудасы – өлі жандарды сатып алуы қандай күлкі болса, бірақ оның ішінде трагедия-крепостнойлық дәуір трагедиясы жатады, тірі адам мен өлі адамның бірдейлігі – бірдей саудаға түсуі сайрап көрініп тұрады. Көбінесе осы саудада трагедия – комедияға айналады. Ал, кейде (мына Плюшкинмен саудасында) комедия – трагедияға айналады. Ол кезде Гогольдің дыбысы (акценті) да өзгеріп сала береді. Комизм мен трагизмнің түбі бір – өйткені екеуі де өмір қайшылығынан туады. Гогольде комизм – трагизмге айналады – ол жылап отырыпы күледі («смех сквозь слезы»). («Дүние қызық ой, оның алдында телміре қарап, ұзағырақ тұрсаң болғаны, қуаныштың бәрі көзіңді ашып жұмғанша қайғыға ауыса жөнеледі...»)¹ - дейді Гоголь.

«Қайғы (трагедия) мен күлкіні (комедия) сонша тығыз байланыстыра біледі, міне бұл Гоголь талантының ақ-жарқын өзгешілігі, оның үстіне Гогольдің ұлы шебелігі де осында² - дейді Белинский.

Орыс әдебиетінің адам аса алмайтын асқаралы шыңы болған Гогольдің, осыдан жүз жыл бұрын Белинский, Чернышевский тәрізді

¹ В.Ермилов. «Вопросы литературы» № 11, 1959. Стр.108 «О своеобразии комического у Чехова» - атты мақаласын қараңыз.

² В.Г.Белинский. Собрание сочинений в 3 томах, т.II. стр. 296, М.1948 г.

ұлы сыншыларымыз орыс әдебиетіне үлгі етіп тартқан Гоголь сынды сом біткен кесек бейненің И.А.Крылов туралы айтқан пікірін келтірейік: «Крыловтың аңдары да тіпті нағыз орыстарша ойлап, іс істейді: олардың арасындағы іс-әлекеттерінен Россия ішіндегі әдет-ғұрып байқалады. Айқын, әрі күшті бейнеленген тірі аңдар: түлкі, аю, қасқыр өз алдына, тіпті оның құмырасы да тіршілік бейнесін аңғартады, орыс табиғатын көрсетеді...Қысқасы, оның барлық шығармасынын Русь көрінеді және русьтығы білінеді»¹ - дейді Гоголь.

И.А.Крылов туралы айтқан Гогольдің осы сөзін біз өзіне айтқымыз келеді. Өйткені әрбір сөзді өз орнында қолданылып, әрбір кейіпкерді жеке дара өз тілінде сөйлете білетін Гогольдей жазушы сирек кездеседі. Оның үстіне Гогольдің күлдіргісі келсе, ол әдісіне жарамайтын орыс тілінде сөз жоқ сияқты. Әрбір сөзінде астар, крепостнойлық дәуірдің тарихы, сумырай кескіні тұрады. Абсолюттік монархия тұсындағы құлдық, сұмдықтың неше алуан түрі көз алдыңан өтіп жатады.

Гоголь революциядан бұрын да қазақ жұршылығына мәлім жазушы. Қазақ тіліне 19 – ғасырдың екінші жарымында орыс классиктері аударыла бастады. Ең алғаш И.А.Крылов, Хемницер, Бунин мысалдары, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов өлеңдері, Мамин-Сибиряк, А.П.Чехов, Г.Успенский, Короленко, Л.Н.Толстой әңгімелері аударылған кезде, қазақтың сол замандағы оқығандары Гогольмен де таныс екені даусыз. Алайда, осы Гоголь неге аударылмады деген сұрақ тұр. Бұған біздің ойымызша екі себеп бар. Бірінші: ол дүние жүзілік жалпыға бірдей шындыққа бармаған, өзінің ұлттық арнасынан – орыс халқының шындығынан шықпаған жазушы. Бір халықтың өзіне тән қысаң арнаны екінші халыққа түсіндіру қиындыққа соққан болар. Ойымызды тиянақтау кету үшін мынандай мысал келтірейік. Осыдан жүз жыл бұрын, атап айтқанда 1842 – жылы Қ.Асқақов Гогольді – Гомерге, «Өлі жандарды» - Илиадаға теңеді. «Ескі грек эпосы орыс романында келіп қайта туды...» деген пікірін білдірді. Бұған Белинский қарсы шығып: «В смысле поэмы «Мертвые души» диаметриально противоположны «Илиаде». В «Илиаде» жизнь возведена на апофеозу; в «Мертвых душах» она разлагается и отрицается; пафос «Илиады» есть блаженное упоение, проистекающее от созерцания дивно божественного зрелища, пафос «Мертвых душ» есть юмор,

¹ С.Дурылин. «И.А.Крылов». Гослитиздат. М.1944, стр.42. Біз мұны С.Қирабаевтың «Спандияр Көбеевтің өмірі мен жазушылық қызметі» атты кітабының 68-69 – беттерінен алдық.

созерцающий жизнь сквозь видный миру смех и незримые, неведимые ему слезы» (III-т. 296 стр.) дей келіп, Гогольді басқа тілге аудару мүмкін емес, бұл өз заманымыздың ақыны, рас, «Өлі жандар» «Илиадаға» төтеп бере алады, бірақ тек Россия үшін ғана, ал басқа елдерге бұл түсініксіз, мағынасыз болып шығады»¹ - деген еді. Қысқарта айтқанда «ұлттық қасиеті басым Гогольді басқа тілге аудару мүмкін емес» - дейтін Белинскийдің әлгі пікірі қамшы болды ма екен? (Кейінгі кезде «ұлы сыншының ол пікірінен өзі бас тартып, «ұлттық қасиеті күшті Гоголь ғана басқа тілге аударылудан қорықпауы керек» деп еді ғой)

Екіншіден, «Гусак» деген жалғыз сөз үшін он екі жыл соттасу тек Иван Иванович Перерепенко мен Иван Никифорович Довгочхунның ғана қолынан келген нәрсе деп ұғыуы мүмкін. Осы шындықты аянбай батыл көрсеткен Гогольді күлдіргі жазушы – сықаққой адам деп те ұққан болар.

Біздің ойымызша Гоголь мұны күлдіру үшін жазған емес, ол тіпті күлдіруді күйттеген жазушы емес! Гоголь өмір шындығын терең көрсете білген шебер. Ол күліп отырып жылата да, жылап отырып күлдіре де біледі, себебі Гоголь өз тұсындағы крепостнойлық заман қайшылығын айнаға дәл түсірген дана. Ендеше Гогольдің осы мазыңын ол кезде біздің жұртшылық түсінбеген де болар. Ишараттап айтқан сөзден дәл айту жеңіл ғой. Оның үстіне, тіл нормасы, әдеби ұғым осы күнгідей қалыптастаған кезде, Владимир Даль айтқандай бірнеше мағынасы бар «Гусактың» қайсысын алу да оңайға түспес еді. Шыныда, Гоголь сөзі кестелі, бір мағнадан екінші мағнаға ауысып, ойнап отырады. Мысалы,, Иван Никифоровичтің мылтығына қызығып, Иван Иванович саудаға кіріседі: екі қап сұлы, бір шошқасын бермеек болады. Оған Иван Никифорович:

-Позвольте, Иван Иванович; ружье вещь благородня самая любопытная забава, притом и украшение в комнате приятное... дегенде оған Иван Иванович:

-Вы, Иван Никифорович, разносились так со своим ружьем, как дурень с писаною торбою...» дейді сонда:

¹ В.Г.Белинский. II т. 300 стр. М.1948 г.

-А вы, Иван Иванович, настоящий гусак»¹ деп жауап қайырады. Міне, барлық пале осыдан басталады. Осы бір жерін Ахмет Елшібеков былай аударарды:

-Тұра тұрыңыз, Иван Иванович, мылтық қажетті нәрсе, ең қызық ермек, оның үстіне, үйдің ішінің көрік-зейнеті...»

«Иван Никифорович, сіз кестелі дорбасына мақтанған ақымақ сияқты мылтығыңызбен жер-көкке сыймадыңыз ғой...»

«Ал сіз, Иван Иванович, нағыз атақазсыз»² - дейді. Осы аудармада Гоголь сөзі түгел, бірақ оның дыбысы (интонациясы) мен ойнақшыған ырғағы (инверсиясы) естілмейтін тәрізді. Өңгіме «кестелі дорба» мен «атақазда» тұр. Бұл сөздер қазақшасында күлдірмей, орысшасында күлдіреді. Ендеше, қазақшасында Гогольдің құйқылжытуы жоқ. Мүмкін, «Гусак» - «қоқиланған қаз» ба, «қаздың айғыры, қаздың қоразы» ма... – немесе тіпті басқа бір сөз тіркесі керек пе? – ол арасын ойлану жөн еді. Өйткені ұлы шығармаға өзек болған «гусак» - ты сөзбе-сөз аудару салу келіспей-ақ тұр. Құс асырамаған көшпелі елде «қаз» ға байланысты жағымсыз ұғым жоқ. «Қаздай қалқып, үйректей жүзіп» - деген жақсы ұғым бар. Ал енді, сол сүйкімді сөзге («қазға») апарып, одан да әдемі «атаны» тіркеген де ол тіпті құлпырып кетеді. «Ата мекені, ата қонысы, атаңда көрмегенді батанда көресің» - дейтін жерлерде кім тебіренбейді? Осы екеуін қосып, әдемі сөз туғызып алғаннан кейін, «сіз нағыз атақазсыз» дегенде Иван Иванович ашуланады, он екі жыл соттасты дегенге кім нананды? Орыс тілінде: «Он смотрит, как гусь на молнию» - деген ақымақты әйгелейтін мәтел бар. Сондықтан да «Гусак» деген сөзге Иван Ивановичтің ашулануы орыс тілінде түсінікті-ақ, өйткені астарында «ахмақсың» деген әзілді ой тұр. Бізді күлдіруі де, Иван Ивановичті күйдіруі де содан. Төрт түлік малға байланысты қазақ тілінде де талай ұғымдар бар, мысалы: «қой мойынды, ат жақты, жампозатаңдай» - деген сөздерді орысшаға аудару да қиынға соғады. Ендеше аударма тіліндегі өмір шындығына үйлеспетін, оригинал тіліне ғана тән ұғымды аударып беру өте қиын. «Кестелі дорбадан» көрі, «кестелі қоржын» дұрыс болар еді. Қорыта айтсақ, Гоголь шығармаларының кешел деп аударылуына осыларда зардабын тигізген шығар.

¹ Н.В.Гоголь. Сочинения. М.1956 г. 203 стр.

² Н.В.Гоголь. Шығармалары. Екінші том. Алматы. 1952 – ж. 236 – бетін қараңыз.

Қазір біздің қазақ әдебиеті Гоголь шығармаларын түгел өз мүлкі етіп отыр.

1928 – жылы «Үйлену» («Женитьба») атты пьесасы жарыққа шықты (аударған Мәжит Дәулетбаев). 1932 – жылы «Өлі жандар» шықты, ал 1936 – жылы сол «Өлі жандар» түзетіліп қайта басылды (аударған Қадыр Тайшықов). 1937 – жылы «Шинель», тағы «Иван Иванович пен Иван Никифоровичтің қалай ұрысқаны туралы» дейтін повестері басылды.

1938 – жылы «Ревизор» жарық көрді, бұл пьеса бұдан көп бұрын сахнада қойылып жүрді. (аударған Мұхтар Омарханович Әуезов). 1945 – жылы «Тарас Бульба» шықты (ауд.Темірғали Нұртазин), ал 1948 – жылы «Ревизор» тағы басылды.

1952 – жылдан бастап Н.В.Гоголь шығармалары алты том болып жарық көрді. Орыс халқының ұлы жазушысы Н.В.Гогольдің негізгі шығармалары қазақ тіліне түгел аударылды. – Аударғандар: М.О.Әуезов, М.Дәулетбаев, Қ.Тайшықов, А.Елшібеков, Ж.Алтайбаев, С.Ембергенов, Ж.Қосыбаев, Т.Нұртазин, А.Хангельдин, Д.Қосанов, Ж.Жұмақанов, Ә.Имағамбетов, Г.Оспанов, Ф.Дінісламов тағы басқалар.

Гоголь аудармаларын сөз өткенде мәселенің көбі сол Гогольдің ерекшелігіне тіреледі. Міне,, біз сол ерекшеліктің қалай берілгенін зерттемекпіз. Гогольдің теңестіруі де, сұрақ-жауап, лепті сөйлемдері де автордың ерекше тәсілі, ешеберлігі арқылы құлпырып ойнап отырады. Ең ақыры кісі аттары да күлдірмей қоймайды. Осының бәрін ол күлдіру үшін істемейді, тіпті өзі араласпай шет отырады. Гогольдің сықағына (юморына) жарамайтын орыс тілінде сөз жоқ. Шалғам, қияр, асқабақ, арбуз тәрізді өсімдіктер де, шыбын, тарақан, жылан, шаян тәрізді жәндіктер – бәрі де күлдіргі. Гоголь бұларды теңестіру үшін пайдаланады. Терезеден қарап тұрған екі адамды суреттегенде: «біреуінің басы қияр тәрізді, екіншісінің басы асқабақ сияқты екен» - дейді. «Иван Ивановичтің сабағы төмен иілген шалғамдай болса, ал Иван Никифоровичтің басы сабағы жоғары қараған шалғамдай екен» - дейді. («Голова у Ивана Ивановича похожа на редьку хвостом вниз, голова Ивана Никифоровича на редьку хвостом вверх»). Гогольдің толып жатқан қырық, сырын алу біздің бұл еңбегеіміздің мақсатына кірмейді, алайда зерттеліп отырған Гоголь аудармалары болғандықтан

мұны азырақ аша кетуге тура келді, өйткені аударма тілін біз осы бағытта шолып өтпекпіз.

Негізінен алатынымыз «Ревизор» мен «Өлі жандардың» аудармасы.

Қазіргі күнде осы екеуі де Орта Азиялық ұлт тілдерінде аударылып отыр. Енді бұрынғыдай Гоголь тілі – тек қана орыс тілі емес, өйткені Гоголь татарша да, қазақша да, қырғызша да, азербайжанша да, өзбекше де, түркпенше де сөйлеп отыр. Ендігі әңгіме сол, орыстың ұлы жазушысы Гоголь қазақ тілінде қалай сөйлеп отыр? Осыны тексермекпіз.

«Ревизор» қазақ тіліне 1934-1935 – жылдарда аударылып, сахнаға қойылды. Дуанбасы Сквозник – Дмухановский болып Қалибек Қуанышбаев ойнады. 1938 – жылы басылып шықты (аударған Мұхтар Әуезов). Татар тіліне 1935 – жылы Сұлтанов аударды. Түркпен тіліне «Ревизорды» Қ.Бурунов 1935 жылы аударды. Қырғыз тіліне 1946 – жылы А.Абдукаримов аударды да, ал 1951 – жылы толықтырып қайта бастырды. Өзбек тіліне Абдулла Кххар 1948 – жылы аударды.

Бұл аудармалар туралы 1952 – жылы О.Н.Олидор пікірін айтты.¹ (Татар тіліне аударған Сұлтановтан басқаларын салыстырып өтті). 1957 – жылы А.Каххардың өзбек тіліне «Ревизорды» аударғанын Н.Владимирова² зерттеді.

Орыс халқының классикалық драматургиясын аударушы Россияның тарихын, крепостнойлық дәуірдегі әдет-ғұрыпты, орыстың сол замандағы тілін, автордыңтворчестволық әдісін толық зерттеп, кеңінен толған және терең білуі шат. Әрбір жансақ басы, титтей қателесу де орыс мәдениетінің маңдайшасы болған ұлы шағармаларды теріс бағытқа түсіруі мүмкін. Пьеса сахнаға алналады, ендеше тілі келте, ойы терең, түсінікті де әдемі келсін, оның үстіне ауыз екі сөзге бейімс болсын! Бұл азбукалық шарт.

«Пьеса – әдебиеттің ең ауыр түрі, өйткені қатысушы адамдар онда өз тілімен сөйлейді, ісі де сол сөзінен көрініп тұрады, автор араласпайды» - деп Горький тауып айтқан еді. Оның үстіне пьесаны Гогольдей шебер жазса, оны аудару қиынның қиыны!

¹ О.Н.Олидор «О переводах пьесы Ревизор». Казахстан Альманах худ.литературы А.1952 г. стр.99-105.

² Н.Владимирова. Рус тилиден үзбек тилига бадиип таржиманинг баази бир масалалары» - М.1957 ж. «Некоторые вопросы худ.перевода с русского на узбек.язык».

«Ревизорда» қатысатын адамдар әрбіреуі өз тілімен сөйлейді, пьесада өздерінің жеке-жеке орны бар, сол міндетін атқарады. Әр адамның әрбір сөзі ревизорды күту туралы, немесе соның қалада жүргені жөнінде айтылады. Негізгі ойы ревизор туралы болады, сол ревизордан шығады да, не соған қайта айналып келе бееді. Сондықтан оның ешбір сөзін өзгертуге болмайды, бәрі өз орнында»¹ - дейді Белинский. Міне, Гогольді аудару осынша қиын, ал бірақ сол Гогольдің оңай жағы да бар. Біздің ойымызша Гоголь геройларының мәдениет сатысы төмен жатады, көбінесе шағын қалада жүрген паракор чиновниктер, поселкеде жүрген жалмауыз обыр помещиктер болады. Бұларды біздің ауылдағы қарапайым халқымыз он тоғызыншы ғасырдың екінші жарымынан бастап-ақ танып білген еді. 1868 – жылы жариялаған «Жаңа зақуннен» бастап, бұлар қазақ елінің өз арасынан да шықты. Бізде феодалдық-патриархалдық заман болды, сонда Дуанбасы, би, болыс, аулнай, елу басы – бәрі де етек алып жайылды. «Елу басы, он басы, ол шайтанның жолдасы» - дейтін әлндер де шықты. Пара алмаған, елді жемеген біреуі де жоқ еді. Ендеше, өз елінде бар ұғымды түсіну жеңіл, түсінгенен кейін аудару жа жеңіл. Оның үстіне көрші отырған бізге түсінікті. Мәдениетіміз орыс елінің мәдениетінен үлгі алып дамыған біздің елге өтене жақын тұрады.

Адамды адам құлданған, крепостнойлық дәуірден әлдеқашан өтіп кеткен Батыс Европа елі Гоголь геройларын түсінбеуі де мүмкін. «Біздің орыс тіліндегі ерекшелікті француз бен неміс мәңгі – бақи түсінбес» - дейтін Гогольдің өз сөзі де тегін айтылмаған шығар. Бірақ бұл бізге түсінікті.

Әліміз келгенше Гоголь шығармаларын аударудың қиын жағын да, жеңіл жағын да айттық, енді туп-тура сөзді автор мен аударушының өздеріне берейік.

Ревизордың келе жатқанын естіп, қорқып отырған Дуанбасы өзінің жемтікес-табастарың шақырып алып:

-Я пригласил вас, господа, с тем, чтобы сообщить вам пренеприятное известие: к нам едет ревизор... Ревизор из Петербурга, инкогнито (под чужим именем). И еще секретным предписанием...

¹ Белинский. I – том, 508 бет. М.1948 г.

Я как будто предчувствовал: сегодня мне всю ночь снились какие – то две необыкновенные крысы. Право, таких я никогда не видывал: черные, неестественной величины! Пришли понюхали и пошли прочь. Вот я вам прочту письмо, которое получил я от Андрея Ивановича Чмыхова, которого вы, Артемий Филиппович, знаете. Вот что он пишет: «Любезный друг, кум и благодатель... спешу, между прочим, уведомить тебя, что приехал чиновник с предписанием осмотреть всю губернию и особенно наш уезд. Я узнал это от самых достоверных людей, хотя он предствляет себя частным лицом. Так как я знаю, что за тобою, как за всяким, водятся грешки, потому что ты человек умный и не любишь пропускать того, что плывет в руки...» Так вот какое обстоятельство!»¹ - дейді.

Біз бұл жерде дуанбасының үш рет айтқан сөзін біріктіріп алдық, өйткені жеке-жеке сөздерді, жалғыз-жарым сөйлемді сәтті шығарып, ал автордың нысаналы идеясын ашуға, түгел ойын (замысел) беруге келгенде жаңсақ басып, кібіртктеп қалатын аударушылар болады, сондықтан аударманың әр жерін үзіп-жұлып алғымыз келеді. Екінші жаынан төрт тілге аударылған «Ревизорды» сынағанда 1952 – жылы О.Н.Олидор да: «ең сәтті шыққан аударма Әуезовтікі» - деген екен, сол ойдың дұрыс-терісін аша кетпекпіз.

Сөйтіп, Әуезовтың қазақшаға:

-Мырзалар, мен сіздердібір орасан жайсыз хабарды естіртуге шақырып еім. Бізге ревизор келе жатыр...

-Петербургтан келе жатқан жасырын ревизор, және астыртын жарлығы да бар көрінеді...

-Құдай білдіргендей, бүгін түні бойы түрі жаман екі егеуқұйрық түсімнен кетсенші тіпті, өмірі мұндай тышқанды көрген емес: доболдай қап-қара! Келді де иіскеп-иіскеп кетіп қалды. Артемий Филиппович әлгі өзіңіз білетін Андрей Иванович Чмыховтың жіберген хатын оқиын сіздерге. Оның жазып отырғаны мынау: «Сүйікті досым, замандасым және сүйеушім... саған білдірмек асығыс хабарым: жоғарыдан жарлығы бар бір төре келді, бүкіл губернияны, әсіресе біздің уезді қарамақшы. Ол өзін жай адаммын десе де, мен анық сенімді адамдардан естідім. Мен білем ғой, сен де жұрт қатарлы құнадан мұнтаздай жан емес ең, өйткені, ақылды адамсың ой, құдайдың беріп

¹ Н.В.Гоголь. Сочинения. ГИХЛ. М.1955, стр.322.

тұрған несібінен кім қашады?...» «Міне осындай жағдай!» - деп аударғанын да түгел келтірдік. Гоголь орысша қандай жатық, қандай түсінікті сөйлесе, қазақша да сондай жүйткітіп сөйлеп отыр ғой. Дуанбасының осы сөзінен оның паракор адам екенін және қылмысын білетін сұм екенін, «қорыққанға қос көрініп» - түсіне сенетін, білімі тайыз, құлқынның ғана құлы екенін орысша қалай түсінсек, қазақша да солай түсінеміз.

Салалас құралас (сложно сочиненное) етіп берген дуанбасының алғашқы сөйлемін: «Я пригласил вас, господа, с тем чтобы сообщить вам пренеприятное известие: к нам едет ревизор»¹ - деген бір сөйлемді, «Мырзалар, мен сіздерді бір орасан жайсыз хабарды естіруге шақырып едім. Бізге ревизор келе жатыр» - деп екіге бөліп, шағын екі жай сөйлемге айналдырып жіберуі заңды да түсінікті шыққан. Аударушы бұл арада ұтпаса ұтылмаған. Ал «крысаны» «егеуқұйрық» деп аударып, әрі қарай «мұндай тышқанды көрген емен» деуі да заңды, өйткені «егеуқұйрық» Қазақстанның барлық жеріне бірдей сөз емес, сондықтан жалпы оқушыға «егеуқұйрықтың» - тышқан екенін жол-жөнекей түсіндіре кетуі де шебер шыққан. Чмыховтың хатында айтылған астарлы сөйлемді: «Так как я знаю, что за тобою, как за всяким, водятся грешки, потому что ты человек умный и не любишь пропускать того, что плывет в руки...» деген Дуанбасының паракорлығын әлемге әшкерелеп көрсететін нағыз түйінді сөйлемді қандпй берген?! Бұл жерде Гогольдің өз тілімен айтса: «автордың ойына жақындау үшін, Әуезов оның жеке-жеке сөзінен әдейі алыстаған» - дай көрінеді. «Мен білем ғой, сен де жұрт қатарлы күнадан мұнтаздайжан емес ең, өйткені ақылды адамсың ғой, құдвйдың беріп тұрған несібінен кім қашады...» - деп аударуы М.Әуезовтың Гогольді дәл беруге тырысуы. Сөзін қойып, ойын беруге шұғылданған. Ал енді, «не любишь пропускать того, что плывет в руки...» деген сөздерді дәл Гогольше бермеді деп дауласатындар да табылар, олардың орнына қайдағы жоқ «ұдайды», «несібені» алып келді деушілер де болар. Рас, сөзбе-сөз етіп беруге мүмкін, бірақ онда Гогольдің ойы шықпауы да кәдік. Нақты айтарымыз: Гоголь қазақ тілінде қайта жаңғырып шыққан (воссоздан). Дуанбасының дәл өз кескіні, Гогольдің ойы осы жердің өзінде-ақ түгел көрінгендей. Тек қана «мен», «ғо» деген сөздер артық айтылған тәрізді. «Кум» қазақ ұғымында жоқ, сондықтан «замандас» болуы дұрыс.

¹ Н.В.Гоголь. Шығармалар. ІҮ-том.КМКӨБ. А.1953, 9-10 беттерін қараңыз.

Осылай жиналып, ревизорды күтіп, қорқынышта дағдарып отырғанда Дуанбасы: - «Это бы еще ничего, - инкогнито проклятое! Вдруг заглянет: «А, вы здесь, голубчики! А кто, скажет, здесь судья?» - «Ляпкин-Тяпкин» - «А подать сюда Ляпкина-Тяпкина! А кто попечитель богоугодных заведений?» - «Земляника». – А подать сюда землянику!» Вот что худо!» - деген жәрін қазақшаға Әуезов: «Ол уаққа емес-ау! Әлгі астыртын құдай ұрғанды айтсайшы! Бір күні қапылысқа келіп қап: - «Е, шырақтарым, мұнда екенсіңдер ғой, Мұндағы судья кім?» - «Ляпкин-Тяпкин».

Келтір бермен Ляпкин-Тяпкинді! – Ал игілік орындарының қамқоры кім? – Земляника. Апкел мұнда Земляниканы! Десе, міне пәле сонда!»¹ деп өзінен аудармай түсіреді. «Келтір бермен», «апкел мұнда» - деген сөздер ауыз екі айтылатын сөздердің нұсқасы. Гогольдің өзіне тән ой-өрісін, дыбыс ырғағын бұзбай келтірген. «А подать сюда» да орыс тіліндегі ауыз екі сөздің нұсқасы ғой. Ендеше орны табылып, қиюласқан. «Вот что худо!» - деген түйінді жерін «міне, пәле сонда!» - деп әрі дәл, әрі күшті берген! Дуанбасының осы сөзін 1935-жылы татар тіліне Сұлтанов аударыпты, сонда: «Городничий – Анысы ғына бір нәрсе дә түгіл әлі аның! Міне яшрін рәуште келуші нәғнәт түшкән чиновник қорқыныш! Ескертмәгән жірден келіп кірсә! Ә, сіз мұнда екенсіз, кегіршінкәйләр! Ә, қайсығыз мұнда судья?» «Ляпкин-Тяпкин.» - Ә, келтірігіз әлі мұнда Ляпкин-Тяпкинні! – Ә, хайрат жұртлары башлығы кім?» - «Зеляника. «Ә, келтірігіз әлі мұнда Земляниканы»- дісә. –Мінә шұнысы нашар аның» - дейді. Гоголь сөзі түгел, бірақ екпінді және келте айтылған бірінші сөйлем Әуезовте екіге бөлінсе де екпіні бөлінсе де екпіні жоғалмаған. Ал Сұлтановта хабарлы, шұбалаң екі үлкен сөйлем болып шыққан. «Анысы ғына», «әлі аның», «рәуште келуші» - бұлар басы артық сөздер, ойды сұйылтып жіберген. Ең соңғы «нашар» да Гоголь келтірген «худо» - ның мағынасын бермейді. Бұл жерде «пәле» деп Әуезовтың аударуы дуанбасының тура ойын айнытпай түсірген. Біз Сұлтановтың «Городничийді» орысша алып, «попечитель богоугодных заведенийді» «хайрат жұртлары башлығы» деп аударуына тоқтамаймыз. Алайда, бір келкі болғаны тәуір еі.»Попечитель башлығы» болғанда «городничий» дің орысша алынуы үйлесіңкіремейді. Әуезовтың «қамқоршы» деуі жөн.

¹ Н.В.Гоголь. ІҮ –том. 14 –бет.

Дуанбасы, игілік орындарының қамқоры, мектептер бақылаушысы, судья, дәрігер тағы басқалары жиылып ақылдасып отырғанда Иван Кузьмич Шпекин – почтмейстер келіп кіреді. Сонда Дуанбасы:

-Послушайте, Иван Кузьмич, нельзя ли вам, для общей нашей пользы, всякое письмо, которое прибывает к вам в почтовую контору, входящее и исходящее, знаете, этак немножко распечатать и прочитывать: не содержится ли в нем какого-нибудь донесения или просто переписки. Если же нет, то можно опять запечатать ;впрочем, можно даже и так отдать письмо, распечатанное¹ - десе, оны Әуезов:

-«Бері қараңыз, Иван Кузьмич, бәріміздің пайдамыз үшін, конторыңызға келген-кеткен хатты, азырақ бүйтіп, ашып оқуға болмас па екен, жай хат па екен, жоқ болса, қайта жабыстырып қоясыз ғой, жапсырмай тапсырса да уақасы не?» - деп аударарды. Кейде күрделі бір сөйлемді екі сөйлем етіп шағындап беретін аударушы, енді бұл жерде, реті келгенде, екі сөйлемді күрделі бір сөйлемге (сабақтас құрмалас) сыйғызып беруін айтпасақ та түсінікті ғой. Біздің ойымызды билеп отырған нәрсе Гогольдің Сықағын беруі, соны қарапайым тілмен, ауыз екі сөзбен жеткізуі.

Сасқалақтап қорқып отырған Дуанбасыны ауызына Гоголь «...знаете, этак немножко распечатать и прочитывать» - деген әлсіз мүгедек, үрейлі, өтінішті әйгілейтін сөздерді тегін салып отырған жоқ, артынан дуанбасы өзінің әкім екенін де ұмытпай «впрочем можно даже и так отдать письмо, распечатанное» деп күшін білдіруі да орынды айтылған Гогольдің сықағы осы өмір қайшылығын ашуында. Күлдіріп отырып жылатуы осыдан шығады. Дуанбасының мінез-құлқына осы қайшылық қандай үйлесіп тұр? Бұл ащы мысқыш да емес, биязы сықақ, Гогольдің тіпті қатысты жоқ, өмірдің өзінен туған шындық. Осылай шымжымдап жеткізген драматург Гогольдің сөздерін, астарлы ойын, драматург Әуезов та қарапайым ауыз екі сөзбен, жиішкелеп өзінше айтып кемеліне келтірген: «азырақ бүйтіп (былай етіп!, ашып, оқуға болмас па екен?» - дегізіп әдепті мүлжәім өтінішін бір білдіріп өтеді де, артынан» «жоқ болса, қайта жабыстырып қоясыз ғой, жапсырмай тапсырса да уақасы не?» - дегізіп дуанбасының әкімдігін де қылтитып көрсетеді. Мақсат орындалған, Гоголь қазақша жатқ сөйлп отыр.

¹ 324 – бетте.

Городничий – Батюшки, не милы мне теперь ваши зайцы; у меня инкогнито проклятое силит в голове. Так и ждешь, что вот отворится дверь и шасьт... деген сөздерді Әуезов: -«Әкесі, қояның бар болсын. Менің бар ойымды әлгі бір құдай ұрған астыртын төре тұр. Есікті сарт откізіп, жетіп келе ме деп қыпылдап барам...» - деп аударарды. Осы тексті Сұлтанов татар тіліне:

-Ай алла, қояннарныз көзімә көрінми әлі қазір. Лағнат түшқан яшріп чиновникиі басымнан шағары алмиым Міне қазір ешік ашлұр да ол келіп кірер түшпі» - деп береді.

Дәл осы тексті 1948 – жылы Абдулла Каххар өзбек тіліне:

-«Шу вақтда куен юраққа сиғдими, азизим? Фикру едим шу лағнаты махфий ревизорда булиб қолды. Худди хозир әшик очилиб лоб стиб кириб кела етгандай» - дейді. «Батюшки» - қазақша «әкесі» - сөзбе-сөз дәл болса да, оқушыны мүдіртетіндей келте шыққан, жасандылық бар, ал татарша «Ай алла» (О, боже), өзбекше «азизим» (мой дорогой, почтенный) болып алыстай түскен. «У меня инкогнито проклятое (слово) сидит в голове» - дегенде Гогольдің ойы бастапқы көріністе Чмыховтың хатында айтылған «инкогнито» деген сөзді ойлап тұр. Рас, ол сөздің астарында ревизор бар, алайда Гоголь әдейі ашпай отыр ғой, мұны Әуезов «құдай ұрған астыртын төре» - деп ішкі мағнаны аша айтса, Сұлтанов «лағнат түшкән яшрік чиновник» деп қазбалай түседі, ал Каххар: «Лағнат и махфий ревизор» деп төтесінен тура айтады. Гоголь стилін жинақы етіп, келте бермегені болмаса ойы бұзылмаған. Осы сөздегі дуанбасының қауыпты қорқынышын, Гоголь сықағын түгел беретін сөз «шасьт»... Соны Әуезов «қыпылдап барам» деп тауып айтса, Каххар да «лаб етіп» деп кемеліне келтірген. Ал, Сұлтановта мүлде қалып қойған. Сұлтанов аудармасында ырғақ жоқ, шұбалаңқы ұзын-ұрға ғана бар. «Ол келіп кірар түшлі» - деуі қарапайым, дыбысымыз шыққан, сұйқыл сөйлем.

Бірінші перденің үшінші көрінісінде бұлардың үстіне қала помещиктері Петр Иванович Добчинский мен Петр Иванович Бобчинский кіреді. «Ревизордың осы қалаға келгеніне екі жұма болыпты» - деген хабарды естігенде дуабасының зәресі ұшады, сонда:

-Две недели, Батюшки, сватушки! Выносите, святые угодники! В эти две недели высечена унтер – офицерская жена! Арестантам не выдавали провизии! На улицах кабак, нечистота!

Позор! Поношение! – деп осы екі жұма ішінде істеген өзінің барлық бұзақы қылмысын ақтарады. Көшенің былық екенін айтады, Осының бәрін ревизордың көріп қойғанын, өзінің басына пәле төнгенін түсініп, барар жер, басар тауын таба алмай қатты уайымдайды. Сонда дүниедегі барлық пірлеріне де жалбарынады, сасқанда ол тал қармайды. Дуабасының осы сөзін Әуезов:

-«Екі жұма! Әкем-ау, көкем-ау! Жар бола гөр, әулиерер! Нақ осы екі жұманың ішінде унтер офицердің әйеліне дүре соғылды. Арестаттарға азық берілмеді. Көше толған кабак, боқтық! Масқара! Қорлық!» - деп аударса Сұлтанов: Яке атна! Раббым! Ізгілер! Өзігіз құтқарығыз! Бу іке атна ішінде унтер офицер хотыны қамшы білән жазаланды! Арестантларға ашарға берілмеді, орамларда кабак, былшырақ! Ұят! Әдем мәсхересі!» - дейді, ал Каххар «Икки хафта! Еазиалар, е авлиерер, анбиелар, узларинг мадат қилинглар! Бу икки хафта ичида унтер офицерининг хотыны жалтакланди, махбусларға озик-авқат бериалмади! Кучалар ковокхонаға ухшайди, ифлас! Шармандагарчилик!» деп аударады. Осы үш туысқан тілдерде беріліп отырған бір текстің әсері бірдей дегіміз келеді. Алайда, айырмасын да көрсете кету жөн болар. «Батюшки, сватушки» -ді Әуезов әӘкем-ау! Көкем-ау!» - деп дұрыс аударады, өйткені бұл сөздерде сыйыну бола тұрса да «құдай, әулие, әнбиелер» жоқ, ал «выносите, святые угодниги!» - дегенде мұның ішінен «әулие, әнбиелер» көрініп тұрады. Ендеше «Раббым! (О, боже) ізгіләр! (О, святые) деп аудару «Батюшки, сватушкиға» келмейді, сонсоң екінші сөйлемде «өзігіз құтқарығыз!» (избавьте сами! Деу мүлде теріс! Сұлтановтың бұл аударуы Гогольді «түзету», онан да «батюшки, сватушкиді» де, «раббымды» да қалдырып, тұп-тура «әулие», «әнбиелерден» бастау керек еді, ол екінші сөйлемнің мағынасын түгел береді. Сондықтан да Каххар «е азизлар, е авлиелар, анбиелар» - деп аударған ғой. Екінші сөйлемді Каххар күшкі берген. «Батюшки, сватушкидің» орны ббілінбей кеткен, олар «азиаларның» - ішіне сыйып тұр. «Позор! Поношение» «масқара! Қорлық! пен «Шармандағарчилик!» - екпінді, күшті берсе, ал «Ұят! Әдем мәсхәрәсі!» - басаң шыққан.

Саратов губерниясындағы үйіне кетіп бара жатқан Петербургтің чиновнигі Хлестаковты бұлар жасырын ревизор деп ұғады. Дуанбасы сол «ревизорға» келе жатыр. Мұның алдында Хлестаков ішер тамағына ақша таба алмай дағдарады. Бірнеше күндей несиеге алып ішкен екен, ал бүгін мүлде ас бермей қояды,

оның үстіне бұрынғы қарызын төлемесе трактирші Дуанбасыға шағым арыз түсірмек. Осыны естіп жолаушы Хлестаков (ақшасын жолда картаға ұтқызған Хлестаков) үрейленіп отырғанда Дуанбасы келіп кіреді. Бұл екеуі бірінен-бірі қорқады. Дуанбасы – Петербургтен келген жасырын «ревизор» деп қоқады, ал Хлестаков трактиршінің арызы бойынша Дуанбасы абақтыға алып кету үшін келі деп сескенеді. Сонда Дуанбасы: «Тұрған бөлмеңіз нашар екен, басқа пәтерге орналастырайын...» дейді. Ол «пәтерді» Хлестаков абақты деп ұғады. Хлестаков өзі қорқып отырса да «бармаймын» дегенді айтып күш көрсете сөйлейді. Сол кезде Дуанбасы – (дрова) – «по неопытности, ей-богу по неопытности. Недостаточность состояния... Сами извольте посудить: казенного жалования не хватает даже на чай и сахар. Если ж и были какие взятки, то самая малость: к столу что-нибудь да на пару платья. Что же до унтер-офицерской вдовы, занимающейся купечеством, которую я будто – бы высек, то это клевета, ей-богу, клевета! Это выдумали злодей; это такой народ, что на жизнь мою гоотовы покуситься» - дейді. Дуанбасының осы сөздерін Мұхтар Әуезов қазақшаға: «Тоғышарлықтан, құдай біледі, тоғышарлықтан. Ауқаттың кем-тарлығы... Өзіңіз ойлаңызшы: қазнаның жалақысы қант-шайға да жетпейді. Егер, пара болды бар ғой: әншиін құрттай бірдеме – тек тамақты, бір екі көйлектік қана. Ал, енді унтер-офицердің сәудегер жесір қатыны деген сөз, оны мен дүреледі деген сөз, ол, құдай біледі, шіп-шикі жала. Мұны шығарып жүрген менің дұшпандарым, бұл халықты қойыңыз, менің өзімді өлтіруге де бар», - деп аударса, Сұлтанов татар тіліне: «Тәжрибесізлігімнән, валлахи, тәжрибесізлігімнән гәнә. Жітәрлік байлығым болмағаннан... Өзігіз ойлап қарағыз, хазнадан алған жалования шәй білән шікәргә де жітәрлік түгін. Егерде андый-мондый чішвәт(пара) болса – ансы да бік аз ғана: шәй янына бірәр әйбір, яисә бірәр паркөлмәклік кінә. Сауда білән еш ітуші унтер-офицер хатыны мәс» әлесіне кілгәндә, иміш, мен аны қамшы білән сұқтырғанмын; ялған, воллахи, ялған! Аны дұшманнарым ғана ойлап шығарғаннар: олар менім жанымны алырға хәзір болып тұралар», - дейді, ал Каххар ззбекше «Тәжрибасизлик, авбаройы худо, тәжрибасизлик, камбаганчиликтан... Узлари ұйлаб жүрсинлар: пошшолик берадиган ойлик чой билан қандға хам етмайды. Пора алған бұлсам хам жуда оз, унча-мунча овқату битта – иккита киймга яраша олғанмен халос! Мархум унтер-офицернинг совдогарлик килиб юрадиган хотинины ургандигим тугрисидаги гап курук тухмат. Худо урсин, тухмат! Бу ғап менінг душманларымдан

чиққан; Бу адамдар мени улдириб қаяолишға хам тайер» - деп береді. «По неопытности» деген сөзді «тоғышарлытан» деп аудару алыс тұр. Тоғышар – жалқау, жатып ішер – мағынасында. Рас, тоғышарда – жжалқаудада тажрибе болмайды, өйткені түк істемейді. Бұл жағынан таяу келеді, оның үстіне «Тәжрибе» күнде айтылатын үйреншікті сөз, содан қашып, әдейі, әредік сөйленетін «тоғышарға» барған болар. Дәл мәнісіне келсек Каххар мен Сұлтановтың аударуы дұрыс.

Дуанбасының осы жерд айтып тұрған «ей богу» деген сөзінде екпін жоқ, жарамсақтық бар, оны Әуезов «құдай біледі», Каххар «азборойы худо» - деп жайуат аударса, Сұлтанов «воллахи» дегізіп өңештетіп, ендіктіріп айтқызған. «Что же до унтер-офицерской вдовы, занимающейся купечеством, которую я будто бы высек, то это клевета, ей богу клевета» - деген сөз, оны мен дүреледі деген сөз, ол құдай біледі, шіп-шикі жала» - десе, Сұлтанов: «сауда б»лән еш ітуші унтер-офицер хатыны мәс» әләсіне кілгәндә, иміш мен аны қамшы білән сұқтырғанмын, ялған, воллахи, ялған» - деп аударарды, ал Каххар: «мархум унтер-офицернинг совдогарлик килиб юрадиган хотинини ургандигим турисидаги гап куруқ тхмат. Кудо до урсин, тухмат!» - деп береді. Гогольде екі қайыра айтылған «клевета»ны Әуезов «жала» деп бір-ақ айтады, сол бір «жала» екі сөзге татып, тұр, өйткені "шіп-шикі» деген сөздің екпіні өте күшейтіп жіберген. Сұлтановта «қамшы білән» артық сөз, «ялған» клеветадан көрі, «неправдаға» таяу. Каххарда «марқұм» (покойник) қажет емес еді, өйткені Гоголь унтер-офицерден көрі оның әйеліне көбірек төнеді. «Вдова» болған соң күйеуі өлгені рас, бірақ сол «вдова» өзбек тілінде жоқ па екен? Жесір болмаса да «тұл» жалпы түрк тілдеріне бірдей емес пе? Сұлтановта «жесір» де, «тұл да», «марқұм» да жоқ. Әуезов пен Каххар аудармасы Дуанбасының образын берген, ревизордың алдында жарамсақсуын, өзінің жылы орнын сақтап қалу үшін тіпті пара алатынына дейін жасырмай айтатынын, кібіртіктеп алып, есін жиып, сасқалақтап қақалып-шашалуына дейін дәл түсірген. Негізінен алғанда Гогольдің сықақ-әзілі орынды шыққан.

Дуабасының сөздеріне көп тоқталдық, өйткені ол «Ревизордағы» негізгі кейіпкер. Алайда, біз жоғарыда дуанбасының ылғи жарамсақ сөздеріне көңіл аудардық. Өзінен үлкенге табынғаш, жалтақ сөздерін, сондағы «кішіпейіл» бейнесін ашуға тырыстық. Енді, ревизор – Хлестаков, мұның қызын – Марья Антоновнаны айттырып күйеу болды, сонда төбесі көкке жеткендей қуанған кеудесіне нан піскендей

көтеріліп, көкіген Дуанбасының өз қол астындағы көпестерге сөйлеген сөзін келтірейік. «Городничий. Что, голубчики, как поживаете? Как товар идет вам? Что самоварники, аршинники, жаловаться? Архиплуты, протобестии, надувалы мирские! Жаловаться? Что, много взяли? Вот, думают, так в тюрьму его и засадят!... Знаете ли вы, семь чертей и одна ведьма вам в аубы, что...

...Знаете ли, что тот самый чиновник, - которому вы жаловались, теперь женится на моей дочери? Что? А? Что теперь скажете? Теперь я вас...У! ...обманываете народ. Еще мальчишка, «Отче наша» не знаешь, а уж обмериваешь; а как разоперт тебе брюхо да набьешь себе карман, так и заважничал! Фу ты, какая невидаль!...

...Жаловаться? А кто тебе помог сплутовать, когда ты строил мост и написал дерева на двадцать тысяч, тогда как его и на сто рублей не было? Я помог тебе, козлиная борода! Ты позабыл это? Я, показавши это на тебя, мог бы тебя также спроволить в Сибирь. Что скажешь? А?

...Вот ты теперь валяешься у ног моих. Отчего? – оттого, что мое взяло, а будь хоть немножко на твоей стороне, так ты бы меня, каналья, втоптал в самую грязь, еще бы и бревном сверху навалил.

...Я не помятозлобен; только теперь смотри, держи ухо востро! Я выдаю дочку не за какого-нибудь простого дворянина: чтоб поздравление было...Понимаешь? Не то чтоб отбояриться каким-нибудь балычком и головою сахару... Ну, ступай с богом!»...

Мысалға Дуабасының төрт рет айтқан сөзін біріктіріп алдық. Ондағы ойымыз кейіпкердің мінез-құлқын аша түсу. Бұл жерде Гоголь көпестердің кім екенін де, Дуанбасының кім екенін де анық түсіндереді. Тіпті дуанбасының осы жерде Гоголь көрсеткен мінезі былай тұрсын, оның сонау анасынан туғалы кім болғанын да оқушылар аңғара алады. Гоголь дуанбасының әке екенін, оның қызын жақсы күйеуге беріп, жасауын мол қылып ұзатуға тырысатынын, білімсіз пасық, тек қана құлқынын, үй-ішінің, өз қара басының қамын ойлайтынын, сондықтан талай-талай қылмысқа барып, саудагерлерді, қазынаны жеп күн елткен сұм екенін анық көреді. Осы мінезінің бәрі оның ата кәсібі, жас

күнінде алған тәрбиесі екенін ұғады. Осындай түйінді ойды Мұхтар Әуезов қазақ тіліне былай береді:

«Дуанбасы – «Е, көгершіндер, қалай, жақсы ма? Саудаларың құсет пе? А, немене өншең самауыршы, кездемеші, арыз қылдыңдар ма? Сырдаң сұғанақ, өңкей ала аяқ, ысқаяқтар! Арыз керек пе? Е, көп алдыңдар ма!? Жұлып-жұтқұншағың үзіліп, жаның тесілгір өңкей, абақтыға тығады деп ойладыңдар ма мені?!»

...Білдіңдер ме, әлгі сендердің арыз қылатын төрелерің енді менің қызымды алғалы жатқанын? А? Қалай енді? Не айтасыңдар? Енді мен сендерді... кесіптерің халықты алдау... мұрныңның боғы тиылмай, «пысымылданың» иісін де білмей жатып, безбеннен жейсің: Қарның жібіп, керіліп қалтаңды толтырасың, кеудеңе нан піседі! Көріп пе кісі, сірә, мұндайды!...

...Арызқойлар! Сен көпір салғанда, жүз сомға да тұрмайтын ағашына жиырма мың сом алғанда, саған жәрдем қылған кім еді? Текесақал ит-ау, мен емес пе сондағы? Ол есіңнен шықты ма? Мен оныңды көрсетіп, сені Сібір айналдырып жіберетін едім, не айтасың? Ә?

...Міне, енді құштың ба аяғымды? Неге десейші? Мен жеңдім, безбеннің басы өнтек саған ауғанда, сен мені батпаққа батырар едің де, тұрмастай қылып, үстімнен салдауыр үйер едің.

...Мен кек сақтамаймын, тек енді аяқтарыңды аңдап бас! Қызымды әлдебір жай дворянинге бергелі жатпағанымды білдіңдер ғой... Сол, кәдені білесіңдер ғой! Әлдебір балық-салық, немесе бір бас қант секілді мен құтыла қоям деп ойламаңдар, ал, барыңдар енді, жолдарың болсын!» - дейді.

Дуанбасы қазақ тілінде жатық сөйлеп тұр. Орысша «ревизорды» оқығанда алатын әсерің, қазақшасында кемімейді. Сөздің басы биязы басталып, бірте-бірте қатайып, зілді сөзге айнала береді. Сол биязы айтылғанның өзінде де кінәләп, түйрей сөйлеудің ізі жатады. Ол Гогольдің қарапайым, биязы сықағы (юмор). «Семь чертей и одна ведьма вам в зубы» деген сияқты орыс тіліне ғана тән боқтау – балағаттауды да Әуезов: «жұлын жұтқыншағың үзіліп, жаның тесілгір еңтей» - деп дәл де, екпінді етіп аударады. «еще мальчишка, «Отче наша» не знаешь, а уже осмеливаешь» - деген сөзін де «Мұрныңның

боғы тиылмай», «пысмылданың» иісін де білмей жатып, безбеннен жейсің» - деп береді. Расында, «мальчишканың», Гоголь ойлаған тура мағынасы осы. Әлі «өсіп жетпеген баласың», («недоросль мағынасында) «мұрныңның боғын тиып ал!» - мәнісінде айтылған ғой, соны дәл түсірген. Християн дініде айтылатын «Отче нашаны» мұсылман дінінің «пысымылдасына» алып келуі де дұрыс. Бұл «ревизор» енді қазақ әдебиетінің өз мүлкі болған. Әрине, әріпқойлар айтар: «Әуезов өте қазақыландырып жіберген, мұнысы христиан дініне мұсылман дінінің тонын кигізуі» дер, біз оған қосылмаймыз. Түсініксіз жазылған «дәлдіктен» қандай пайда бар?» Аударма – аударма үшін емес, аударма оқушы көпшілік үшін. Ендеше, аударма сол тілде оқушыға түсінікті болсын. Дуанбасының образы қазақ елінде бар, ол жасалған, мақсат орындалған. Гогольдің сықақ әдісі, өзінің дербес стилі берілген. Енді Хлестаков сөйлесін. Қонақ үйден (трактирден) Хлестаковты Дуанбасы өз үйіне шақырады. Сонда Хлестаков:

«Покорно благодарю. Я сам тоже – я не люблю людейдвуличных. Мне очень нравится ваша откровенность и радушие, и я бы, признаюсь, больше бы ничего и не требовал, как только оказывай мне преданность и уважение, уважение и преданность.»

Қазақша: «Алда ырза болсын. Мен де солаймын, екі жүзді адамды жек көремін. Маған сіздің ақ жарқындығыңыз қатты ұнап тұр, мен шынымды айтайын, маған тек инабат, құрмет – инабат көрсетсе болғаны, одан өзгені сұрамаймын» - десе,

Өзбекше: «- Ташаккур, ташаккур, узим хам мунафик кишиларни еман кураман. Сизнинг очиклигингиз, мехмондустлигингиз менга жуда екиб қолди, Ростни айтсам, хурмат билан садоқату, садоқат билан курматдан бошқа хеч нарсани истамайман» - деп береді; дәл осы жерін татарша:

«Бік рәхмәт сізге. Мен өзім де шолай, мен екі юзді кішіләрні яратмиым. Міңа сізнің яхшылық етуігіз бек ұхши. Дұрысын әйткәндә, мен өзім, міңа хурмәт билән ітағат, ітағат билән хұрмет көрсәтудән башқа нәрсә сұрамас та едім», дейді. Гогольдің «откровенность и радушие» - деген екі сөзін Әуезов: «ақ жарқынға» сиғызған, ал өзбекше: «очиклигингиз, мехмондустлигингиз» (гостеприимство) болып берілген, татарша: «ашық көңілі болуығыз, кішіге яғшылық етуігіз» - болып ұзарып кеткен. Екпіні әлсіреген, жібі босаң шыққан. Ал, осы текстегі аударуға ең қиын тиетін Гогольдің «преданность и уважение, уважение и преданность» -

деген екі қайталанған келте сөзі (отвлечение) үш тілде де дұрыс берілген. Бұл жері қазақша: «инабат, құрмет – инабат» - болса, өзбекше: «хұрмат билән садоқату, садоқат билән құрмат», - татарша: «хүрмәт билән ітағат, ітағат билән хурмет» - болып орынды шыққан. Ендеше, Хлестаков образы өз қалпында көрінген. Игілік орындарының қамқоры Артемий Филиппович Земляника Хлестаковқа кіріп судьяны жамандайды. Сонда: «Здесь есть один помещик, Добчинский, которого вы изволили видеть; и как только этот Добчинский куда-нибудь выйдет из дому, то он уж и сидит у жены его, я присягнуть готов... И нарочно посмотрите на детей: ни одного из них не похоже на Добчинского, но все, даже девочка маленькая, как вылитый судья» , - дейді.

Қазақша: «Осында Добчинский деген бір помещик бар, өзіңіз көрген шығарсыз, сол Добчинский үйінен шыға қалды бар ғой, судья оның қатынымен болады. Оған мен ант ішуге бармын... Өзіңіз қаса-қана балаларын барып көріңізші: Добчинскийге тартқан бір баласы жоқ, бәрі де, тіпті, ана бір кішкене қызы да аумаған судьяның тап өзі» десе; Өзбекше: «Бу ерда, хали узингиз кирған Добчинский деген бир помещик бәр , шу үйидан бирон жойға чикды дегунча судья дарроз хотинг алдига кириб утиради. Касам ич десангиз ичаман... Болаларини куринг, биронтаси Добчинскийга ухшамайди, хаммаси, хатта кизлари хам судьянинг худди узи» - деп береді;

Татарша:

«Мұнда Добчинский деген бер алпауыт бар, сіз оны көрген де едігіз. Менә шұл Добчинский өз үйінен бір жергә шығып кетсе, судья шұл ұқ сағат аның хатыны янына кіріп утыра. Ант етіп айта алам... Сез юри аның балаларына ғана қарағыз. Нішберісі де Добчинский төшлі түгіл. Һәммәсі, хатта кішкәнә қызына кәдәр, құйып қойған судья» - дейді.

«Которого вы изволили видеть» - Әуезовта «Өзіңіз де көрген шығарсыз» - болып мағынасы өзгеріп түскен, бұл сөзді Каххар «Хали өзіңіз көрген» деп, Сұлтанов: «сіз аны көрген де едіңіз» деп дұрыс аударған. «Нарочно» - ны Әуезов «қасақана», Сұлтанов «юри» - деп аударса Каххар тастап кеткен. «Даже, девочка маленькая» - Әуезов: «тіпті, ана бір кішкене қызы» да, Сұлтановта: «Хотта кішкене қызына кәдәр» - десе, Каххарда «хотта кизлари хам» - (все дочери) деп теріс айтқан. Негізінен алғанда үшеуі де түсініп аударған, образдың кім екенін ашқан. Әуезов пен Каххарда «помещик» өз қалпында алынса, Сұлтанов «алпауыт» деп аударған.

Тізе берсек «Ревизорды» түгел көшіруге де болар еді. Қысқарта айтсақ «Ревизордағы» басты образдар да, жанама образдар да жақсы берілген. Ресми терминологиясы жоқ әйелдер образы бәрінде де сәтті шыққан. Жеке айтылған өткір сөздер, мақал-мәтелдер де орнын тауып, көңілдегідей үйлескен. «Грешки грешкам рознь» - «күнәның да күнәсі бар»; «попробуй прекословить» - «Ал, енді, қынқ дедің бе»; «держи ухо востро» - «аяқтарыңды аңдап бас!»; «пачкуны проклятые – күйелі көсеулер»; «О, тонкая штука – түйінді қалай түйеді» - тағысын тағылар. Кейде жеке сөздерін тастап кетсе де Гогольдің негізгі ойын дұрыс береді, мысалы: «В муку бы стер вас всех, да к черту, в подкладку в шапку туды ему!» - деген сөздерін: «інге тығып жібер ме еді! Біріңді – біріңе қосақтап, насыбайдай уқалап, күл ғып ұшырар ма еді!» - «мука, черт, подкладка, шапкалар» түсіп қалса да Гогольдің ойы әлсіремеген. Автордың жеке сөздерінен әдейі алыстап, сықағын, екінінберуге таянғаны осыдан да көрініп тұр. «Оба пальцем в небо попали – Екеуің де төбесінен дәл түсіпсіз» - деп айнытпай береді, ал А.Каххар: «икковларынг хам таги йукгапирасизлар» - деп түсіндере, жайуат аударарды. Гоголь сөйлемінің келтелігі, екіні азаяды. «Чтобы не слишком давал воли кулакам своим» - өзбекше: «Муштуми бар дебхоммасини ура бермасин» - (өзбек тілінің мәтелі), қырғызша. «ол көп муштумын ойнота бербесін». Екеуі де дұрыс шыққан.

Негізгі тақырыбымыз ревизордың қазақ тіліне қалай берілгенін зерттеу болғандықтан, басқа тілге аударылғанын да әдейі салыстыру үшін әкелдік. Ондағы ойымыз қазақшасының жақсы, не жаман шыққанын айқындау үшін ғой. «Ревизордағы» кейіпкерлердің жалпы алғанда тәуір шыққанын, Гоголь стилі Гоголь образы берілгендігін, әліміз келгенше, дәлелдеп өттік. Сол игілі жақсы шығуымен қатар жансақ аударылып, хате басқанын да айтуымыз жөн болар.

Негізінен алып қарасақ өзбек тілінде араб-фарсі элементтері көбірек ұшырайды, ал татар тілінде орысша сөздер көп кездеседі. (өзбекше «хоким» татарша «Городничий» т.б.) Түрікпен тілінде арап-фарсы элементтері өте аз кездеседі. Жоғарыда көрсетілген еңбегінде 1952 – жылы О.Н.Олидор да осы пікірді айтқан екен, біз де соған қосыламыз. Ал, бірақ сол Олидордың «Поддевал на уду» - деген сөзді Әуезов «қақпанға түсіріп едім» - деп дұрыс аударды, өйткені Қазақстанда балық аулау кәсібі жоқ, сондықтан қармақ деп кесіп пікіріне қосылмаймыз. Біздің қазақ тілінде қармақ та (уда), қақпан да ертеден бар. «Ала бұға! Ақ қайран, қармағыма қап қайран» баяғы

фольклор өлеңі. Бұл мәселені ол кісіге көлденең біреу теріс түсіндірген болар. Рас, «қармақты» алмай, Өуезовтың «қақпанды» - алуынан Гогольдің ойына, стиліне нұқсан келіп тұрған жоқ, дұрыс шығуы даусыз шындық.

Енді бір сөз: осы аудармада әдіс алалығы бар. Екі түрлі әдіс қолданып аударған тәрізді. Мысалы ауызекі сөзбен, әдемі тілмен жатық, түсінікті аударып келе жатады. «Как можно-с! Вы делаете много чести. Я этого не заслуживаю» - деген сөзін Өуезов: «Қалай мүмкін болады! Сіз тым көтеріп айтасыз. Мен оған татымаймын» - деп жақсы аударды. Түсінікті-ақ! Ал, енді, басқа бір жерінде:

-Как, только два блюда?

-Только-с! – деген диалогты

- Қалай, еку – ақ па?

-Екеу-ақ-с» - деп сақитады.

- Так точно-с, в богоугодном заведении – деген сөйлемді- деп береді.Әрі қарай «так-с» «так-с» «солай-с», - деп те аударды. Бұлары түсініксіз шығуымен бірге, Өуезовтың алғашқы әдісінен өзгеше болып көрінеді.

Орыс тіліндегі бұл «с» тің лингвистикалық, этимологиялық түбірі «сударь – господин» (мырза) деген сөзден шығады. Осы «с» тің астарында бағынушылық , жарамсақтық бар. Өзінен зорға табынудың дыбысы жатады. Өйткені, қолжасына қарап құлы, мырзасына қарап малайы сөйлегенде ғана қолданады. Біздің ойымызша ол мағынасын Өуезов түсініп отыр, ендеше, мұны жаңа үлгі, жаңа тәжірибе – эксперимент есебінде ұсынатын тәрізді. Қалайда осы жаңа үлгі қолданған жері оқшау тұрады, Гоголь қазақша шорқақ сөйлейді, сөйтіп оқушыны мүдіретеді, түсініксіз шығады да мақсат орындалмай қалады.

Ал, енді «семга» бірде «көкс серке», бірде «балық» болып; «деревня - бірде деревня», екінші жерде «ел» болып аударылуына тоқталғымыз да келмейді, өйткені көркем әдебиетте автордың дыбыс ырғағына қарай бір сөз әлде неше құбылып отырады. Көркем аудармада мызғымас мағынасы бар терминге жабысып қалу қатеге соқтырады.

Осы «ревизордың» екі жерінде мұлт басқандық бар, мысалы: «Нехорошо, что у вас больные такой табак курят, что всегда расчихаешься, когда войдешь. Та и лучше, если б их было меньше: тотчас отнесут к дурному смотрению или к неискусству врача» - десе, Әуезов:

«Аурулар тым ащы темекі тартады, кіріп келгенде еріксіз түшкіресің, бұл да жақсы емес. Темекінің не ғұрлым азы жақсы, ауруды жөнді қарамайды екен, дәрігері дым білмейді екен деп кетіп жүрмесін», - деп береді. Осы аудармада «Да и лучше, если б их было меньше» - деген сөзді «Темекінің не ғұрлым азы жақсы» деу қате. Өйткені өсімдік «их» тың темекіге қатысы жоқ, ол «больных» деген сөздің орнында тұр, мұны татар тіліне Сұлтанов: «ауруларының азырақ болуыда яхшырақ» деп дұрыс аударған. Әрине, темекі аз тартынса ауру да аз болады, тура мағынасы бұзылмауы да мүмкін, бірақ Гогольдің жиішкелеп айтып отырған тұздығы ащы, сырты биязы сықағы (юмор) шықпайды, бұл сөзді Туанбасыға айтқызуы – оның образын ашуға себеп болып тұр. Топас әкім дуанбасының ауруларды емдемей-ақ қуып шығу керек, азайту керек деген пасық пиғылын аңғартып отыр. Осы сықақ берілмей қалған.

Екіншісі: «Жаль, что Иохим не дал напрокат кареты, а хорошо бы, черт побери, пирехать домой в карете, подкатить этаким чертом к какому-нибудь соседу – помещику под крыльцо, с фонарями, а Осипа сзади, одеть в ливрею» - деген Хлестаковтың арманын Әуезов былай аударды, «Әтең дүние, Иохим күймесінің майын бермегені, үйге күйме мен түсе қалып, әлдебір бай помещиктің дүрілдетіп кеп, екі жағынан фонары жарқыраған есік алдына тұра қалсам, ливрей киген Осип күйменің артында тұрса» - дейді. Осы жерде қате кеткен нәрсе «екі фонарьдің» помещик үйіндегі есік алдында тұруы. Помещиктің «екі фонарін» Хлестаков арман қылмас та еді ғой. Ол «екі фонарь» мұның күймесінің алдында, сонда лакей Осип ливрей киіп күйменің артында тұрса, міне Хлестаковтың салтанатты екені сонда айқындалады, ол осыны арман етіп отыр.

Қазақша «Ревизорды» оригиналмен салыстырмай оқысақ бұл қателер білінбейді. Аударманың желісіне бұлар аса нұқсан келтіріп те тұрған жоқ.

Кішігірім кемшіліктеріне қарамастан «Ревизор» аудармасын мақтауымыз, аударушы Гогольдің ойын түгел түсінген, оның әзіл-

сықағын (юморын) өзіне тән әдісін сақтап, қазақша жеткізген. Қазақ тілі мен орыс тілінің арасындағы шалағайлықты да ұтымды қабыстырған. Мысалы: «Хорошо, подпустим, что он за человек» - деген Дуанбасының сөзін: «жақсы, біз де көргірсейік, кім екенін білген болайық» деп бергенде қапы кеткен жері жоқ. Қандай орынды шывққані драматургты драматург қана жақсы түсінген, «ревизор» аудармасы қазақ әдкбиетінің өз мүлкі. Ең сонында тағы бір сөз: Гоголь Хлестаковтың мінез-құлқын ойнаушы актерлерге түсіндіре келіп: «Он несколько приглуповат и, как говорят: без царя в голове» - десе, Әуезов: «басында патшасы да жоқ» дейтін жарыместеу жігіт» - деп аударды. Мүмкін, бұл жерін Әуезов өзі аудармаған да шығар, егер аударса «ақылына айғыр салмаған» - жарыместеу жігіт» - дер еді ғой. Біреулер «патша» мен «айғырдың» үш қайнаса сорпасы қосылмайды деп те таласар, бірақ осы жерде ол екеуінің әсері бірдей. Орыс тілінде ұшырайтын мақал-мәтелдерді аударғанда сөзбе-сөз беруге келмейтін шалғайлықтар өте көп. Мұндай кезде аударушы өз халқының ұғымынан алыстамауы жөн. Егер орыс тілінде айтылатын «сeдьяма вода на киселе» деген мәтелді (бұл ағайының алыстығын түсіндіретін мәтел ғой) сөзбе-сөз: «тәтті судың) кисель – қазақ сөздігінде тәтті су» болып берілген екен) ішіндегі жетейінші су» - деп аударса кім түсінер еді? Сондықтан мұны: «құданың құдасы, қоянның сорпасы» - деу жөн. «Рыбак рыбака, видит издалека» - дегенді «балықшы балықшыны алыстан көреді» - деу де сөзбе сөз дәл болғанмен орыс мақалындағы ойды бермейді, өйткені балықшылық (пираттық) кәсібі қалыптаспаған елдің тіліне бұл әлі жат. Ал, қазақ тіліндегі «Аяз әлінді біл, құмырсақ жолынды біл» орысша сөзбе сөз аударып түсіндіру де мүмкін емес, ендеше, мұны орысша: «каждый сверчок, знай свой шесток» - деу орынды. «Көрмес түйені де көрмес» - «слона не заметит» - деу түсінікті де оқушыға ұғымды. Рас, жаңалыққа ұмтылу керек, бұрын қалыптасқан тілдің ауқымында қалмай ілгері басу мақұл, алайда әрбір аударушы өз заманының адамы, өз заманының жыршысы, өз оқушысы бар, соны ұмытпауы жөн. Өсу-өрбу сатысы бір күнде болмайды. Кезінде жақсы аударма болған Жуковский, Гнедич, Полевойлар аударған «Одиссея», «Илиада», «Гамлеттер» қазір ұмытылды, өз дәуіріміздің аударушылары шықты. Мұны естен шығармау керек.

Гоголь образын, оның сықағын беруде, түгел стилін сақтауда тағы бір ескеретін жайт бар. Ол –Гогольде ұшырайтын адам аттары. Мысалы: Собакевич, Ноздрев, Коробочка тағы басқалары. Осы

аттардың бәрін де Гоголь тегін қойып отырған жоқ. Әрине, бәрін бірдей аудару қандай сыңаржақтық болса, осылардың бәрін бірдей өз қалпында алу да сондай сыңаржақтыққа апарып соғады, өйткені әрбір сыңаржақтың түбі қателесумен ұштасып жатады. 1808 – жылы Бюргердің «Леонорасын», Жуковский «Людмила» деп аударса, 1816 – жылы Катенин сол Леонараны «Ольга» деп аударды. Жуковский Бюргерге «еліктедім» десе, Катенин «еркін аудардым» депті. Осындай аудару біздің әдебиетте де болды. «Коробочканы» - «Қобди қызы» - дей «Купердягиняні – «Күпілдек қызы» деулер шықты. Қазір ол беттен алыстап, енді екінші бағытқа түстік. Бұл кезде орысша қалай жазылса, бәрін де солай беруге ұмтылды. Тіпті, сол қойылған кісі атында тиекті мағна тұрса да аудармайтың болдық. «Переводчик не механический толмач, калькирующий букву подлинника, а сознательный сотрудник автора, рупор его мысли для иноязычного читателя»¹ - деп Маркс иегін айтпаған болар. Автордың сезінуін, автордың дыбысын аудару қиын, тіпті мүмкін емес, бұлар аударушының өз басында болуы керек. Оригиналдағы ойды, дыбыс ырғағын дұрыс түсінуі керек, сонда барып аударған жөн. Оригиналдың тарихын, автордың еліндегі әдет-ғұрыпты, тіл нормасын ұғыну керек. Автордың негізгі ойын жетік білу дұрыс. Мысалы: «Ком.манифесте» келетін Маркстің: «Bildung des Proletarats zug Klasse²» - деген сөзін Г.В.Плеханов «Организация рабочего класса» деп аударса, оны Владимир Ильич Ленин: «Превращение пролетариата в класс» - деп түзетеді; Плеханов: «угнетатель и угнетенный находились в постоянной вражде» десе, В.И.Ленин: «угнетающий и угнетенный находились в вечном антогонизме» деп күшейте түседі. «Постоянная враждадан» «вечный антогонизм» - ана ғұрлым артық екені даусыз. Плеханов: «Остальные классы приходят в упадок и гибнут» - десе, В.И.Ленин: «Все прочие классы приходят в упадок и уничтожаются»³ - дейді. Өйткені, «Әрбір тап өзінен-өзі барып құрымайды, тарихи өрбу арқылы көзі жойылады» - деген Маркстің негізгі ойын В.И.Ленин дәл береді. Ендеше сөзді қуаламай негізгі ойды беру дұрыс. Сондықтан, Гогольдің «Үйлену» атты пьесасын өзбек тіліне аударғанда Абдулла Каххар: «Яичницы – «Құймақов» - деп дұрыс берген. Орысшасы: «Яичница – Да что делать, я хотел было

¹ «Вопросы художественного перевода» стр.43, М.1955.

² Там же стр.19.

³ П.Антокольский. М.Әуезов, М.Рыльский, стх. «Художественный переводы литератур народов СССР». Сборник статей Вопросы художественного перевода М.1955, стр.19

уже просить генерала, чтобы позволили называться мне Яичницын, да свои отговорили; говорят, будет похоже на собачий сын»

Өзбекше: «Құймақов – қандай қилай! Генералдан фемиямды жиндай узгартиришга, Куймоқча килишга рухсат сұраған эдим, күнмадилар, «итваччага» ухшаб колоды дедилар»¹ - көріп отырсыздар ғой, бұл жерде Каххар Гогольдің «Яичницын – собачий сын» - деген ұйқасқан ойнақы сөзін де «Куймоқча – итвачча» деп дәл аударған, рухын берген. Гоголь ойының кілтін тауып өзбекше образын ашқан. Осы фамиличны 1928 – жылы Мәжит Дәулетбаев қазақ тіліне «Уыз құймақ» - деп аударды. Рас, бұл фамилия аударылмай Гогольдің ойы шықпайтының түсінсе де, әрі қарай «Яичницын – собачий сын» деген жеріне барғанда Каххарша жеткізе алмады. Алғашқы адымда көңілдегідей шықпаса да соның өзіне қанағаттанып едік. Ал, 1953 – жылы Ф.Д.Дінісламов қазақ тіліне: «амалы қанша? Яичницын болып-ақ атайыншы деген ойға келіп, генералдын рұқсат сұрағалы тұрған жерімде, мынауың «иттің баласы» дегенге ұқсастау екен деп, өзіміздің жігіттердің айнытып жібергені»² - деп берді. Аударушының өз тілімен айтқанда «амал қанша», - «Яичницын мен иттің баласы» үйлеспей-ақ тұр. Иі қанбаған, Гоголь ойнақылығы жоқ. Сөзін түгел берсе де ойын жете бере алмаған. Гоголь образы Яичницын қазақ тілінде көрінбей қалған. «жылқы аттас фамилия» дағы «Овсовты» Н.Баймухамбетов та «Овсов» деп аударып Чеховтың образын, ойын шығара алмады, мұны «Сұлыбаев» деп аударып, Әбдірәшит Ахметов ұтып шықты. Қысқарта айтсақ, Гоголь кейіпкерінің аттарын кейде аудару қажет деген пікірді қолдаймыз. Мысалы, Яичница, Собакевич, Ноздревтерді аудару керек деймін. Сонда Гоголь стилі, оның сықақ әдісі түгел сақталар еді де әрбір образы өз қалпында дара берілер еді.

«Ревизор» мен «Өлі жандар» сабқтас шығармалар. Екеуі де Россияда болған крепостнойлық дәуірдің неше алуан сорақылығын әжуалайды. «Ревизорда» тірі адамдар бірін-бірі сатады, үлкені орнын пайдаланып кішісіне көзін алайтады, жемсауы тлғанша жеп ти-сілікпесін шығарады. Патшадан бастап сонау кварталный Свистуновқа дейін пара алмайтын біреуі жоқ. Дуанбасы Сквозник – Дмухановский мансапқор құлқынының құлы, парашыл сұм, үлкенге жалтақ, кішіге талтақ екі жүзді жан. Обыр қорқау да, қылмысын түсіне алатын қорқақ та осы. Хлестаков түкке тұрғысыз, «ақылына айғыр

¹ Н.В. Владимирова. «Некоторые вопросы худ.переволы с рус. На узбек.язык.» стр.47. Ташкент. 1957 г.

² Н.В.Гоголь ІҮ. Том. 123 – бет. 1953 жыл.

самаған», «нәрсіз адам, тек кездейсоқ жағдай себеп болып, аз уақыт көрінекті роль атқарғанда, ол да қапы қалмай, қарпып қашады, айналасын сыпыра соғады. Ляпкин-Тяпкин, Земляника тағы басқалары – бәрі де Дуанбасының жемтіктестері, өзінен аумайды, соны толықтырып отырады. Әр қайсысы әр түрлі жан бәрін қосқанда жалғыз-ақ адам болып шығады – ол Россияны сүлікше сорған «парақор».

«Өлі жандар» поэмасында Гоголь, тірілерді былай қойып, өліктердің саудаға түскенін әшкерелейді. Жемтік күзеткен құзғындарды көрсетеді.

Тәңіррегіндегі тірі жандардың, бәрін түгел жек көретін, өз құлқынының құлы-жалмауыз Собакевич те, төбелесті іздеп жүретін бұзақы, өзі маскүнем, қарташы, суайт Ноздрев те; кесіп алса қан шықпайтын кескір, дүние қоңыз, сілімітір Плюшкин де; кім көрінгенге қантша еріп, ыржия күліп тұратын, генерал болғысы ғана келетін Манилов та; Коробочка, полицеймейстер, капитан – исправник, міне осылардың бәрі де патриархалдық ортадан шыққан, крепостнойлық дәурдегі сауда қоғамынан туған пасық мінездердің иелері, тұрпайы бейнелер.

«Өлі жандардағы» басты герой Чичиков. Өзгелеріне қарағанда бұл әлде-қайда жылпос, Россияда жаңа орын теуіп келе жатқан капиталдық салт-сананың көрнекті қайраткері Чичиков сырттан қарағанда сыпайы, мүләйім көрінсе де ындыны арам, ала-аяқ сұм, жоғарыда көрсетілгендердің бәрін «сатып алып, сатып жіберетін» жинақы, қуақи кейіпкерлер.

Қылмыс істеп-қызметтен қуылған, сүр бойдақ, коллегия соответнигі Павел Иванович Чичиков үйленгісі келеді. Жасаулы қалындыққа байдың ғана қолы жетеді. Ол кезде байлық-крепостной крестьяндардың санына қарай өлшенеді. Ендеше Чичиков өлі жандарды қолына тегін түсіріп алып, оларды тірі жандар есебінде көрсетуге ұмтылады. Сөйтіп, ол Херсон губерниясынан № губерниясына келеді. Қиыр шетте жатқан, аңқау деревня помещиктерінен өлі жандарды сатып алуға кіріседі.

Сонда, ең әуелі помещик Маниловқа кездеседі де, онымен дос болады. Өлі жандарын тегін алады. Жесір кемпір, дүниеқоңыз Коробочка бұған әрбір өлген мұжықтарын 15 тиыннан сатады.

Собакевич көп саудаласады, әрбіреуіне 100 сомнан сұрайды, тірі адамдардай мақтайды. Чичиков әрбіреуіне 80 тиыннан береді. Содан ұзақ саудаласа келіп 2 сом 50 тиынға тоқтайды. Плюшкин 78 кісіні (әрине, өлегндерді) 32 тиыннан сатады.

Сырт көрінісінде осы сауда шек-сіленнді қатырып күлдіреді, ал ішіне үңіле қарасаң, - құлдық дәуірі, еріксіздік дәуір кез алдыңа елестеп, ықтиярсыз жылап отырасың. Гоголь шебелігі өмір қайшылығын ашуда, соны биязы сықақпен беруде.

Осы екі шығарманың екеуінде де іліп-алар, жөні түзу адам жоқ.

«Өлі жандардың» екінші бөлімінде кездесетін өз заманына сай - - жағымды кейіпкер Тентетниковты әдейі қоспай отырмыз. Өйткені ол Тентников Гогольдің нысаналы ойынан шыққан образ ба, жоқ болмаса автор патшалық Россия тыншыларының көзін алдау үшін жазды ма, немесе Н.Ф.Ястржембский Гоголь өлгеннен кейін қосты ма? Ол арасын оқушыларымыз академик Виктор Владимирович Виноградовтың кітабынан¹ өздері оқып түсінер деген үмітіміз бар.

Гоголь шығармаларында ұшырайтын әйелдер де түп-түгел оңбаған өсекшілер, білімсіз ұсақ, мүгедек әуетілер. Осылай шығуының себебі не? Гоголь өз дәуірін, патшалық Россияны, крепостнойлық пасық заманды мейілінше жек көреді, ол жарқын келешектің жаршысы. Сондықтан ешбір жағымды жанда таба алмай зарығып өткен ақын. Заты, өз заманын жақсы көретін жазушылардың кейіпкерлері де ақ жарқын келеді, шығарманың ақыр-соңында мұратына жетіп отырады, бұлыңғыр шығып, бұлдырап кетпейді. Оның үстіне А.С.Пушкиннің де, В.Г.Белинскийдің де осы шығармалары үшін Гогольді жақсы көруі де сол баяғы пікірлестігінен туып еді. Ал, бұлардың соңынан «Выбранные места из переписки с друзьями» атты кітапшасы шыққанда мұны Гоголь патша заманынан қорқып, адасып жазды ғой (қайсар демократ, патша заманының айыптаушысы, атақты сынша В.Г.Белинскийдің Гогольге ашуланып, ұрсып жазған хаты да осы пікірімізге айғақ бола алады.

Ал, енді осынша біріне-бірі ұқсас, өңкей оңбаған кейіпкерлерді көрсеткен Гоголь шығармалары жұртты неге қызықтырады? Неге оны бұрын да, қазір де жұрт жалықпай оқиды? Біріншіден – өмір қайшылығын терең түсінетін, соны жеткізе суреттейтін Гогольдің

¹ В.В.Виноградов. «О языке художественной литературы» М.1959г. стр.259-334.

шеберлігі қызықтырады. Әлгі айтылған ындыны бір, идеялас кейіпкерлердің Гоголь әдісі арқылы дара-дара көрініп, біріне-бірі мүлде ұқсамауы тартады. Ол тип жасаудың шипайы шебері. Екіншіден – Гогольдің өзіне ғана тән әдісі, шексіз шетсіз биязы сықағы (юморы) арқылы қуаныш қайғыға, қайғы қуанышқа айналып отыратын көрегендігі жалықтырмайды.

Гогольдің әр адамды әр жағдайда сөйлете білуін, сол өмірді жетік түсініп, күйпі қайшылықтарын бадырайта ашып, көз алдына алып келуін өзінің мына сөздерінен де ұғынуға болады.

«Надобно сказать, что у нас на Руси если не угнались еще кой в чем другом за иностранцами, то далеко перегнажи их в умении обращаться... Француз или немец век не смекнет и не поймет всех его особенностей и раличий ... у нас есть такие мудрецы, которые с помещиком, имеющим двести душ, будут говорить совсем иначе, нежели с тем, у которого их триста, а стем, у которого их триста будут говорить опять не так, как с тем, у которого их пятьсот... словом, хоть восходи до миллиона, все найдутся оттенки»¹, - дейді Гоголь. Чичиковтың Коробочкамен сөйлесуі Маниловамен сөйлесуінен өзгеше екенін дәлелдеп отыр. Дәулеті қайтып кеделенген тұл кемпір, ұсақ помещик Коробочкамен сөйлескенде Чичиков батыл отырады, ал Маниловпен теңдесіндей абайлай сөйлеседі. Маниловтың үйіне келіп, есіктен кіргенде Чичиков озып алдына түсе алмайды. «Екеуі де бір қырынан қатарласа кіреді». Міне, осындай ерекшеліктерді қазымырлап терең көрсете білген Гоголь шығармаларындағы кейіпкерлер де біріне-бірі ұқсамайды, әр қайсысы өз тілінде сөйлейді.

Гогольдің осы сөзін 1936 жылы Қадыр Тайшықов: «Тегінде біздің Ресей халқы шет жұртқа өзге жағынан жете алмағанмен дәл кісі ыңғайына қарай билеу жағына келгенде әлде қайда асып кетті деуге болады... Пырансыны алсаңыз менімше бір немісті алып қарасаңыз бұл әурілістің неше қыр, неше сырларының барлығын мәңгі ұғына алмайды, ұғыну қолдарынан келмейді... Бізде кейбір данышпандар бар: бұлар екі жүз жанға ие помещиктермен сөйлескендегіден үш жүз жаны барлармен басқаша сөйлеседі. Бес жүз жаны барлармен сөйлескенде үш жүз жаны барлармен сөйлескендегіден басқа сөйлеседі... Қысқасы, жаны саны маған десе миллионға дейін созылса да, бұлардың сөздері де неше түрге құбылады» - деп аударса, 1955

¹ 447 – стр.

жылы Әнуэр Ипмағамбетов – «біздің Россияда, кейбір нәрселер жөнінен шетелдіктерге әлі жете алмай жүрсе де, біреумен сөйлесуге келгенде, соның ыңғайына қарай құбыла білу жағынан әлде қайда басып озып кеткенін айта кету керек... француз яки немец оның өзгешеліктерімен ерекшеліктерінің баршасын өмірбақи сөзбес те еді, түсінбес те еді... Бізде екі жүз жаны бар помещиктермен бір түрлі сөйлессе, үш жүз жаны барларымен екінші түрде сөйлесетін, үш жүз жаны барлармен тағы бір түрлі сөйлессе, бес жүз жаны барлармен олай сөйлеспей, мүлдем басқаша сөйлесетін даналарымыз да бар, қысқаса миллионға дейін барса да үн сарынында құбылмалы, астарлы жақтары табыла береді» - деп аударарды. Осы екі аударманың арасында жиырма жылдық өмір жатыр, өйткені Тайшықов бірінші рет «Өлі жандарды» 1932 – жылы аударды. Бұл жиырма жыл қазақ совет әдебиетінің ұлы туындылар беріп, дүние жүзіне өзін таныттырған дәуірі. «Абай» эпопеясы, «Бота-көз», «Оянған өлке», «Шығанақтар» жарық көрген кез. Ендеше, тіл нормасы, әдебиеттік ұғым, сөйлем ықшамдығы қалыптасқан кезде аударған Ипмағамбетов «Француз яки немец» деп Гогольше («француз или немецті») ықшам айтса, Тайшықовтың «Пырасыны алсаңыз меніңше бір немісті алып қарасаңыз» деп шұбалта беруі де заңды. Қолында қалыптасқан норма жоқ, алдындағы үлгісі өзінен де төмен еді. (Өйткені бұдан бұрын 1928 – жылы «Үйленуді» Мәжит Дәулетбаев аударды, ол аудармадан «Өлі жандар» көп ілгері ғой). Алайда бірінші сөйлемдегі «Русьті» Тайшықов «Ресей халқы» деп берсе, Ипмағамбетов «Россия» деп береді, бірақ осы аударманың басқа жерінде «Русь» деп те аударарды. Қазақта бұрын Россияны «Ересей» немесе «Русия» деуші еді. «Русь» - орыс деген мағынада қолданылады. Сөзді «р» дыбысынан бастау берірек шықты, ол арап-фарсы әсері араласқанда бірге келді, мысалы, Рабиға, Раушан тағы басқалары. «Ұлың ұрымға, қызын Қырымға кетсін» - дейтін қарғыс ішіндегі «ұрым» - «рим, ғой. «р» - дыбысынан, қос дауыссыз дыбыстан сөз басталмайды. «Французды» «Пырансы» деп отырғаны да сол заңға байланысты. «Орыс» дегенде халықты ұғамыз да, «Россия» - дегенде жер көлемін түсінеміз, ал «орыс» бұрынғы қазақ тілінде жеке айтылғанда екіұшты мағынасы бар сөз, көбінесе жағымсыз мағынада, ол мұсылман дінінің әсерінен туған-ды. Сондықтан Тайшықов «орыстың» екіұшты мағынасынан қашып «Ресей» деген сөзге «халықты» қосып алған, ал Ипмағамбетовтың «Ресейді-Россия» етіп алуы бұрынғы аударманының әсерінен шыға алмауы еді, ал оның артында тұрған «халық» деген сөзге көңіл аудармауы қатеге

соқтырған. Бірінші сөйлемді Гоголь ауыз-екі сөзге («надобно сказать») құрған, қарапайым тілімен жинақы айтуының өзінде ойнақылық бар («кой в чем другом, не угнались, перегнажи»), соның өзі оқушыны күлдіруге дайындап отырады. Бұл сөйлемде Тайшықов Гоголь стилін ашқан, сықағын берген. «Кісі ыңғайына қарай билеу – в умении обращаться», «әлде қайда асып кетті – далеко перегнажи», «надобно сказать – деуге болады». Сықағы да, жинақылы да, ойнақылығы да түгел берілген. Жалғыз-ақ «жағынан, жағына» екі қайтара айтылып, ойды қожыратып тұр. Ипмағамбетовта бұл сөйлемнің мағынасы түгел, сөздері артық болмаса аз емес, бірақ сықағы жоқ, тура айтылған, өте шұбалаңқы шыққан. «Кеткенін айта кету керек» деуі оқушыны мүдіртеді, құлаққа ысқаяқ естіледі. «Надобно сказать» - ті бұл жерде «айта кету керек» - деп төтесінен тураламай, сипай қамшылап» деуге болады». – деп келтіру дұрыс шығар еді.

Үшінші сөйлемді Тайшықов бөліп-бөліп жіберген, Гогольдің екпінін, дыбыс ырғағын бұзған, ал Ипмағамбетов күрделі сөйлем етіп, гогольдік периодты сақтаған. Алайда, «мудрецы» деген сөзге «данышпан» деген екіұшты мағынасы бар сөз тура келеді, Тайшықовтың ол сөзінен қашып, «данаға» соқтығудан Ипмағамбетов ұтпаған, өйткені, «дана» тура мағынасында дұрыс, ал Гогольдің ойында кекесін сықақ (юмор) тұр. Соны бере алмаған. Осыны түсініп Ипмағамбетов 1958 – жылы үшінші аударғанда: «дананың орнына «сұңғыланы» алған, мұнысы тәуір шыққан. «Словом, хоть восходи до миллиона, все найдутся оттенки» деген сөз Гогольдің сықақтың түйінді шырқау шыңы. Осыны Тайшықов «қысқасы, жан саны маған десе миллионға дейін созылса да, бұлардың сөздері де неше түрге құбылады», - деп сықағын сақтайды, Гогольде «жан саны» жоқ, ол жасырын тұр, «маған десе» күшейтудің белгісі, «құбылады» - да орынды. Ал, Ипмағамбетовта: «қысқасы миллионға дейін барса да (!?) үн сарынында құбылмалы, астарлы жақтары табыла береді» - дейді. Осы сөз тіркесі түсініксіз құрылған, «Миллионға дейін баратының» не екені, кім екені ашылмаған.

Екі мезгілде аударылған осы шығарманы салыстырып қарасаңыз, мынадай пікірге келесіз. Тайшықов кейбір жерлерін түсінбей долбарлап береді, ал орысша оригиналды Ипмағамбетов өте жақсы түсінеді. Қазақ тіліне Тайшықов бай, тіл табиғатын артығырақ біледі, әсіресе Гоголь сықағын (әрине, түсінген жерінде), ол жақсы береді. Мысалы: «И наврет совершенно без всякой нужды: вдруг расскажет,

что у него была лошадь голубой или розовой шерсти» - деген жерін Тайшықов: «Өтірік айтқанда ешбір мақсатсыз, қажетсіз-ақ соға берер еді. Мысалы: менің пәлен уақытта бір атым болды. Сол атым зеңгер түсті еді, немесе торғыл еді...» десе, Ипмағамбетов: «Және тағы өттірікті де, мүлдем ешбір қажеті болмаса да, соға салады: мысалы: менде түгі көгілжім немесе ал қызыл ат болды...» - деп аударарды. Осы жердегі көгілжім – «көк» деген сөздің өзгерген түрі екенін, «ал қызыл» - «қызылдың» күшейген түрі екенін оқушы түсінеді, осындай «көк ат, қызыл ат» болатынын да біледі. Мұнда өтірік жоқ. Ал, Тайшықов айтқандай «зеңгер түсті» ат, «тарғыл» ат болмайды, тарғыл сиыр болады. Міне, Ноздревтің өтірікшілігін айқындайтын сықақ сонда шыға келеді. Гогольдің бұра сөйлеуін берді деп осыны айтамыз.

Бірінші томның алтыншы тарауына дейін Ипмағамбетовтың көп еңбегі сіңген. Әрі қарай да редакцияның бар екені байқалады. Бірақ біз екі аударманың қайсысы жақсы, қайсысы төмен деген сұрақты алдымызға қойып та отырғамыз жоқ. Бізге керек нәрсе Гоголь сықағы, Гоголь стилі, ерекшелігі қазақ тілінде берілді ме, сол қалай берілді? Міне осыған тоқтамақпыз. Жоғарыда, Тайшықов кейбір жерлерін түсінбейді дедік, соған да бір мысал келтірейік. «Чуткий нос его слышал за несколько десятков верст, где была Ярмарка со всякими с «ездами и балами...» деген Гогольдің сөзін Тайшықов: «...сондай жәрменкелерде, жәрменке маңындағы съез, балдарда» деп аударарды. Бұл жердегі «съез» орыстың «съезжаться» деген естістігінен шыққанын байқамай қалады, ол сөзді Ипмағамбетов: «жиын-думанды, сауық-сайранды» - деп дұрыс береді.

Тура айтылған сөзді аударудан көрі кінәялы, астарлы ойы бар әзіл-сықақты (юморды) аудару қиын. Ал, Гогольдің негізгі пікірі сықақпен (юмормен) берілген ғой, сол қалай аударылды екен?

Чичиков сатып әкелген өлі жандарының тізімін оқып отырады. Сонда Петр Савельев Неуважай – Корыто, Пробка Степан, Максим Телятников, Елизавет Воробей, (бұл әйел екен, оны сұмырай Собакевич тізіміне білдірмей қосып жіберіп, екі сом елу ти ынды артық алса, керек). Григорий Доезжай – не – доедешь, Никита Волокита, Антон Волокита деген фамилиялар кездеседі. Осы тізімді оқып отырып: «Григорий Доезжай – не доедешь! Ты что был за человек? Извозом ли промышлял, и заведши тройку и рогожную кибитку, отрекся навеки от дому, от родной берлоги и пошел ташиться с

купцами на ярмарку. На дороге ли ты отдал душу богу, или уходили тебя твои же приятели, за какую-нибудь толстую и краснощекую солдатку, или пригляделись лесному бродяге ременные твои рукавицы и тройка приземистых, но крепких коньков, или, может, и сам, лежа на полатях, думал, думал, да ни с того ни с другого заворотил в кабак, а потом прямо в прорубь, и поминай как звали! Эх, русский народец! Не любит умирать своей смертью!...» деген жерін Тайшықов : «Одан кейін күргірей Доезжай – не доедешь деген ат ұшырады. Сен нағылғын адамсың? – деді Чичиков. Кіре тасып кәсіп қылдың ба? Әлде үш парлатып үйі-күйіңнен қашып, байларға еріп алып, жәрменкеден жәрменкені мүйгідің бе екен? Әлде жол үстінде жан тапсырдың ба екен? Әлде оқыстан кабак жаққа бұрылып кетіп, сол жердегі тапқан табысың бастап барып сай басында қалдыры ма екен? Беу шіркін, орыс жұрты, қашан сендер өз ажалдарыңнан өлетін болар екенсіңдер!?» - деп аударса, оны Ипмағамбетов: 1955 – жылы «Одан кейін жүрсе жете алмас-Григорий деген ат ұшырады. Сен, неғылған адамсың? – деді Чичиков, - кіре тасып кәсіп қылдың ба, әлде үш ат жегіп, үй-жайыңнан безіп, купецтерге еріп, жәрменкеден жәрменкені шүйгідің бе екен? Әлде жол үстінде жан тапсырдың ба екен? Әлде топ-толықша келген қызыл-шырайлы солтакаға бола достарының өздері-ақ мүрдем кетірді ме, әлде арман қарақшасына сенің қайыс қолғаптарың, тырбық болса да мініскер аттарың ұнап кетіп, келденді қиды ма екен, әлде, бәлкім, өзің сәндіренде жатып, ойлап-ойлап, іс-міс жоқ, кабак жаққа қарай бұрылып барып, содан шыққан соң мұз ұйыққа түсіп кетіп, атың өшті ме екен? Беу орыс жұрты-ай! Өз ажалынан өлуді сүймейді-ау, әсте!» - дейді. Дәл осы жерін 1953 жылы татар тіліне К.Басыров аударады: «Григорий Доезжай – не – доедешь! Син нинди кеше иден? Иек ташып шөгильләнә торгач, тройка атлар һом чыпталы кибитка сатып алып, өеңиән, туған қуышыңнан гомергә кул селтадең дә ярминкеден – ярминкәгә сәудәгәрләр йерттеңме? Жаның да иминлек белән юлда чықтымы, әлдә оны нинди де булса берәр ал янақлы, юан солдатқа ечен, үзеңнең үк урман сукбас синен күн бияләйләреңә, карсак, ләкин таза тройкаңа қызықтымы, әлдә, сәндерәдә уйланып ята торгач, бір дә юртан кабакка китеп, шуннан туп-туры бекеге чумдыңмы? Эх, бу рус халқы үз үлеме белән үләрге яратми да соңи»¹ - дейді.

¹ Н.В.Гоголь. «Үле жаннар». Поэма. Бірінче том. Тәржемәнең икенче басмасы. Татгосиздат. Матур әдебият редакциясы. Казан, 1953 –ж. 144-145 – беттерін қараңыз.

Ал, енді сол Ипмағамбетов 1956 жылы «жаңа өмір журналына» екінші рет бастырғанда да, артынан 1958 жылы үшінші рет бастырғанда да екеуі бірдей болып шыққан: «жете алмас, жетпей де қоймас Григорий! Сен қандай кісі болдың екен? Кіре тартып кәсіп қылдың ба, немесе тройканды, жәкемен қаптаған күймелі арбанды сайлап алып, өз үйіңнен туған ұяңнан мәңгі безіп, көпестермен бірге жәрменкеден жерменке кезіп кеттің бе, әлде? Жанынды құдайға жол үстінде тапсырдың ба, немесе, бетінен қаны тамған, сеп-семіз бір солдатқа бола достарының өздері-ақ құртты ма әлде, немесе орман қарақшысы қайыс қолғабыңмен, тырбиған, қортық болса да, мықты мініскер үш мәстегіне қызығып кетті ме әлде, немесе сәндіренде жатып, ойлап-ойлап, кенеттен, іс-міс жоқ, кабакқа қарай жөнep беріп, содан кейін жылымға түсіп кетіп, зым-зия жоқ болдың да, атың өшті ме әлде? Ай, орыстар-ай! Өз ажалынан өлгенді сүймейді-ау, шіркін!-« болып аударылған. Гогольдің үісілерге қойған аттарында да сықақ (юмор) бар екені даусыз. Өмір қайшылығы, теңсіздік осылардың өзінен де көрініп тұрады. Пробка, Воробей, Волокита, Неуважай-Корыто, Доезжай – не – доедешь – тердің мына Манилов, Чичиковтардан айырмасы зор. Ескіден қалған мұра есебінде Плюшкин, Коробочкалар айтылса да олардың өз аты, әкесінің аты қосыла жүреді. Крепостной мұжықтардың әкесінің аты қоса айтып қастерлей болған емес. Орыс тілінде Анна Аркадьевна мен Аннушка бір емес. Алдыңғысы қожайкеге, соңғысы малацға айтылады. Орыс өміріндегі осы шындықты аша отырып, Гоголь келемежге еріксіз алып барады.

1932 – жылы Тайшықов: Собакевичті Итбаев, Свинньинді – Шошқабаев, Ноздревті – Тұмсықов, Коробочканы –Қобди келіні деп аударса, ал 1936 – жылы бәрін де түгел орысша алыпты. Алдыңғысы қандай сыңаржақ болса, кейінгісі де сондай сыңаржақ әдісі. Өйткені Коробочка мен Свинньинге Гоголь шұқшимаиды, оларды ескіден қалған жұрнақ-кличка есебінде ат үсті айтып кетеді де, мына Ноздрев пен Собакевич – аттарына сай мінездеме береді, осы жерін аңғару керек еді. «Григорийді» «Күргірей» деуі аудару емес, үндестік заңына бағындыру, өткен заманда ауыл арасында солай айтылғанын анықтау ғана. Ипмағамбетовтың аударуға әрекет жасауында сол Гоголь сықағын түсінгендікбар. Әрбір жаңалық бірден қалыптаса қоймайды, көңілге ұйып, құлаққа сіңуі керек. Әрине, Ипмағамбетовтың 1955 – жылы: «Петр Савельев құрметтеме Астау; жүрсе жете алмас Григорий» деуінен көрі 1956-1958 жылдары келіп: «Петр Савельев

Астау сыйламас; жете де алмас, жетпей де қоймас» - деп аударғанда Гогольдің дыбыс екпінін, сықағын беруге таянғандық бар.

Ипмағамбетов алғаш аударғанда Тайшықов салған сораптан шыға қоймады, тіпті сөзбе-сөз қайталайды, «шүйгідің бе» деген Тайшықовтың сөзін де ала салады. Проспер Мерименің «Карменін» аударғанда Ипмағамбетов бұл сөзді қолданбайды, ендеше ол сөз Ипмағамбетовтың бойына бұрын сіңген сөз емес. Мысалы «түбегейлі» деген сөзді Мұхтар Әуезов қолданады, осы сөзді түсінеміз ғой, бірақ Сәбит Мұқановта бұл сөз ұшырамайды. «Рә» мен «мұқият» қолданылып жүр, қазір мұны қолданған жазушылардың қай ауданнан екенін айтпай танымыз. Ендеше, «беу шіркін, орыс жұрты» - деген сөзді «Беу орыс жұрты-ай» деуден де айырма таба алмаймыз.

Рас, Тайшықов біраз жерін тастап кеткен, ол жерін Ипмағамбетов толықтырып дұрыс берген. «Сәндіренде жатып» деген сөзді түсіне аламап едік, оны соңынан Басыйровтың «сәндерәдә» деген сөзінен барып ұқтық. Гоголь текстінде кездесетін «Отдал душу богу», «уходили», поминай как звали» - осы үшеуі де өлім – өлтіру айналасындағы сөздер, алайда биязі айтылған, кіная бар. Оларды «мүрдем» кетірді ме, көлденді қиды ма, атың өшті ме? – деу бүкпесіз түсінікті, тура айтылған сөздер. Гогольдің алыстанорағытып «уходили» деген сөзін «аттарыңа қызығып, достарының сыбағанды берді ме?» - деген сияқты жанамалатып айту Гоголь стиліне таянар еді. «Приземистые, но крепкие кони» - десе оны Ипмағамбетов – бірде «тырбық болса да мініскер аттарың ұнап кетіп» - деп аударды (Бұл жері Тайшықовта жоқ). «Тырбық» аттың «мініскер» болуы қонбайтұр, ал тырбиған қортық мәстекке қызыға қою да қиын-ақ! «Жатаған-аласа» деген сөздер аузына түспей-ақ қояды. Осы жерін «қарасақ» - (аласа, тапал, көзге қораш мағынасында) - деп аударған Басыйровтың сөзі келте, ойы дәл шыққан, өйткені «приземистый» көп шалқуды қажет етіп те тұрған жоқ. Ал, Гогольдің «ни с того ни с другого заворотил в кабак» - деуінде шындық та, келемеж де бар. Бұл жерін Тайшықов «Оқыстан кабак жаққа бұрылып кетіп» - деп қыбын тапқандай болса, Ипмағамбетов алғаш ретте: «іс-міс жоқ, кабак жаққа қарай бұрылып барып» - деп, өз ықтиярымен бара жатқандай етеді. Гогольдің ойында «кабакка бұрылғанын ол өзі білмей де қалды» деген мағна тұр. Үшінші рет аударғанда Ипмағамбетов та алғашқы қатесін жойып, «кенеттен, іс-міс жоқ, кабакка қарай жөнep беріп» - деп күшейткендей, бірақ «іс-міс жоқ» - бұзып тұр. «Поминай как звали» деген сөзді» зым-зия жоқ

болып, атыңөшті ме әлде?» - деуінде де көп сөзділік бар. Гоголь ырғағы, Гоголь келемежі көп шалқуды, кей кезде, қабылдамайды, «от родной берлоги» - деген сөзді «үйі-күйіңнен қашып» - деу де, «үй-жайыңнан безіп» деу де көңілдегідей шықпаған, тіпті Ипмағамбетовтың 1955 – жылы «Өз үйіңнен, туған ұяңнан мәңгі безіп» - деуі де жаңсақ қолдану, өйткені Гогольдің ойынша «заведши тройку и рогожную кибитку отрекся навеки от дому, от родной берлоги» - деуінде «тройкаға, күймеге қолың жеткен соң, жетістің де, өз қуысыңнан қаштың ғой, менсінбей кеттің-ау!» - деген дыбыс тұр, мұны Басыйров дұрыс беріпті.

Біз жоғарыда Гоголь күлдіру үшін күлдірмейді, өмір қайшылығын терең суреттейді де күлкі соның өзінен туады дедік, мысалы Чичиковтың генерал Бетрищевпен сөйлескен жерінде орыс сөздері сондай тіркескен, тіпті Чичиков өз ағасын (дядя) келемеждеп, оны «ахмақ, есек» деп отырады, алайда, оқушы Гогольдің генералды «ахмақ, есек» етіп көрсеткенін анық түсінеді.¹ Міне, Гогольдің өзіне тән биязі сықағы (юморы) осылай сырғанады.

«Өлі жандарда» Гоголь полицеймейстерге мінездеме береді: «Полицеймейстр был некоторым образом отец и благодатель в городе... Трудно было даже и решить он ли был создан для места, или место для него. Дело было так поведено умно, что он получал вдвое больше доходов против всех своих предшественников, а между тем заслужил любовь всего города» - дейді. Сөздің сыртына қарағанда өте онды айтылған, өмір шындығы түгел берілген, бірақ астарында «парахор полицеймейстер» деген келелі ой жатыр. Дәл осы жерін Тайшықов: «Полиция бастығы осы қалада әрі тәртіпорнатушы, әрі барлығының атасындай адам еді... Қызмет бұл үшін жаралды ма, бұл өзі қызмет үшін жаралды ма? Мұнысын шешуге кімге де болса қиын еді. «Қалауын тапса қар жанады» - деген бар ғой, істің ебін тауып реттеп жүргізгендігі соншалық, бұл кісі кіріс жағын өзінен бұрын осы қызметте болған адамдардан екі есе артық мөлшерде кіргізіп отырар еді. Сонымен қатар бүтін қала халқына сүйкімді еді» - (132-133 бет) деп аударса, Ипмағамбетов 1955 – жылы: «Полицейместер осы қалада әрі панакер, әрі барлығының атасындай адам еді... Қызмет орны бұл үшін жаралды ма, бұл өзі қызмет үшін жаралды ма? Мұнысын шешуге кімге де болса қиын еді. «Қалауын тапса жанады»

¹ Н.В.Гоголь. Сочинения. ГИХЛ. М.1955. стр.553-554.

деген бар ғой, істің ебін тауып, реттеп жүргізгендігі соншалық, бұл кісі кіріс жағын өзінен бұрын осы қызметте болған адамдардан екі есе артық мөлшерде кіргізіп отырар еді. Сонымен қатар бүтін қала халқына сүйкімді еді» (183 – бет) – дейді. Соңынан 1956 – жылы (270 – бет), 1958 – жылы (177 – бет) бастырғанда, Ипмағамбетов былай аударады: «Полицейместер осы қаладағы әрі қамқоршы, әрі барлығының атасындай боп қалған адам еді... Қызмет орны бұл үшін жаралды ма, бұл өзі қызмет үшін жаралды ма? Онысын шешу кімге де болса қиын. Істің ебін тауып, реттеп жүргізгендігі соншалық, бұл кісі кіріс жағын өзінен бұрып осы қызметте болған адамдардан екі есе артық мөлшерде кіргізіп отыратын. Сонымен қатар, бүгін қала халқына сүйкімді еді» дейді. Кейінгі екі басылуында айырма жоқболғандықтан екі рет келтіруді артық көрдік.

Гогольдің осы сөздерін 1953 – жылы К.Басыйров: «Полицейместерны шәһернең хермәтлі атасы һәм игелекле кішесі дип әйтерге була иде...Хәтта улмы урын өчен яратылған, әлдә урынмы аның өчен яратылғандығын белу дә читен иде. Аның әшләре шундай ақықы қорылған, ул әлегрек әшлеп киткән барлық полицеймейстерларға қарағанда доходны икі үлеш кубрек ала, шуңа қарамастан, бетен шәһәрнең мәхуббәтен казнаган иді» (159 – бетте) деп береді. Тайшықовта басы артық сөздер бар: «Қалауын тапса қар жанады» - дейтін мәтел жалпы ойының сарынына қайшы келмесе де «так поведено умно» - ның аудармасы емес. «Еді» деген етістік те бірнеше қайталанған. «Тәртіп орындаушы – благодательдің мәнісін бермейді, ол «блюститель порядка» деген мағнада. Оны Ипмағамбетов «панакер» деп жасанды сөзге соқтықтан, екінші, үшінші рет реадкция жүргізгенде ғана «қамқоршы» деп берген. «Ревизорда» қамқоршы – попечитель», бұл содан алған тәрізді. Қалайда мұны теріс дегіміз келмейді. Гогольдің «между тем» деген сөзінде екпін тұр, оны түйіп берген биязі сықағы да осыған тиянақтайды, оны: «сонымен қатар» - деуі жадағай шыққан, бұл сөзін Басыйров: «шуңа қарамастан» - деп күшейткен де Гогольдің дыбыс екпінін дәл тапқан.

Кейіпкерлерінің мінезін, кескінін көрсеткенде Гоголь әр қайсысын өзінше даралап береді. Сонда: «Один бог разве мог сказать, какой был характер Манилова. Есть род людей, известный под именем: люди так себе, ни то ни се, «ни в городе Богдан, ни в селе Селиван», - по словам пословицы... В первую минуту разговора с ним не можешь не сказать: «Какой приятный и добрый человек!» В следующую затем

минуту ничего не скажешь, а в третью скажешь: «черт знает что такое!» и отойдешь подальше; если же не отойдешь, почувствуешь сккуку смертельную... У всякого есть свой задор: у одного задор обратился на борзых собак; другой кажется, что он сильный любитель музыки и удивительно чувствует все глубокие места в ней; третий мастер лихо пообедать; четвертый сыграть роль хоть одним вершком повыше той, которая им назначена; пятый с желанием более ограниченным, спит и грезит о том, как бы пройтись на гулянье с флигель-адъютантом, напоказ своим приятелем, знакомым и даже незнакомым... Словом, у всякого есть свое, но у Манилова ничего не было» (436-437) – дейді.

Маниловқа берген осы мінездемесінде өмір шындығын, сондағы талай қайшылықтарды анық көрсеткен. Биязі әзіл сықақпен бастап, түйрей шаншып, ащы мысқылға айналдырып апарыпжеткізген. Асықпай-саспай, қарапайым сөздермен, мәтелдей сөйлеп отырып діңкенді құртады. Осы жерін Тайшықов: «Маниловтың нақты қулық-мінезі қандай екендігі бір құдай өзі білмесекім білсін! Адам баласының ішінде «анадай да емес, мынадай да емес» дерлік адамдар да болады. «Оны көрсе оны сақ, мұны көрсе мұны сақ, түлкі менен қарсақ» - дерліктей да адамдар ыолады... Маниловпен қапелім сөйлесіп кеткен минутта: «неткен ақ көңіл, неткен сүйкімді адам!» дегенді іркілместен айтып салар едіңіз. Енді содан кейінгі минутта не дерге білмес едініз. Үшінші, минутке келгенде: «Мынауыңның қандай адам екенін шортым білсін!» - деп қол сілтер едіңіз. Бойыңызды аулағырақ салар едіңіз. Бойыңызды аулақ салмасаңыз өлердей ішіңіз пысар еді... Әркімнің өзінше құмары бар. Біреудің құмары жүйрік тазы, екінші біреулер бар сүйгенім музыка, оның ішіндегі жүрек шерін шертетін әсерлі жері деп санайды; үшінші біреулер тамақты тоя жеуге шебер; төртіншілер өзіне берілген дәрежесінен енді бір елі жоғарылауды көксейді; бесінші біреулер ұйқтаса да, түсінді көрсе де Флигель-адъютантпен қолтықтасып, өзінің досжарандарына, таныстарына хатта танымайтындарының да көзіне түсуді арман қылады... Қысқасы, неше адам болса, соншалық қалауы, көздегені бар, ал біздің Маниловта олардың бір де бірі жоқ еді...» (22-23 бет, 1936 ж.Қ.Т.) десе, осы жерін Әнуәр Ипмағамбетов: «Маниловтың мінезі қандай екенін бір құдайдың өзі білмесе, кім білсін! Адамдардың ішінде, не ол да емес, әрі-сәрі, мақал сөзімен айтсақ, «қаладағы Богдан да емес, селодағы Селифан да емес» дейтін белгілі бір түрі

болады... Өзімен сөйлесе қалсаң, ә дегенде: «қандай сүйкімді, әрі мейірбан адам!» - демесіне ылажың болмайды. Содан кейінгі келесі минутта түк айтпасың, ал енді үшінші минутта: «сайтан білсін қандай екенін!» - дейсің де аулағырақ тайып тұрасың; тайып тұрмасаң өлердей зерігіп кетесің... әркімнің де бір ынтығы болады; енді біреуі барып тұрған музыкашымын, әрі соның не бір әсерлі жерлерінің бәрін кереметтей сеземін деп ойлайды; үшіншісі тамақты сылқита соғуға ұста болады; төртіншісі, өз мандайына жазылғанынан бір елі де болса жоғарырақ дәрежеде болғанды көксейді, нәпсісі тым алысқа шаппайтын бесінші біреуі достары мен таныстарының, тіпті таныс еместерінің де көз алдынан Флигель-адъютантпен қыдырып бір өтсем деген арманын ұйықтаса да түсінде көріп жатады... қысқасы әркімнің де өз мінезі болады. Бірақ Маниловта ештеңе де жоқ еді...» - деп аударлады. Ал, кейінгі шыққан екі аудармасында бұл жері өзгермейді, сондықтан келтіргеміз жоқ.

Осы екі текстен көзге түсетін нәрсе: екеуі екі әдіспен аударған. Тайшықов мүлде «қазақылап» жіберсе, Ипмағамбетов дәлдікті көздейді. Ол әсіресе мәтелді аударғанда айқындала түседі. Тайшықов көп сөзділікке ұшырап, сұйылтып жіберсе, Ипмағамбетов дәлдікті сақтау үстінде түсініксіздікке апарған. Қазақ ұғымында «Богда» мен «Селифан» әлі қалыптастаған сөздер. Бұл сөздерді орысша біреуден Гогольдің ойы шығып тұрған жоқ.

Түбір қуалап – автордың ойын беруден көрі сөзін сақтауға кіріссек, онда көркемдік ырғақты бере алмай қалуымызға мүмкін.

Көркем шығарманы аударуда әдебиеттік – көркемдік жағын ұмытуға болмайды. Мысалы, ағылшын тілінде «у каждого облачка есть серебряная подкладка» - деген мәтелді орыс тіліне «нет худа без добра» - деп аударлады.¹ Бұл жерде мәтелді дәл аударып, сонсоң орыс оқушыларына мәнісін түсіндірген. Ал, екінші бір мәтел: «он не успел сказать Джек Робинсон» дейді, мұнысы орысша «он оглянуться не успел» - екен. Осы мәтелді ағылшынның «Джек-Робинсонын» сақтап сөзбе-сөз аударсақ түсініксіз болар еді. Сондықтан И.А.Крылов көп жасаған жанды көрсету үшін «Мафусаил» дың атын келтірсе, оны Спандияр Көбеев

¹ «Правда» газеті, 1960 ж. 22 май, № 143, Фельетон – В.Маркин, З.Юрьев.

...Дәуіттей сенің жасың мыңға келмес...» деп аударарды. Осы аударма туралы С.Қирабаев: «Мафусаил орыс халқында көп жасаған адам болса, Дәут, Лұқпан, Хақимдер – қазақ ұғымында көп жасаған адамдар. Бұл жерде жазушы халық ұғымына сай есімдерді пайдаланады»¹ - дейді. Ол кезде осылай аудармаса болмас та еді. Оның үстіне әрбір сөздің этимологиялық түбірін қуаламай, автордың ой ырғағын, айтылып отырған жағдайдағы дыбысын жеткізу керек. Бір кезде Фейрбах «религия» деген сөздің түпкі мәнісі – «Связь» деген сөзден шықты, сондықтан бұл «религия», құдай мен адам арасындағы «связь» (байланыс) деп тапқан. Фейрбахтың осы жалған пікіріне қарсы шығып Ф.Энгельс: «Существительное религия происходит от глагола «Zeligaze» и означало первоначально связь. Следовательно, всякая взаимная связь двух людей есть религия. Подобные этимологические фокусы представляют собой последнюю лазейку идеалистической философии. Словам приписывается не то значение, какое получили они путем исторического развития их действительного употребления, а то какое они должны были бы иметь в силу своей этимологической родословной»² - деген Энгельстің сестен шығаруға болмайды. Ал, қазірде де орыс халқы «Абай» атын аудармайды, «Алдаркөсені» аударарды, өйткені «Алдаркөседе» мағына тұр, ол тегін қойылған ат емес. Ағылшын тіліндегі «Джек Робинсон», орыс тіліндегі «Богдан, Селифан», қазақ тіліндегі «Алдаркөселердің» халықтық қалыптасқан мағынасы бар. Ендеше, әңгіме сөздің этимологиялық түбірінде емес, автор айтқан ойда тұр, соны беру керек.

1932 – жылы шыққан «Әлі жандарға», 1935-жылы сын жазылды. Сол сында Гогольдің «Ноздревін – Тұмсықов, Собакевичін Итбаев» - Дегені туралы айта келіп «мін» тақты. Сол сынға 1936 – жылы Қ.Тайшықов жауап берді, сонда: «...Мазақ ат берудің үстіне атып типтің табиғатымен, мінез-құлқымен байланыстырады. Бұл фамилияларды аударған кезде (1930-жылы дейді Тайшықов) мен аудармай алсам Гогольдің ат қоюдағы мақсатын оқушыға жеткізе алмай қалам деген пікірде болдым. Ал өзге автордың жай қоя салатын «Журавлев, Плугин» - деген аттарын мен «Тырна баласы», «Соқа баласы» - деп аударған да емеспін, аударма алмаймын да...»³ дейді. Осылай айта келіп, Тайшықов Гогольдің өз сөзін келтіреді. Екі әйелге қойған

¹ С.Қирабаев. «Спандияр Көбеев өмірі мен жазушылық қызметі», 1958. 69-бет.

² Ф.Энгельс. «Людвиг Фейрбах конец классической немецкой философии». М.Гослитиздат, 1951, стр. 26-27.

³ Қ.Тайшықов. «Аударма түр.» «Қазақ әдеб.» 15 янв.1936. № 2.

аттарының себебін айтады. Мысалы, біреуін: «Приятная дама во всех отношениях» десе, екіншісін: «Просто приятная дама» - дейді. Олардың мінезін, қимылын да солай суреттейді. Бұларды Тайшықов: «бар қылығы сүйкімді әйелә, «жай сүйкімді әйел» - деп аударса, Ипмағамбетов 1955 – жылы Тайшықовты көшіре салады да, ал 1956-1958 – жылдары «барлық жағынан бірдей сүйкімді ханым», «жай сүйкімді ханым» - деп өзгертеді. Осы редакциясының өзінде үлкен екі хате бар, біріншіден: «Дама» - ханым емес, қазақша ханымының этимологиялық мәнісі басқа, ол ханның әйелі. Екіншіден: Гогольдің дыбысы – «ханым» түгіл, «әйел» - деуден де алыс жатыр, автордың дәл ойы екеуі де өсекші «қатын» еді дейдің қасында тұр. Бұл авторға берген Гогольдің астарлы ойын түсінген Басыйров татар тіліне: «һәр яқтан сөйкемді дама»; «Болай ғына сөйкемде дама» деп атаған. Чеховтың «Дама с собачкой» атты әңгімесін 1936 – жылы Әшім Омаров: «Қанден еріткен дама» - деп аударса, Әбжәміл Нүрпеисов: «Қанден еріткен келіншек» деп аударарды. Осылардың бәрі де ханымды біліп отыр. Ендеше, автордың ой ырғағын дыбысын аңғарып, соны жеткізу керек.

Осы екі текстің жалпы алғанда, айырмасы шамалы, мысалы, «есть род людей» - ді Тайшықов: «адам баласының ішінде» - десе Ипмағамбетов: «Адамдардың ішінде» дейді; Тайшықов «Задорды» «құмары» десе, Ипмағамбетов: «ынтығы» дейді. «В первую минуту деген сөзді Тайшықов «қапелім» десе, оны Ипмағамбетов «» дегенде» - деп аударарды; әрі қарай «приятной и добрый» деген сөзді «ақ көңіл, сүйкімді» - десе, «сүйкімді, мейірбан дейді.

Осы бір кісі аттарына көп тоқталуымыздың себебі бар, өйткені үнемі таласқа түсіп келеді. 1957 – жылы «Көркем аударманың кейбір мәселелері» деген мақаласында Әнуар Ипмағамбетов: «Собакевич пен Ноздрев – Тамбов пен Рязанның помещиктері болмай, Тайсойғанның Итбаевы мен Татануовы болып шықты» - дейді. Бұл жоғарыдағы келтірілген Тайшықовтың сөзіне берген жауабы еді. Ізденудің жолында мұндай айтыстың болуы заңды. Осы жөнінде заманымыздың ақыны, беделді аударушысы С.Маршактың сөзін келтірейік: «Нельзя перекрашивать писателя другой эпохи в цвет своего времени – это было бы фальсификацией, подделкой, однако художественный перевод – не нотариальный. Он не бесстрастен. Внимательный глаз читателя и критика всегда уловит в нем почерк

века, почерк поколения, индивидуальный почерк поэта-переводчика»¹
- дейді.

Бұл сөздің мәнісі: «Өткен заманның түрін бояп өзгертпе, бірақ өз заманының ұғымына байланыстырып беруің керек, өз дәуірінің тілін біл!...» деп тұр ғой. Жуквоский, Лермонтов, Абай аудармалары да осы пікірімізге тиянақ болады. Ең соңғы аударымыз оригиналдың сөзінен көрі ойына таяну керек! «Богдан» мен «Селифан» ды Гоголь Маниловтың мінез құлқын анықтау ретінде құрал еткен, ал автордың ой-тиегі сол кісі аттарында – «Богдан» мен «Селифанда» тұрған жоқ.

Осы халқының басқа мақал-мәтелдерін де қолдана отырып, Гоголь сол қалыптасқан түрін өзгертпей-ақ кестелеп сөйлейді. Образдың ішкі сырын ашуға ыңғайлап келтіреді. Мысалы, чиновниктер Ноздревтан Чичиков туралы әңгіме сұрайды, сонда Ноздревтің суайт өтірікші екенін, даңғазалығын айқындау үшін: «И все согласились в том, что как с быком не биться, а все молока от него не добиться» - дейді. Бұл жерін Тайшықов: «Барлығы да өгізді қаншама сауғанымен сүт шықпайды» деген нақылдың дұрыстығына келіп тірелісті» - десе, Ипмағамбетов: «Барлығы да тілесең қалай күт, өгізден шықпас сүт» - деген нақыл дұрыс екен деп келісті» - дейді. Мұны татар тіліне К.Байсыров: «Һәмбарсы да угез білән никадәр генә азаплансаң да, барыбер сөт ала алмассың» - деген фикерге килделәр» - деп аударарды.

Осы үш аударманы салыстырып қарағанда Тайшықов пен Басыйровтың автор ойын дұрыс бергендігін байқайсыз, ал Ипмағамбетов ұйқасын сақтаған. Бірақ «сүт» ке «күт» ұйқасып тұрса да Гогольдің ойына үйлеспейді. Қазақ ұғымында «күту» екі мағынада: «ждать», «ухаживать» қа келеді. Гогольдің «биться» деген сөзі «сауғаныңмен» немесе «азаплансаң да» деген мағынаға жақын. Сұайтылған соң «сауу» етістігі өзінен өзі сұранып тұрады: Қалайда аударылуы дұрыс болған. «қанден иттің қартайғанша күшік аты қалмайды» - десек орыс тіліндегі «маленькая собачка до старости лет щенок» - еріксіз есіңе түседі. Ендеше, ұйқасты да қуалай беру қажет емес.

Енді осы Гоголь Ноздревтің күйеуі Сафрон Межуевке мінездеме береді. «Ол бірден кісіге көнбейтін, өз айтқанынан қайтпайтын адам

¹ С.Маршак. Литературная газета, № 41, от 4/ІҮ-1959 г., статья: «Почерк века, почерк поколения».

тәрізді көрінеді де, артынан кім болса соған еріп кететін екі ұрық жан» дегенді айта келіп:

«...Словом, начнут гладью, а кончат гадью» деген мақалды қолданады. Осыны Тайшықов: «қысқасы, бұлар басын таудай, аяғын қылдай қылып шығарады» - десе, Ипмағамбетов 1955-жылы: «...қысқасы басы жып-жылмағай, аяғы сұп-сұмырай» деп аударарды. Тайшықов құр нобалайды, орынсыз мақал етуге тырысады, даярды алады, ал Ипмағамбетов жаңа мақал етіп шығарған. Артық сөз де жоқ, сыртынан қарағанда Гогольдің ойы да, дыбыс ырғағы да түгел тәрізді. Алайда, «күле кіріп, күңірене шығады» десе дәл келетіндей. Осы жерін Ипмағамбетов 1956-1958 жылдары: «Қысқасы бастауын жып-жылмағай ғып бастаса да, аяқтауын былықтырып аяқтайды» - деп редакциялайды. Бұл текске артық сөздер қосылып, мақалдығы қожырап кеткен. «Бастау, аяқтау»-лар екі екіден айтылып, «ғып» деген сөз төтеден қосылып, жинақылығы кеміген. Ұзын-ұрғасы бұрылмаған. Мұны Басыйров: «қысқасы, яхшы батлап, қабахат очлыйлар» - деп береді. Келте де дұрыс аударылған.

«Ну, брат, ты, кажется, уже начал пули лить» деген сөзі Ноздревтің өтірікшілігін әйгілеу үшін айтылған мәтел. Мұны Тайшықов: «О», сен, тым сықпыртып жібердің ғой» - десе, Ипмағамбетов 1955 жылы: «Беу, бауырым-ай, сен, сірә, бұршақтан бытыра құя бастадың білем» - деп аударарды, ал 1956-1958 жылдары: «Қой, бауырым, сен тегі, бұршақтан бытыра құя бастадың білем»- деп, «беу»ді «қой»ға ауыстырып береді. Осы кейінгі аударманы жақтаймыз. Гогольдің ойы да, сөзі де түгел. Мәтел екендігі де көрініп тұр. «Сықпыртудың» өтірікші екені рас, бірақ» пули лить»тің кестесін бермейді. «Бұршақтан бытыра құя бастады» - деу сөз саны артық болса да, қыбынды қандырады. Осы жерін Басыйров: «Ай, туған, синбик нық борчак ата батладың лабаса» - дейді. Бұл жерде «бик», «нық» деген сөздер бірін бірі күшейтіп тұрған жоқ, екеуінің мағынасы өте таяу, сондықтан қайталау тәрізді шыққан.

Орыс тілінде қалыптасқан мақал-мәтелдерді қазақшаға аударғанда екі әдіс бар: біріншіден ол қазақ тілінде болуы мүмкін, онда соны алу керек, немесе өзіндей мәтел етіп аудару керек. Әрине, Тайшықов та, Ипмағамбетов та, Басыйров та Гоголь емес екені көрініп тұрсын, сонымен бірге өз тілінде болуын көздеген жөн. Ендеше, «әр тілде жазған жазушылардың әдебиеттік ерекшелігі, не заман-дәуір

стилін көрсететін ерекшелігі, немесе өз басының айрықша жеке-дара жазушылық ерекшеліктері көрінбей қалмасын»¹ деген М.Әуезовтың пікірін толық қостаймыз. Бірақ бұл әдіс жеке сөздерді сақтау үшін қолданылмау керек. Мысалы, «барин, архалук, Хованский, Храповицкий, Завалишин, Сопиков, Полежаевтер» аударылмаса болмайды, өйткені: «барин» тап қоғамы тудырған, теңсіздік дәуір жемісі. Ол қазақ халқында да болды. Өз «барині» болмаған «бахатты» ел жер жүзінде болған да жоқ. Ендеше, «баринді», «мырза» деуден еш нәрсе бұзылмайды. Стиль ерекшелігі де ол сөзде емес. Ал, «архалук» орыс тіліне түрік тілінен ауысқан сөз, бұл аңшылар киетін желбегей тон. «Арқалық» (арқаға жамылатын) деген мағынада. Гоголь, «чушка» десе оны да «шошқа» демей орыс әрпімен алудан қандай мақсат орындалмақ? Хованский-украина тіліндегі «ховать» - «жасыру, тығу, бұғу, ұрлау» - мағынасында қолданылады. Ең негізгі мәнісі «пара алу» - болу шығады.

Мысалы, Гоголь: Дело устроено было вот как: Как только приходил проситель и засовывал руку в карман с тем, чтобы вытащить оттуда известные рекомендательные письма за подписью князя Хованского, как выражаются у нас на Руси...»

«Все те, которые прекратили давно уже всякие знакомства и знали только, как выражаются, с помещиками Завалишиным да Полежаевым (знаменитые термины, произведенные от глаголов «полежать» и «завалиться» которые в большом ходу у нас на Руси, все равно как фраза: заехать к Сопикову и Храповицкому, означающая всякие мертвецкие сны на боку, на спине и во всех иных положениях, с храпами, носовыми свистами и прочими принадлежностями; все те, которых нельзя было выманить из дому даже зазывом на расхлебку пятисотрублевой ухи с двухаршинными стерлядями и всякими тающими во рту кулебяками; словом оказалось, что город и люден, и велик, и населен как следует...»

десе, осында кездесетін «Завалишин, Полежаев, Сопиков, Храповицкийлерді» - өзгертпестен – орысша алған. Тайшықов, Ипмағамбетов, Басыйров – бәрі де бір ізбен шыққан. Олардың ойы Гоголь стилін, Гоголь ерекшелігін сақтау. Ал, ендеше Гоголь сықағын неге сақтамауға? Оригиналды оқығанда күлмеуге мүмкін емес, аударма ысқаяқ есітіледі. Күлмек түгіл түсіну қиын. Рас, кейде орыс

¹ Мұхтар Әуезов. «Ревизов аудармасы туралы», «Қазақ әдебиеті» газеті, 1936 ж. 2 октябрь, № 37.

ұғымында бар, қазақ-татар ұғымына жат тұратын қайшылықтарды аудару қиын-ақ! Өз шындығында жоқ нәрсені беру оңай емес! Мысалы, баяғы Петербург, Москва ақсүйектері арасында сөйленетін тар шеңберге сыйған сөздерді аудару жеңіл емес.

Бірақ өз тілінде бар ұғымды беру оңай. Бір мысал келтірейік: 1929 жылы январь-февраль айында Бұхараның Ромитан ауданында «Көне Шурча» атты қыстақта болдық, онда тәжіктер тұрады. Міне, сол жердегі тәжік тілінде «Хоб рәфтән» деген етістік бар. Бұл екі сөздің бірі «Хоб» - ұйқы, орысша – сон деген сөз, ал екіншісі «рәфтән» жүру, кету – орысша, «идти, войти, входить» деген мағынада, екеуі қосылғанда қазақша «ұйқыға кету, ұйықтау» - болады. Бір айта кететін жәйт – осы «Көне шурча» халқы жерін суарады, ол суды он алты шақырым жердегі өзенненарық арқылы ағызып әкеледі. Жыл он екі айдың ішінде тоғыз ай еңбек істейді. Осы тәжік тілінде «жату» етістігінің басқа түрі жоқ. Қазақ тіліндегі «ұйықтау, мызғу, қалғу, мүлгу, жантаю, жанбастау, шынтақтасу, етпелеу, шалқалау...» бәрін де бір-ақ сөзбен айтады, онысы «Хоб рәхтән». Көрші түрік тілінен (өзбек, түрікпен тілінен) ауысқан «Ямбәш кәрдән» бар, бұл «жамбастау» мәнісінде. Осы етістік кейін кірген тәрізді, өйткені сирек қолданылады. Тіл-еңбек процесінің, өмір шындығының жемісі екені белгілі. Орыс тілінде «ұйықтау» «жату» етістігіне байланысты сөздерді аударуға тәжік тілі тапшылық етсе де, қазақ тілі бұл жөнде кімге болса төтеп бере алады. Қазақ тіліне аударуға Гогольдің нағыз оңай жері де осы.

«Айта кететін бір қызық жай: ұлан-байтақ кең дала мен оазистердің, адыр-қырқалар мен таулардың, шоқы төбелер мен сай-салалардың, жел мен дауылдың, найзағай нөсердің, шыжыған шілде мен теңіздей толқындаған дала селеуінің пейзаждық көріністерін, қазақ өмірінің әдет-ғұрпы мен тұрмыс салтының суреттерін барлық аударушылар да сәтті шығара алған. Мұндай ерекше сәттіліктің себебі, сірә, басқа себептермен қатар Дон казактарымен біздің қазақ ауылдарының табиғат ұқсастығынан, тұрмыс салттарынып ұқсастығынан да болса керек... Сонымен бірге бейнеленіп отырған шынайы өмірдің асылына, сырына, қатпар-қыртысына қанық болу аударманың тағдырын шешетін ең басты шарт¹...» дейді Мұхаметжан Қаратаев. Сыншымыз осы ойды Шолоховтың «Тынық Дон» атты романың қазақ тіліне аударулуы жөнінде айтқан болатын, біз де осы

¹ Мұхаметжан Қаратаев. «Туған әдебиеттер туралы ойлар» КМКӨБ. А. 1958 ж. 336-337 б.б. «Тынық Донның қазақша аудармалары, және Көркем аударманың кейбір мәселелері» атты мақаласында.

пікірді толық қуаттаймыз. Көшпелі қазақ елінде диқаншылықты, өндіріс орындарында еңбек етуді кәсіп қылмаған анайы елде «ұйықтау», «жату» етістіктерін неше саққа жүгіртіп құйқылжытуға мүмкіндік бар еді. «Жатуды, ұйықтауды» - тоғышарлықты әдейі шенеп, крепостнойлық дәуірдің арамтамақтарын әшкерелеп тұрған Гогольдің ойын бермей, сөздеріне жармасудың қажеті жоқ-ақ, өйткені бұл «Завалишин, Полежаев, Сопиков, Храповицкийлер» аударылуға өздері сұранып тұрған сөздер. «Хованский» де солармен тектес, өйткені, пара алу, пара беру жөнінде де біздің тілде етістіктер аз емес. «Қымқыру, жымқыру...» тығысын-тағы толып жатыр.

Тұжыра айтсақ автордың сөзін емес, ойын аудару керек. Мысалы: «Оказалось в третьем ряду уселись рядом литераторы, фамилии которых, по странной случайности, имели прямое отношение к обуви.

-Смотрите, Калошин, Лаптев, Башмаков, Каблуков... А вон, там, подальше Георгий Чулков с Николаем Носковым. А сбоку у самого края Сапожников! Но почему же, скажите на милость, не пришел Голенищев?»¹ - дейді Анненский. (Бұл Владимир Галактионович Короленконың досы. «Түйенің тілі шығып жылқы туралы сөйлесе, онда түйе жылқыға еріксіз өркеш бітірер еді» - дейтін Анненскийдің осы сөзін М.Горький де үнемі аузынан тастамаушы еді» - деп Корней Чуковский келтіреді. Осы фамилиялар аударылмаса Анненскийдің сықақ әзілі, ойының тиегі ашылмай қалар еді. Тағы бір мысал: «Бывало, выйdet сатирический роман с походом какого-нибудь пройдохи вроде известных походов Соведрала-Большого-Носа роман, в котором уже самые имена действующих лиц – Ухорезовы, Надуваловы, Шлюхины, Правосудовы, Беспристрастовы, Бескорыстины, Миловидины, Правдолюбобы и т.п.»² - десе, міне бұл фамилияларды да аудармай Белинскийдің ойын қазақ оқушыларына жеткізу қиын.

Әрі қарай Гоголь: «Не имей денег, имей хороших людей для обращения» - сказал один мудрец» - десе, Тайшықов «Ақшаң болмасын, бірақ сыйласарлық досың көп болсын» - депті ғой бір данышпан» - дейді, мұны Ипмағамбетов: «Ақшаң болғанша, әдеппен сыйласар жақсы кісілерің болсын» - деген екен бір дана адам» - деп береді. Осы жерін Басыйров: «Иөз сум акаң булганчы, иөз дусың

¹ Корней Чуковский. «Короленко в кругу друзей» . Журнал «Октябрь» № 9, 1960, стр. 197.

² В.Белинский. Собрание сочинений в трех томах. Т.2. стр.610. М.1948 г.

булсын, дигән бит бір ақыл иясі дә-диді» деп аударарды. Гоголь осы арада орыс тілінде қалыптасқан даяр мәтелді («не имей сто рублей, а имей сто друзей ді» өзінше өзгертіп беріп тұр. Мұны Басыйров ашып айтқан, Тайшықов пен Ипмағамбетов біле тұрса да Гогольдік өлшекнен шыққысы келмеген. Гоголь ойын Тайшықов ықшам берген. Оригиналда жоқ «бірақ» ты қосуы дыбыс ырғағы күшейтуге себін тигізген. «Мудрец» тің орнына «дана» мен «ақыл иясі» нен жері «данышпан» артық тәрізді. Оның үстіне Ипмағамбетовтың «әдеппен» деген сөзі артық тұр, өйткені «әдепсіз» сыйласу мүмкін емес!

Гогольде қарапайым биязі сықақ (юмор) пен өткір мысқыл (сатира) қатар жүріп отырады. Сыртынан қарағанда сықағы басым. Өйткені өз заманындағы жөндеттерге ол көз етіп, әдейі істейтін тәрізді.

«Я, признаюсь, не понимаю, для чего это так устроено, что женщины хватают нас нза нос так же ловко, как будто за ручку чайника! Или руки их так созданы, или носы наши ни на что более не годятся. И несмотря на то, что нос Ивана Никифоровича был несколько похож на сливу, однако ж она схватила его за этот нос и водила за собою, как собачку¹» - дейді.

Міне, Гоголь орыс тіліндегі «водить за нос» дейтін мәтелді өзінше қолданып, биязі сықақпен (юмормен) беріп отыр, мұнда орасан өткір мысқыл (сатира) жоқ. Осы жерін А.Елшібеков: «шынымды айтсам, әйелдер осы біздің мұрнымыздан шайнектің тұтқасын ұстағандай-ақ, қалай оп-оңай жетелеп жүре беретінін түсінбей-ақ қойдым? Не олардың қолы солай жаралған, немесе біздің мұрнымыз бұдан өзгеге жарамайды. Иван Никифоровичтің мұрны піскен қара өрікке ұқсастау болса да, ол мұнын осы мұрнынан ұстап алып, оны қанден итше жетелеп жүретін»² - деп аударарды. Гогольдің зілсіз әзілін жақсы аударған: қанден итше жетелеуі дұрыс берілген, алайда өсімдіктер («ол, оны» көп айтылып ойды қожыратып тұр, «слива»-ны «піскен қара өрік»-деуі де орынсыз, әсіресе «піскен» артық сөз. Ал, енді тап осындай тағы бір биязі сықағын (юморын) келтірейік: «Никогда не говорили они (дамы): «Я высморкалась», «я вспотела», «я плюнула», а говорили: «я облегчила себе нос», «я обошлась посредством платка». Ни в коем случае нельзя было сказать, что стакан или эта тарелка воняет...» а говорили вместо того: «этот стакан нехорошо

¹ Гоголь. Сочинения. ГИХЛ. М., 1956, стр. 204-205

² Н.В.Гоголь шығармалары екінші том. А.1952, 240

ведет себя» или что-нибудь вроде этого. Чтоб еще более облагородить русский язык, половина почти слов была выброшена вовсе из разговора, и потому весьма часть было нужно прибегать к французскому языку, зато уж там по-французски, другое дело, там позволялись такие слова, которые были гораздо пожесче упомянутых» - дейді. Биязі сықақпен (юмормен) бастап, бірте-бірте өрбіте барып ащы мысқылға (сатираға) айналдырып әкетеді. Осы жерін Тайшықов: «...Мұндағы әйелдер: «мен сіңбірдім, мен терледім, мен түкірдім» - деген сықылды сөздерді ізнаһар ауыздарына алмас еді. Оның орнына «мен мұрнымның жүгін жеңілттімә, «мен орамалмен сүртіндім» деп сыпайылап, биязылап айтар еді. «Мынау стаканнан, болмаса, мынау тәрелкеден жаман иіс шығады» - деп еш бір уақытта айтуға болмас еді. Мұның туралап өзін айту түгіл, анау «иіс-қоныс» дегендерге маңайластыра ештене айтуға жарамаушы еді. «Мынау стақан өзін тәртіпті ұстап жүре алмады» - деген сықылды ишарамен ғана айтуға болар еді. Орыстың тілін бұдан да кәрі сыпайландыру үшін бір сыпыра сөздер айтылудан, қолданылудан шығарылған еді. Ондай сөздердің орнына Пырансы сөздері қолданылар еді. Ондай сөздерді анау қолданудан шығарылған орыс сөздерінен қаратанырақ, салмақтырақ бола тұрса да о жағы сөкет саналмас еді». (ҮІІІ-141 б.) десе, 1955 «жылы Ипмағамбетов:» Мұндағы әйелдер: «Мен сіңбірдім», «мен терледім», «мен түкірдім» деген сықылды сөздерді ауздыраны алмас еді. Оның орнына «мен мұрнымның жүгін жеңілттім», мен орамал арқылы ғамал еттім» - деп сыпайылап, биязылап айтар еді.

«Мынау стаканнан, болмаса, мынау тәрелкеден жаман иіс шығады» - деп еш бір уақытта айтуға болмас еді. Мұнын туралап өзін айту түгіл, анау «иіс-қоныс» дегендерге маңайластыра ештеңе айтуға жарамаушы еді. «Мынау стақан өзін тәртіпті ұстап жүре алмады» деген сықылды ишарамен ғана айтуға болар еді. Орыстың тілін бұдан да гөрі сыпайландыру үшін бірсыпыра сөздер айтылудан, қолданылудан шығарылған еді. Ондай сөздердің орнына француз сөздері қолданылар еді. Француз сөздері орыс сөздерінен қатаңырақ, салмақтырақ бола тұрса да, о жағы сөкет саналмас еді» (ҮШ-194 б.). Кейін шыққан екі басылуында да өзгеріс болмаған соң келтірмедік. (1956 ж. -237 б., 1958 ж.188б.). Басыйров татар тіліне «Алар бервақытта да: мин борын саңгердем», «мин триләдем», «мин тәкердем» - деп әйтмиләр, ә һәрвақыт: «мин борнымны арындардым; «мин борын яулығы бәлән ихтияжымны утәдәм» - дип сөйләшәләр.

Шулай ук: «бу стаканнан яисе тарелкадан сасы ис килә» - дип әйтәргә, хәтта шуңа охшаш суа кулланырға да һичбер ярамы, ә оның урныны: «бу стакан унен адепсеа тотә» - дип, яки шуның микелле башка берәр суз қушып сөйлиләр иде. Рус телентағын да ныграк затлыландыру очен., сузләрнең яртысы дип әйтәрлек бөтенлей ташланған, шундықтап бик еш француз телеие мәрәжәгәть итерге кирек була, ләкин инде французчада еш башка, анда исә баяғыларға қарағанда тупасырақ сузләрне кулларнырға да рохсет ителә иде» (170-бет) – деп аударады.

Тайшықов пен Ипмағабетов аудармасы бір ізбен шыққан. Айырмасы – пырансы – француз, бұлар мезгілдің айырмасынан. «Я обошлась посредством платканы «Тайшықов» мен орамалмен сүртіндім» - деп тура айтқан, Гогольдің кінәя әзілі әлсіреген. Мұны Ипмағамбетов «мен орамал арқылы ғамал еттім» - деп берген. Біздің ойымызша бұл «ғамал ету» - ескі дүмше молдалардан қалған мұра болса да осы арада орнын тапқандай. «Еді деген етістік әлшеусіз көп айтылып аударманың сұрқын кетіріп тұр. Арап элементтері Басыйровта бұлардан көбірек-ихтияж», мәрәжәгәть, оның үстіне сол арап сөздері аудармаға көрік те беріп тұрмаған тәрізді. Өйткені, Гоголь қарапайым-ауызекі сөзге бейім жазушы, кітаби тілді, қиыннан қыстыруды (изысканность) қабылдай да бермейді.

Өз... заманындағы ғылыми терминологияны қолданып та әзілдейді Гоголь. Мысалы: «Видя, что все это были книги не для приятного препровождения (времени), он обратился к другому шкафу, из огня в полымя: все книги философские. Шесть огромных томищей предстало ему пред глаза, под названием: «Предуготовительное вступление в область мышления. Теория общности, совокупности, сущности и в применении к уразумению органических начал обоюдного раздвоения общественной производительности...» на всякой странице: проявление, развитие, абстракт замкнутость и сомкнутость, и черт знает чего там не было...» - дейді. 1936-жылы Қ.Тайшықов: «Мыналардың барлығы уақытты өткізуге жұбаныш боларлық заттар емес екендігін көрген соң Чичиков басқа бір шкафа бұрылып қарады: судан шығын жарға қамалғандай болды. Ылғи толып тұрған фәлсәпе (филососфия). Көзіне алты том жуан кітап көрінді. «Ой өрісін кеңіту іліміне басқыш, қатнас қисыны тұтастық, шындық қисыны, әлеуметтік өндірістің өркендеу негізін қолдану жайы» - депжазыпты...бірнеше беттерін ашып қарап еді: «өркендеу өрбу, тұйық

ұғым (абстракт) қамалу, қосылу» - деген сықылды әлде нелерді ұшыратты...» (III-т. 264-бет) десе, осы сөздерді 1955-жылы Ипмағамбетов: «мыналардың барлығы укқытты көңілді өткізуге алданыш боларлық кітаптар емес екендігін көрген соң Чичиков басқа бір шкафқа бұрылып еді – мұнысы одан да бетер, ылғи бір философия кітаптары болып шықты. «Пікірлеу саласына әзірлік кіріспе. Тұтастық, бірлестік, түпкі негіз теориясы, және қоғам өндіргіштігінің бірдей өзара тпе-тең бөлінуінің құралымды негіздерін түсінуге қолданылатын теория» - деген орасан үлкен алты том көз алдында тұрды...Әр бетінде: «көрініс, өркендеу, абстракт, тұйықтау, ұштасу» деген сөздер, жын білсін, тағы әлде нелер кездесе берді...» (1955-ж. 380-б) аударарды. Кейінгі екі шығуында да өзгеріс кірмеген (1956-ж 551-б., 1958-ж. 363-б.)

Осы аудармаларға үңіле қарасақ Тайшықовтың реті келсе сөздерін сақтамауға да бара беретінің байқаймыз, «Кітаптар», орнына «заттар» жүреді, «черт знает» ты тастап та тарта береді. Ипмағамбетов тыныс белгілеріне дейін сақтайды.

Алайда, Гоголь сықағы осы үзіндіде екі жерде тұрған тәрізді. Бірі – «обоюдное раздвоение» де, екіншісі: «замкнутость и сомкнутость» - деген сөздерде. Осы сөздерді оқығанда еріксіз жылмиясың, өйткені, терминология жасаудағы сол мезгілде болған олақтықты көрсетіп тұр. Бір мағыналы екі сөзді қатар алып түсініксіз етіп топас аударғандарды сынады. Осы сорақылық арқылы Гоголь берген келемеж аудармада шықпай қалыпты. Рас, екеуі де түсініксіз етіп аударған, бірақ «Әріпқойлық»тың өзі жәрдемін тигізгендей, әдейілік жоқ. Терминология түсініксіздігін Әуезов «Ревизорда» жақсы келтірген: «Его высокоблагородному светлости господину финансову от купца Абдуллина...» «Черт знает что: и чина такого нет!» - деген жерін: «Бек дегдар жақсымыз, қазына ұлт тақсырға Абдуллин купецтен...» «Чорт біледі не екенін: атымен мұндай чин де жоқ!» - деп аударарды. Надан көпес Абдуллиннің чин үлкені – «қазына, ақша, ұлт» деп шатастыруы қандай дәл шыққан! Образ берілген. Әдейі айтқан Гоголь ойын әдейілеп, әдемілеп берген ғой!

Ал енді «Из огня в полымя» - деген мәтелді Тайшықов: «Судан шығып жарға қамалғандай болды» - («избегая воды наткнулся на крутой берег») – деп мәтел етіп Гогольдің ойын жеткізген қайырған. Орыс тілінде: «от дождя не в воду, от огня не в полымя» - дейтін ескі

мәтел бар («Жаңбырдан қажып суға жүгірме, оттан қашып жалынға барма!» дейді) Тайшықов әйтеуір, осы мәтелдің сөздерін бермесе де ойын, мәтелдік түрін сақтаған. Сонсоң «Шесть огромных томищей»-ді алты том жуан кітап»-деу «орасан үлкен алты том» деген турасөзден көрі тәуір шыққан. «Томищей»-де сықақ тұр. Оны тура қайырмай «жуандату» дас сол әзіл сықағын сақтаудан туған тәрізді.

Өз тұсындағы ресми кеңес тілін арыздарда, қатынас қағаздарда қолданылатын сөздерді де Гоголь сықақ келемежге айналдырады. Теңдесі жоқ шебер Гоголь Иван Никифоровичтің Иван Ивановичті сотқа берген арызын келтіреді.

«Вследствие одного прошения моего, что от меня дворянина Ивана Никифорова сына Довгочхуна к тому имела быть, совокупно с дворянином Иваном Ивановым сыном Перенком; чему и сам поветовый миргородский суд потворство свое изъявил. И самое оное нахальное самоуправство бурой свиньи, будучи в тайне содержимо и уже от сторонних людей до слуха дошедшись. Понеженное допущение и потворство, яко злоумышленное, суду неукоснительно подлежит; ибо оная свинья есть животное глупое, и тем паче способное к хищению бумаги. Из чего очевидно явствуется, что часто поминаемая свинья не иначе, как была подущена к тому самим противником, называющим себя дворянином Иваном Ивановым сыном, Перепенком, уже уличенным в разбое, посягательстве на жизнь и святотатстве. Но оный миргородский суд, с свойственным ему лицепрятанием, тайное своей особы согласшение изъявил; без какого соглашения оная свинья никоим бы образом не могла быть допущенною к утащению бумаги... (213 стр.)»,-

деген жерін Ахмет Елшібеков: «Менің, яғни Иван Никифор ұлы Довгучхунның атынан берілген арыздың аяғы бұлай болғаны, дворян Иван Иван ұлы Перерепенкомен бірге бұған Миргородтың советтік сотының өзі де әдейі себепкер болғандығынан қоңыр шошқаның өз бетімен омыраулап сұғанақтанғанын жасырып, білдіргілері келмегені көлденең адамнан құлаққа шалынды. Себебі, оның қоя берілуі және әдейі себепкер болуы, арам пығылмен істелгенге барабар, сотталуға бұлжымай жатады; өйткені ол шошқа ақылсыз болғанымен, қағаз ұрлау қолынан келетін айуан. Осы әлсін-әлі ауызға алынып отырған шошқаның қасақы адамның өзі, елді шауып шанышқан, адамның жанына қас қылуға оқталған, қасиетті нәрсені қорлаған айыбы

мойнына қойылған, өзін дворянмын деп атайтын Перепенко Иван Иван ұлының осыған үйреткені, міне осыдан айқын көрініп тұр» - (261-262-б.) ден аударарды. Тура мағынасын беруінде қате баспаған! Бірақ шіркеулік-славян сөздерін бұрынғы қазақ молдалары сөйлеген арап сөздерімен бергенде әзіл-сықағы тіпті тәуір шығар еді. «Понеже онсе допущение, утащение, яко злоумышленное...» осы сөздердің бәрі Гогольдікі емес, кітаби сөздер. Олар бізде де болды ғой. Мысалы Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романында: «Үшбу ғарза арқылы сізге еғлан етемін: осы жылы зауваның 27 жаңасында...уездегі лауазым иесі ұлықтары заңға хисап... деген Сізге мағлұм болсын: мен айтылған 27-зауза күні сіздің хузіріңізде болғаным хақиқат... Еғлан етуші Жол Нұрман ұлы – деп жазған «ғарзасы» қандай онды шыққан!

Түсініксіздігі де, топастығы да дәл, тура жол старшынның образы берілген! Осындай арап сөздерімен – кітаби сөздермен берсе Иван Никифоровичтің образы, ойы түгел шығар еді, сықағы да айқындалар еді ғой.

Гоголь сықағының биязі түрі толып жатыр, енді мына бір Белинскийдің аузына түскен жерін келтірейік.

«Славная бекеша у Ивана Ивановича! Отличнейшая! А какие смушки! Фу, ты пропасть, какие смушки! Сизые с морозом! Я ставлю бог знает что, если у кого-нибудь найдутся такие! Взгляните, ради бога, на них, - особенно если он станет с кем-нибудь говорить, - взгляните сбоку, что это за объедение! Описать нельзя: бархат! Серебро! Огонь! Господи боже мой! Николай чудотворец, угодник божий! Отчего же у меня нет такой бекешы! Он сшил ее тогда еще, когда Агафия Федосеевна не ездила в Киев. Вы знаете Агафию Федосеевну? Та самая, что откусила ухо у заседателя» (стр.198) деген жерін А.Елшібеков: «Иван Ивановичтің ішігі қандай керемет! Ал, елтірЗлері қандай! Туу, шіркін-ай, қандай елтірі! Темір қара көк! Біреу-міреуден мұндай елтірі табылатын болса құдай біледі, бәске не де болса тігер едім. Қараңызшы өзіне, құдай үшін, әсіресе ол біреумен сөйлесіп тұрғанда бір бүйірінен қараңызшы: бұ неткен үріп ауызға салғандай нәрсе! Ауызбен айтып жеткізерлі емес: Мақпал! Күміс! От! Құдай-ау! Қасиетті әулиелер-ау! Неге менің мұндай ішігім жоқ! Ол оны Агафия Федосеевна Киевке бармай тұрып тіктірген болатын. Агафия Федосеевнаны білесіз бе, сіз? Заседательдің құлағын тістеп алған әйел бар еді ғой, дәл соның өзі» - деп аударарды. Бұл зілсіз биязы

сықақ (юмор), әсіресе күлдіріп тұрған жерлері «объединение» мен «откусила ухо у заседателя» - деген сөздерді! «Бекешаны» - «объединение» деу қандай алшақ ұғым! Оны «үріп ауызға салғандай» - деу де алшақ тұр, міне осы сөзі еріксіз күлдіреді. Елшібеков Гогольдің ойын да, сықағын да түгел берген, «Заседателдің құлағын тістеп алған әйел» - Агафияның да кескінін анық түсірген. «Николай чудотворец, угодник божий»-ді әдейі тастап, «Қасиетті әулиелер-ау!» - деп сөздерінен алыстаса да, ойына жақындаған.

Гоголь осындай «жиішкелеп» биязі сықақпен (юмормен) айтып отырады да соның арасында жалт бұрылып зілді мысқылға (сатираға) түсе кетеді. Өз бағытына икемдеп оқушыларын жетектей жөнеледі.

Өлі жандардың тізімін алып келгеннен кейін, «пайдаға шаш етегінен малынған Херсонның помещигі Чичиковты жұрт құрметтейді. Полицейместердің үйінде қонақта отырып ақылдасады. Осы мұжықтарды Херсонға айдап апаратын меңгеруші дейді. Жолшыбай тәртіп сақтайтын айдаушы керек деседі. Өліктерді тірі адамдай көріп, неше алуан ойларын айтып таласқа түседі. Олардың өлі жандар екенін жалғыз ғана Чичиков біледі. Сонда: «Многие сильно входили в положение Чичикова, и трудность переселения такого огромного количества крестьян их чрезвычайно устрашало; стали сильно опасаться, чтобы не произошло даже бунта между таким беспокойным народом, каковы крестьяне Чичикова. На это полицеймейстер заметил, что бунта нечего опасаться, что в отвращение его существует власть капитан-исправника, что капитан-исправник хоть сам и не ездил, а пошли только на место себя один картуз свой, то один этот картуз погонит крестьян до самого места их жительства...

...За советы Чичиков балгодаря говоря, что он (конвой) совершенно не нужен, что купленные им крестьяне отменно смиренного характера, чувствуют самое добровольное расположение к переселению и что бунта ни в каком случае между ними быть не может», - дейді.

Биязы сықақтан бастап, зілді мысқылға апарып тірейді. Гогольдің ойы бірте-бірте басқыштап өрби береді.

Осы жерін 1936 жылы Тайшықов: «Жұрттың кәбі Чичиковтың халімен есептесті, мұншылық көп мұжықтарды көшіру оңайлықпен орындалып шықпайтындығын айтып бәрі шошынды. Чичиковтың бұл

мұжықтары сықылды белең алған жұрт арасынан көтеріліс жан-жал шығып кетпес игі еді, деп те қауіптенді. Полиция бастығы бұл қауыптың онша қатерлі еместігін, бұдан қорқып қажетті жоқтығын айтты.

Мұжықтар көтеріліс шығаратын болса, оған қарсы тәртіпті капитан бар, тәртіпті капитан өзі шапқылап жүрмей-ақ қойсын, так қана картозын жіберсе болғаны, сол картоздың өзі ғана мұжықтарды дүркіретіп мекендеріне айдап баратындығында сөз жоқ, - дегенді айтты.

«...Кеңес бергендіктері үшін Чичиков алғыс айтты, орны келген кезде бұл кеңестерді қолдануға дайын екендігін білдірді. Бірақ ешбір конвой, күзеттің керегі жоқ деді. Өйткені мұжықтардың бәрі де қой аузынан шөп алмас момын екендігін; қоныс аударуға өздері көңілді екендіктерін, еш бір көтеріліс болмайтындығын айтты...» - деп аударарды. Осы жерін 1955-жылы Ипмағамбетов: жұрттың көбі Чичиковтың халімен санасты, мұншалық көп мұжықтарды көшірудің қиыншылығы оларды мықтап шошытты. Чичиковтың бұл мұжықтарды сықылды белең алған жұрт арасынан көтеріліс, жанжал шығып кетпесе игі еді- деп те қауіптеніпті. Полицеймейстер бұл қауыптың онша қатерлі еместігін, бұдан қорқудың қажеті жоқтығын айтты. Мұжықтар көтеріліс шығаратын болса, оны тойтарарлық капитан-исправниктің әкімшілік билігі бар; капитан-исправник өзі шапқылап жүрмей-ақ қойсын, тек қана картузын жіберсе де болғаны, сол картуздың өзі-ақ мұжықтарды дүркіретіп мекендеріне айдап баратындығында сөз жоқ», деді.

«...Кеңес бергендіктері үшін Чичиков алғыс айтты, орайы келген кезде бұл кеңестерді пайдалануға дайын екендігін білдірді, бірақ конвой, күзет атаулыдан үзілді-кесілді бас тартты: конвойдың мүлдем керегі жоқ, өйткені сатып алынған мұжықтардың бәрі де мейілінше момын, өз ықтиярларымен қоныс аударуға ынталы, олардың арасында ешқашан да бүлік шығуы мүмкін емес дегенді айтты...» деп аударарды. Кейінгі шыққан екі басылуында да айырма жоқ (1956-ж. 281-282 беттерін, 1958-ж. 184-185 – беттерін қараңыз), сондықтан келтірмелік.

Енді 1953ж. Татар тіліне К.Басыйровтың аударғанын келтірейік...: «куп кенәсә Чичиковтың хәленә бик нык керде, һәм шукадәр куп санлы крестьяннарны күчеру кыенлығына куркып қарады; Чичиков крестьяннары шикелле тынғысыз халық арасында бунт чыгып

куймағае дип бик нык шүрли дә баклашылар. Полицеймейстер моңа қаржы төшеп, бунт чыгудан курқырга кирәкмәгәнлекие, аны бұлдырмау очен доньяда капитан сиправник барлығын, капитан-исправник, үзе бер дә бармыйчы, үзе ұрынына тик картузын ғана жибәрсә, шул картуз да крестьянларны нәк тора торғын жирләрене кәдә қуып алып барачагын белдерде...

«...Кинәшләре әчен Чичиков оларға рәхмет белдерде, кирек булганда файдаланбай калмаячағын әйтте, ә конвойны кискен ревештә кире какты, аның һичбер кирәге юк, сатып алган крестьяннар бик күркәм холығлылар, кучүне үзләре теләп торалар, олар арасында һичбер бунт чыгарга мемкин түгел, диде», - деп береді. (165-166 беттерін қараңыз).

Осы үзінді туралы айтарымыз: Гогольдің кінәялап кеткізіп, биязы сықақпен (юмормен) сырғытып отырған сөздерінің астарында үлкен сыр жатыр. Крепостной мұжықтардың шексіз қорқу дәрежесіне жетуі, билеуші тап өкілдерінің түссіз ахымақтығы суреттеледі. Чиновниктер өлі жандарды тірі адамдардай ұғады, ал тірі халықтар капитан исправниктің картузынан өлердей қорқатынын суреттейді. Гогольдің күлдіріп отырып жылатуы осы әдісінде, өмірді терең түсінуінде ғой.

Тайшықов пен Ипмағамбетов аудармасының арасында ешбір айырма жоқ, редакция ғана бар. Әйтеуір Гоголь сықағы (юморы) жақсы берілген... Басыйров аудармасында көп сөзділік бар, мысалы допьяда барлығын» - существует» - деген сөзге балама етіп алған, ал Ипмағамбетов «бастартты» десе, Басыйров: кискен рәнеште кире какты» - деп аударады. Осы арасын Тайшықов; «керегі жоқ» - деп жәйуәт берген. Өйткені Гоголь орынсыз әсерлеуді қажет етпейтін жазушы. Мысалы «беспокойный народ» - қандай қарапайым, және өмірде айтыла беретін күнделікті сөз. Соны Тайшықов: «белең алған жұрт» десе, оны Басыйров «тынғысыз халық» - деп жасанды сөзге соқтыққан, өйткені «тынышсыз, тынғысыздар» бұл жерде әдемі шықпаған тәрізді.

Сыншыл реализмнің іргесін салған Гоголь өз тұсындағы құлдық өмірді, Россияда болған шындықты сонша мысқылдағанын көрсетіп өттік. «Ревизор» мен «Өлі жандарында» бір жағымды кейіпкер жоқ дегенді айттық. Мұнысы өзінің туған отанын жек көруден емес, қайта сонша жақсы көргендіктен, сынап қарап, түзетуге жөн сілтеуі. Жаны ашығандықтан – ашына қимылдауы болатын.

«...Русь! Русь! Көріп отырмын сені, өзімнің керемет тамаша, алыс тұрғанымнан көріп отырмын... Сенің ештеңең де көзді қызықтырмайды, сыйқырламайды да! Бірақ саған қарай елегіте беретін құпия, ақыл жетпестік қандай күш осы? Бүкіл өңбойың мен көлденеңінде, теңізден теңізге дейін, ызындаған мұнды әнінің құлаққа үнемі естіліп, тынымсыз күңіреніп тұратыны несі? Осы бір әнде не бар сонша? Осы әндегі үздіксіз шақыра беретін, зар еңіретіп, жүректі пәрша-пәрша қылатын не нәрсе өзі?... Русь! Сенің менен тілейтінің не? Арамыздағы ақыл жетпестік құпия байланыс қандай? Неге бұлай қарайсың маған! Сендегі бардың бар-бәрі неліктен маған көз тігіп, не күтіп отыр?... Сен өзің ұшы-қиыры жоқ, шетсіз де шексіз де ел боп тұрғанда, шетсіз де шексіз пікір осында, сенде тумас па? Бой жазып, шырқап шығандайтын жері жеткілікті боп тұрғанда, қас батыр осында, сенде болмас па?... Табиғаттан тыс бір қуат көздеріме нұр құйғандай: па шіркін! Қандай жарқын да керемет, әлемге таныс емес «Ұланбайтақ Жәзира! Русь»... (Ә. Ип. 1958 ж. 262-263 бб).

«...Уа, Русь қайда самғап барасың? Жөнінді айтшы, жөнінді! Жоқ, жауап жоқ! Тамаша ғажап әуенмен күмбірлейді қоңырау; екпінмен паршаланған ауа жаңғырыға толқып, жел боп гүлейді; жер бетіндегінің баршасы құлдырап қалып барады, басқа халықтар мен мемлекеттер де алара қарап, ығыса жол береді оған...» (Ә. Ип.-1958 ж. 292 б) дейді.

Отанын сүйген Гогольдің келемежсіз тура айтқан көркем сөзін Әнуар Ипмағамбетов та тәуір аударарды. Ал, сықағын Тайшықов артық береді. Ендеше Гогольді өз бойында әзіл-сықағы бар жазушы аудару керек. Сонда бұрынғы Қадыр Тайшықов аудармасынан да, кейінгі Әнуар Ипмағамбетов аудармасынан да керек жерлерін келешектегі аударушы пайдалануы жөн. Мұндай үлгілер орыс әдебиетінде де бар.

«Ревизор» - аудармасы өз мүлкіміз екені даусыз, алайда жоғарыда көрсетілген азғана кемшілігінен тазартылып қайта басылуы керек. Сонда Гогольдің мәңгі өлмейтін екі үлкен шығармасы қазақ тіліндегі аударма үлгісі болуында дау жоқ.

Фет аударған Шекспирді «Юлий Цезары» туралы революционер демократ сыншы Добролюбов: «Для перевода мало сохранить смысл

и соблюсти правильность и чистоту языка: для него нужна жизнь которого проникнут подлинник»¹ - деген ғой.

Рас, «аударғанда сол түпнұсқадағы тек қана ойдың дұрыстығын, тілдің тазалығын сақтау кем соғады, сондағы көрсетілген өмір шындығын дәл беру керек» дейді ол.

Ендеше, үлкен шығарманың ішінде кездесетін түрлі қиыншылықтарды жеңу үшін, автордың ойын-өмір шындығын өз оқушына жеткізу үшін, оның бар ерекшелігін қамту керек. Біздің ойымызша осы ерекшеліктер сапына кіретіндер, негізінен алғанда, мыналар:

1) Орыс тілінде кездесетін кісі аттары, фамилиялар: а)Ефим, Иван, Осип, Аксинья, Наташа, Чичиков, Петров, Абдуллин т.б. бұларды өз қалпында алу керек.

Б) Неуважай корыто, Доезжай – не поедешь, Сопиков, Храповицкий, Хованский, Ноздрев, Собакевич (Гогольде), Овсов (Чеховта), Калошин, Лаптев, Башмаков, Каблуков, Чулков, Носков, Сапожников, Голенищев (Анненскийде), Ухорезов, Надувалов, Шлюхин, Правосудов, Беспристрастов, Бескорыстин, Миловидин, Правдолюбов (Белинскийде) – бұларды аудару керек, өйткені осы аттар кейіпкердің мінез-құлқын ашу үшін керек болған аттар, аудармаса автордың негізгі ойы жетпей қалады.

2) Кейіпкердің тұлғасын көрсету үшін автор әдейі қолданатын теріс сөздер, олақ өлеңдер болады. Мысалы – «Росея» (Россия), анжинер (инженер) Ксандрейка (Александрейка), ибери башка (убери голову) донкишотство (донкихоство) фетюк (орыстың фита – ә әрпінен алынған өрескел мағынаға айналған сөз) т.б. Міне бұларды өзінше алып түсіндіре кету керек. Кейбір олақ өлеңдерге өзіміздің «әрияайдай» деген соң әрияайдай, ақ серкенің мүйізі қарағайдай» да жарап жатыр, ал кей біреулерін дәл сөзбе сөз аударса да олақ шығуында күмән жоқ, өйткені «буквальность не есть близость, а только несообразность»²- деген ғой Н.Г.Чернышевский.

3.Славянизмдерді келтіргенде автордың негізгі нысанасы олардың тексттен өзгеше тұруында, кейіпкердің кім екендігін ашып

¹ Н.А.Добролюбов. М. Гослитиздат. 1934г., Полное собр.соч. т.II, стр.643.

² Н.Г.Чернышевский.т.2, 1949, стр.555, М. Гослитиздат.

көрсетуінде, ендеше қазақ тіліне аударғанда да олардың «мен мұнда лап» оқшау тұруы жөн. Славянизмдерді аударудың қиын екенін Мұхтар Жанғалин де көрсетіпті.¹ Әрине, оңай емес, бірақ «При переводе архаических текстов... по возможности воссоздать на современном языке текст подлинника слегка архаизируя то, что и для них было старомодно, передавая обычным языком то, что было обычным для тогдашнего читателя, допуская некоторые языковые новшества там, где в свое время текст подлинника мог показаться новаторским...²» деген Иван Кашкиннің пікіріне қосылмауға болмайды. Қысқарта айтқанда өз тіліміздің ескі қорында бар арап-фарсы сөздерінен тап осы жөнде жерінбеу керек. Мысалы Иуда Головлев – жөйт Головлев, немесе Якуда Головлев болды, мақұл «Жөйт»-те «яһуда» да жағымсыз кейіпкер есебінде біздің бұрынғы халық ұғымына ескі қысалар арқылы сіңген болатын.

4.Диалектизмдерді аудару біздің тілде әзір орын тепкен жоқ. Мысалы: Сібір, Новгород, Еділ бойындағы говорларды, олардың «аканье», «оканье» «чоканьесін» аудару мүлде мүмкін емес, өйткені тіл ғалымдары қазақта диалекттер бар дегелі талай заман өтсе де, бұл әлі зерттеліп бір арнаға түскен жоқ, оның бер жағында біздегі диалекттер орыс тіліндегі диалекттердің маңайына да бара алмайды.

5.Идиомаларды, мақал-мәтелдерді аударуда үш түрлі әдіс бар тәрізді: а)ескі антик дәуірден қалған, дүние жүзіне белгілі идиомалар бар: «ахиллесова пята», «буриданов осел» «домоклов меч», «прокрустово ложе» «вавилонское столпотворение» т.б. Міне бұларды дәл аудару керек те түсінігін беру жөн.

Б)Ұлттық шеңберде ғана жасалған, басқа елге мәлім емес идиомалар бар. Мысалы «По Сеньке шапка», «Тришкин кафтан», «точить лясы» (балясы) «Попасть пальцем в небо» «у разбитого корыто», «Рыбак рыбака видит из далека», «шила в мешке не утаишь», «Волка бьют не за то, что он сер, а за то что он овцу съел» т.б. Мұндай идиомалар әр ұлттың тілінде бар. Қазақша: «Қап түбінде біз жатпас», («шила в мешке не утаишь») қасқырды сұрлығы үшін емес, ұрлығы үшін ұрады», («Волка бьют не за то что сер, а за то что он овцу съел») Қуға қу намаз шамда кез болады» (рыбак рыбака –

¹ М.Джанғалин. «Об основных принципах перевода с русского на казахский язык» атты мақаласында – 1958 г.

² «Вопросы худ.перевода» стр. 138

видит из далека» («Сабасына қарай піспегі») по Сеньке шапка) тағысып тағылар.

Ендеше бұлардың кейбіреуін әрбір ұлт тілінде қалыптасқан балама идиомалармен беруге болады екен, ал кейбіреулерін аудару керек те, бірақ мәтелдігін бұзбау жөн, мысалы «қасқырды сұрлығы үшін емес, ұрлығы үшін ұрады» - деу бұрын біздің тілде жоқ - қазір аударылып отыр ғой. Мұнын кейін мәтел болып қалыптасатыны даусыз.

В)Әр ұлттың өз тілінде сақталған идиомалар, алғашқы кезіндегі тарихы көне тартып, қазір енді дәл мағынасы өз тілінде де өрескел көрінеді, бұларды балама арқылы іздеп табу керек. Аударуға болмайды. Мысалы орыс тілінде «Кормить завтраками», «двух зайцев убить», «седьмая вода на киселе», «каждый сверчок, знай свой шесток», «Ни в зуб толкнуть», «Через пень колоду», «Как пить дать», «Черта с два» т.б.

Қазақ тілінде де мұндайлар бар, мысалы: «екі жеп биге шығады», («двух зайцев убить»); «Аяз би әлінді біл, құмырсқа жолынды біл», («каждый сверчок знай свой шесток») , «талағында биті бар», «ала қарғаның аузынан боқ алып жейді», «сау сиырдың боғы емес» т.б.

Ағылшын тілінде: «to land landing» («посадка гидроплана на воду»), мұны орысшаға сөз-бе сөз аудару мүмкін емес, өйткені «приземлиться» (жерге қону) бар да, «приводиться» («суға қону») жоқ, ал біздің қазақ тіліне мұны дәл аударуға болады.

Тағы бір мысал орыс тіліндегі «двух зайцев убить» - деген мәтел немісше: «beide Hiegen mit eine Klappe zu schlagen» (Двух мух с одной хлопушкой убить - екі шыбынды бір-ақ ұрып өлтіреді) ағылшынша: «to kill those bizds with one stone» (убить всех птиц с одним камнем-барлық құсты бір таспен ұрып өлтіреді). Қазақша: «екі жеп биге шығады». Осы мәтелдерді сөз-бе сөз аударсақ ешбір мағына шықпас та еді. Міне, әр тілдің өзінде қалыптасқан бодауын (төлеуін) табу деген осы. Орыс тіліндегі «остаться наедине», ағылшынша: «face to face» (лицом к лицу – бетпе бет) французша: «tete-a-tete» (голова к голове - бас па бас), немісше: «Augen zuru Augen» (глаза к глазам – көз бе көз) .

Қазақша – бет пе бет, көз бе көз, ауыз ма ауыз, оңаша жеке (қалып сөйлесу).

Ал енді этимологиялық түп мағынасын тексерсек орыстың «наедине» - деуі де қате ұғым, өйткені «един – один». Біреу деген сөз, ал «наединенің осы күнгі мағынасында «екеу» бар. «Я с ним разговаривал наедине» - мен онымен жеке қалып сөйлестім – екеу емес пе? Біздің тілдегі «жеке» де фарсының «як» - «біреу» - деген сөзінен алынуы керек. Заты, мұндай жерде этимологиялық мағынаны қуалаудың да қажеті жоқ тәрізді. Қалайда өз мезгіліндегі тіл қорынан адаспау керек. Өз дәуіріне түсініксіз шықса – ол шығарма жеміс бермейді, ал жеміс бермесе пайдасыз болады, ендеше оның керегі де жоқ. Біздің ойымызша аударылмайтын нәрсе жоқ. Бұл пікірімізді 1954 – жылы 2 августа «правда» газетіне жарияланған мақаласында жазушы-академик М.О.Әуезов та айтып өткен болатын. Сонда «Утверждать невозможность передачи путем перевода всех свойств оригинала в целом... значит дойти до оценки языка оригинала, как некоей не изобразимой на другом языке тайнописи» - деген еді.

«Әдебиет өмірі-адам өміріне ұқсас, ол туады, өсіп ер жетеді, кемеліне келіп толысады. Жеке адамның өмірінен жалғыз-ақ айырмасы бар – әдебиет өлмейді. Бұл жөнде ол табиғаттын өзі тәрізді - құлпыра береді». Ендеше, біздің айтарымыз алғашқы аудармадан соңғы аударма артыла бермек. Әрбір келесі аударушылар өзінің осы ролін орындасын! Өмір озған сайын тілек те, талғам да күшейді. Тілдік нормалар да өзгеріп отырады.

Ендеше, біздің қазіргі аударуымыз да, салыстыруымыз да дәл бүгінгі күннің тілегі деп ұғамыз, ал келешекте бұдан артылатынына кәміл сенеміз.

Н.В.Гоголь және қазақ әдебиеті

Көрші ел бірімен бірі қарым-қатынас жасамай отырмайды. Араласқан жерде ауыспай қоймайды. Осы ауысу рухани жолмен де, материалдық түрде де болады. «Ақыл-ауыс, ырыс-жығыс» - деген ескі мәтел халық тәжірибесінен туған ғой.

Қоныстас көрші отырған орыс әдебиетінің әсері қазақ әдебиетінде ұшан-теңіз. Сонау он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан бері қарай белгілі демократ жазушыларымыз: Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардан бастап-ақ орыс әдебиетінің үлгілері жайылғаны даусыз. Бұған жұртшылығымыздың бәрі мойындайды. Сол әсерленудің үлгілері қай жазушымызда, қандай дәрежеде болғаны зерттеліп те, айтылып та жүр. Біз де сол сарында қазақ әдебиетіне жасаған Гоголь әсерін, шет-пұшпақтан болса да, шола кетпекпіз, өйткені қазақ тіліне тұтас аударылып, өзінің төл мүлкі болып отырған Гоголь сынды ірі классиктің ояну, өсу дәуірінде қолғабысын тигізуі анық, оның үстіне әдебиетіміздегі түрлі-түрлі әдістер әр қилы жанрда кемелденіп, қаулап өсіп келеді. Ендеше, әдебиетіміздегі Гоголь әдісін арнай зерттейтін мезгіл де жеткен тәрізді.

Бір елдің әдебиеті екінші елге әсер етеді де - ой өрісі кеңиді, өмір тану жолы тар шеңберден сытыла шығып, өнеге-үлгі алу арқылы есейіп-ер жете береді.

Бір елдің екінші елге жасаған әсері өзінде жоқты көрші елден алуға ділгерліктен туады, өскелең өмір ықтиярсыз туғызады.

Мәдениетті жоғары ел-мәдениеті төмен елге әсер етсе, тағы керісінше мәдениеті төмен ел де өзінің кейбір әсерін әлгі өзінен жоғары тұрған елге де жасай береді. Совет елінің өркендеу тарихы бұл ойымызға айғақ бола алады. Мәдениеті жоғары орыс еліне біздің татар, өзбек, қазақ елдерінің де талай ұғымдары қазір сіңіп отыр.

Бір елдің өз адамдары да өсу жолында біріне бірі әсер етпей қоймайды. Орыс әдебиетінде Гоголь өзінен кейінгі жазушылардың көбіне әсерін тигізді, әсіресе Салтыков-Щедрин, Чеховтарды әсерлендірді. Бұлар Гогольмен стильдес (әдістес) жазушылар. Гогольден стилі аулақ жатқан Тургенев, Достоевскийлерге де оның әсері зор. Сондай-ақ А.С.Пушкиннің ащы мысқылы да Гогольге әсер бермей қойған жоқ. Бір жазушының екінші жазушыға тигізген әсерін дәлелдеу үшін кейде тақырып ұқсастығы, кейде жанр ұқсастығы, кейде әдіс ұқсастығы зерттеледі. Бірақ тақырыбы да, жанры да бірдей бола тұрып әр елдің ұлы жазушылары оқиганы өзінше - ерекше беруі мүмкін, бұлар біріне бірі ұқсамайды да. Мысалы Байронның «Мазепасы», Пушкиннің «Полтавасымен» тақырыптас. Байронның да, Пушкиннің де алған тақырыбы - тарихи образ Мазепанның образы, жанры поэзия. Осындай екі-жақты ұқсас бола тұрып та бұл шығармалары бірінен-бірі мүлде алшақ жатады. Байронды Мазепанның жас шағы, бозбала көзі, ыстық махаббаты, албырт күнінде кезендіге ұшырауы қызықтырады. Бұл жағын қапысыз әдемі береді ол. Ал Пушкинді Мазепанның албырттығы, махаббаты қызықтырмайды, Пушкин сол Мазепа образы арқылы, Бірінші Петр заманындағы Россия тарихын көз алдына алып келеді. Полтавада Мария мен Мазепа арасындағы махаббат көш-жөнекей айтылады да оның орнына Мазепанның жауыздығы, отанын сатқандығы суреттеледі. Ендеше, Пушкинде адамгершілік пен жауыздық безбенге түседі. Адамгершілік-әділдік - Сәкенше айтқанда: «жауздықты ауыздықтап, ит келмеске борсылдатып айдайды. «...Отанын сүйген ұлы ақын А.С.Пушкин осылай шертеді. Олай болса тақырып ұқсастығы да, жанр ұқсастығы да әсерленудің шет-жағасын көрсете алады, алайда тура тиянақты айғағы бола алмаса керек.

Неміс ақыны В.Гетенің «Страдания молодого Вертера» атты хатпен жазған романы Достоевскийдің хатпен жазған «Бедные люди» атты романына прием-әдіс жағынан ұқсай тұрып, бірінен бірі алшақ жатады. Гогольдің «Шинелі» мен Достоевскийдің «Бишаралары» - да біріне бірі ұқсас жәзе проза жанрында жазылған. Екеуі де бір

замандағы департамент көшірмешілері – сорлы чиновниктердің кемтар өмірін суреттейді. Гогольдің «Шинеліндегі» Акакий Акакиевич Башмачкин мен Достоевскийдің «Бишараларындағы» Макар Алексеевич Девушкин екеуі бірінен бірі аумайды. Екеуі де патшалық Россиядағы жоғарғы қауымның ең төменгі баспалдағына тұрған сорлы чиновниктер («Шинель» 1842-жылы басылды, «Бишаралар» 1846 – жылы басылды). «Бишаралардағы» Макар Алексеевич «Шинельді» оқып шыққанда қатты ашуланады. Сонда: «...Осыны, «Шинельді» жазған жазушы да білуге міндетті еді... кей кезде мұқтаж болған соң шай ішпейді екен деп бөтен біреу туралы жазудың керегі не? Тап бір елдің бәрі жапа-тармағай шай іше беретіндей!

«Е, мынау не жеп отыр екен», - деп мен жұрттың аузына қарайың ба? Осылай етіп мен кімді жәбірлеппін?...»

«...Кейде, әрине, жаңа бірдеме тіктіріп кигенде, қуанатының шын, ұйықтамайсың, қатты қуанасың, мысалы, жаңа етік болса, сондай мәз болып киесің – бұл рас, мұны сөзгенім бар. Бұл дұрыс суреттелген. Бірақ... Тіпті осындайды жазудың керегі не? ...Немене, осылай жазғаны үшін оқушылардың біреуі оған шинель істеп бере ме? Әлде жаңа етік сатып әкеп бере ме?...

«...Тым болмағанда аяқ кезінде түзелсе тәуір болар еді... Солай бола тұрса да, міне бұл әділ, ізгі... жақсы азамат еді, үлкеннің сөзін байымдап тыңдайтын еді... Ешкімге жамандық ойламайтын, құдайға сенетін еді. Сөйтіп, жалаумен өліп кетті дегенді кіргізсе тәуір болар еді. Тіпті ондысы, ол бишараны өлтіріп тастамай, былай етсе: Шинелі табылса, сонсоң ана генерал мұнын ізгі мінездерін толық білгеннен кейін кеңсесіне шақыртып алып, чинін жоғарылатып, жақсы жалақы берсе, байқап отырсыз ба, міне сонда қандай болар еді?!

«...Жауыздық жазасын тартып, ізгілі үстемдік алар еді, ал кеңседегі жолдастарының бәрі де далиып босқа қалар еді. Мысалы, мен болсам осылай істер едім; ал мұнда қандай ерекшелік, нендей жақсылық бар? Күнделік жаман пасық тұрмыстан алынған бос мысал... Бұл тұп-тура өтірік, өйткені мұндай чиновниктің болуы мүмкін емес...»¹ деген сөздерді Достоевский Макар Алексеевичтің аузынан айтқызады. «С Шинельді, оның авторы Гогольді жақсы көретінің Достоевский жасырмайды. «Шинельді» қасақана жамандатып, Макарды

¹ Достоевский. Бишаралар. А. 1955-ж. 71-72-73 беттерін қараңыз. (Адур. Сәйділ Талжанов).

келемеждеп отырады. Гогольдің әзіл-сықақ әдісіне еліктегенін де анық білдіреді.

Кейде Достоевский Гогольдің басқа шығармаларынан да сықақ әдісін қолдана кетеді. Мысалы «Өлі жандарда» көсірші Селифан Чичиковке былай жауап береді.

«...Коли высечь, то и высечь; я ничуть не прочь от того. Почему же не посечь, коли за дело? На то воля господская. Оно нужно посечь, потому что мужик балуется, порядок нужно наблюдать. Коли за дело, то посеки почему же не посечь?... десе, Достоевский «Бишараларда» Макар Алексеевичтің аузына мынадай сөз салады: «Отчего же не распечь, коли нужно нашего брата распечь? Ну, да положим, и так, для тона распечь – ну и для тона можно, нужно приучать, нужно острастку давать...Это в порядке вещей!... (Достоевский «Бедные люди», стр. 68-69, Л., 1955 г.) дегізеді. Айтылған ойдың да, сол ойды беру үшін қолданған сөздің де айырмасы жоқ. Осы сөздерді айтып тұрған кейіпкерлердің де айырмасы шамалы-ақ? Өмір шындығы осылай, Селифан мен Макар сол шындыққа амалсыз бағынып тұр. Солай сөйлемеске правосы жоқ.

Тіпті осы ойды беретін сөздер басқаша құрылуы да мүмкін, Мысалы – 1936 жылы Гогольдің әлгі сөзін Қадыр Тайшықов: «Таспа алсаңыз, таспа алыңыз, мен одан қашпаймын. Не үшін таспа алмасқа? Мырза солай тілейді екен, алу керек таспаны! Таспа алу әбден керек, өйткені мұжық жаза баспай жүре ме? Тәртіпке бағыну керек! Күнәм бар екен, қылша мойным талша. Ал таспаны, неге таспа алмасқа!... («Өлі жандар» 1936, 38-39 б) – десе, 1955 жылы Әнуар Ипмағамбетов: «...сойып салу керек болса, сойып-ақ салыңыз; оған түк қарсылығым жоқ. Айыпты болса, сойып салмайтын несі бар! Бәрі де мырзаның өз еркінде! Абзалы сойып салған жөн, өйткені мұжық деген жаза баспай жүрмейді; тәртіпті бұлжытпау керек қой. Айыпты болса, сойып-ақ сал; сойып салмайтын несі бар? «1955, 50-бет) – деп аударарды.

1955 – жылы Достоевскийдің сөздерін: «Шыжғыру керек болса, біздейлерді шыжғырмай несі бар? Мысалы, тіпті қыр көрсету үшін шыжғырсын, рас, қыр көрсетуге де болады; үйрету керек, сілкілеу керек. Заңды нәрсе – бұл ежелден белгілі... («Бишаралар» А.1955, 72 б) дейді. Осы аудармалардың сөздері ұқсамаса да, ойларының бірлестігінде қапы жоқ.

Міне, осынша ұқсап, әсер алғаны айқын көріне тұрса да бұлар жеке-жеке мұралар. Өйткені Шинельдің басты кейіпкері Акакий Акакиевичті Гоголь сырттай келемеждеп, соның әжуаланған бейнесіне көбірек көңіл аударса, Достоевский Макардың ішіне тереңдей кіріп алып, ащы шегін айналдырады: Сорлы Макардың жан құбылысын ақтарып, оқушының сай-сүйегін сырқыратады. Ендеше, Достоевский біраз жерге шейін әсерін алып, Гогольше ырғалтып барады да әрі қарай тақырыпты өзінше меңгеріп әкетеді. Гогольде жоқ сырларды ашады.

Гоголь «Ревизорда». «Так как я знаю, что за тобою, как за всяким, водятся грешки...» (стр.322) десе, Достоевский «Бедные люди» атты романында: «...Конечно, кто же в малом не грешен? Всякий грешен, и даже вы грешны, маточка!...» (стр.67) дейді. Осыны аударғанда М.О.Әуезов: «...Мен білем ғой, сен де жұрт қатарлы күнәдан мұнтаздай жан емес ең, өйткені ақылды адамсың ғой, құдайдың беріп тұрған несібесінен кім қашады?...» (Гоголь. Шығармалар. IV-т. 10 бет, 1953 жыл) дейді.

Достоевский сөзін: «...Әрине, азын аулақ күнә кімде болмайды? Кімде болсын күнәлі, тіпті, сәулем, сіз де күнәлісіз ...¹» деп аударарды.

Рас, екеуі де «күнәдан» бастайды, бірақ ойдың тұжырымы бөлек-бөлек шешіледі. Мысалы: Гоголь конкреттік «күнә» пара алуды шенейді, ал Достоевский жалпы адам баласында болатын орасан бұзақылық, «Үлкен әдепсіздік» жоқтығын айтқызып, «кішігірім күнә» уақа емес дегендей емеурін көрсетіп әжуалайды.

Бұл үзінділерді келтіргендегі ойымыз: Гогольдің әсері Достоевскийге тигенін дәлелдеу. Ал Достоевскийдің әзіл-сықаққа (юмор), терең мысқылға (сатира) бара бейрмейтіні жалпы жұртқа аян. Ендеше өзімен әдісі бір стильдес Чехов, Салтыковтарды былай қойғанда, кейінгі буында шыққан орыс әдебиетшілерінің бәріне де Гоголь әсері тигені анық.

Үлгі-өнеге бірден бірге кеше береді, өсе береді. Гогольге әсерін тигізген ұлы ақын А.С.Пушкин болатын. Екеуі таныспай тұрып (бұлар 1831 – жылы жазды күні танысты ғой, сонда Гоголь тура 22 жаста еді) «Борис Годунов» атты трагедияны көргенде оның авторы Пушкинге Гоголь тәзім етіп, мынадай ант ішті: «Уа, ұлы данышпаным! Сенің

¹ «Бишаралар». 1955ж. 71 (Аудар.Талжанов)

мына мәңгі өлмейтін шығарманың алдында ант ішемін!... Мен әлі тазамын, жаспын; пайдакүнемдік, құлдық ұрып жарамсақтану, ұсақ-өзімшілілдік тәрізді жексұрын сезімдер әлі жүрегіме ұялаған жоқ... Егер келешекте солардың әуеніне еріп, сен оятқан, сен бойыма сіңірген жалынды сөздердің дыбысын ұмытсам... сені қорласам... – онда жанымды жылан шақсын...»¹ деп еді.

(«Борис Годунов» атты Гогольдің осы мақаласы көзінің тірісінде жарық көрмей қалды).

Пушкиннің Гогольге күшті әсер етуі, осы «ішкен антынан» да анық көрініп тұр. Жалпы әсері бар екені даусыз ғой, енді әжуа, сықақ, мысқыл әдісінің өзі де сол Пушкиннен тарап, Гогольдің бойына сіңген тәрізді. Мысалы граф Воронцовты: «Шала мырза, шала көпес, шала данышпан, шала надан, шалағай зұлым, бірақ түбінде толығар деген үміт бар» - деп келемеждейді. Осы эпиграммасы ащы мысқылдың ұмытылмас үлгісі емес пе? Бірінші Павел патшадан граф атағын алған, әйгілі жарамсақ Аракчеевке бағыстаған эпиграммасы да бар.

Пушкинде ащы мысқыл мен қатар, сырты биязы сықақпен де басталып, ішкі мәнісін удай етіп беретін әдіс бар. Мысалы бір журнал сыншысын есекке теңеп әжуалайтын өлеңінде:

«Жақында бір жіберіп ем ысқырып,
Өлең шықты, бастырдым мен қол қоймай;
Қол қоймастан мақаласын қыстырып,
Журнал қуы сол өлеңге салды ойбай!
Бейпіл неме ізімді андып қалыпты;
Менде де оның аштырмадым адымын.
Ол қу мені тырнағымнан таныпты,
Мен де оны құлағынан таныдым,² - дейді.

Бұл өлеңде Пушкин өзінің арыстан екенін, «Қу сыншының есек екенін ашып айтпай-ақ» жиішкелеп» жеткізеді. Мұндай ащы мысқыл, биязі сықақтардың талай үлгілерін келтіруге болар еді. Осылардың

¹ В.Ермилов. Гоголь шығармаларына жазған беташар. 1956 ж. 5 бетін қараңыз.

² Қасым Аманжолов. Шығармаларының толық жинағы. II-т., 335-б., А.1956. «А.С.Пушкин. Собрание сочинений»).

бәрі Гогольге әсер етпей қойған жоқ. Жалпы әсерді былай қойып конкреттік әсерін айталық. Онда «Шинель»-дің тууына себеп болған шығарма Пушкиннің «Бекетші»-сі («Станционный смотритель») десек қателеспейміз. Байлар дәуіріндегі «ақшалы адамды» Пушкин қандай жек көрсе, Гогольде сондай жек көрді. Екеуі де өз тұсында адамгершілікті жырлады. Орыс әдебиетіне осы салтты орнатты. Буржуазиялық қауым табанына таптаған, көзге ілінбейтін «кішкене адамның» намысын жыртып. Бұл сарында А.С.Пушкин «Бекетші» атты әңгімесінде қалай көрсетсе, Гоголь де «Шинель» атты повестінде солай көрсетті. Ендеше, бұл екеуі іштей бірімен бірі үндес шыққан, әсерленуден туған еңбектер.

Әсерленудің – үлгі арудың орыс әдебиетіндегі түрлері неше алуан. Орыс әдебиетшілері Гогольдің еткен әсерін түгел қамту мүмкін емес. Оны сүймегені, оған еліктемегені жоқ тәрізді. Мысалы: 1852 жылы 21 февраль күні Полина Виардоға жазған хатында И.С.Тургенев: «...Үлкен бақытсыздыққа ұшырадық - Москвада Гоголь өлді, бар «мүлкін» отқа өртеп кетті – бәрін де – «Өлі жандардың» екінші томын да, талай-талай біткен еңбектерін де, жаза бастаған дүниелерін де – қысқасын айтқанда – бәрін де түгел өртеп кетті... Бұл қаралы күннің салмағын сіз түсіне алмассыз. Осы минутте қан жұтпаған орыс жоқ. Біз үшін ол құр жазушы ғана емес еді ол біздің өзімізді өзімізге танытып еді...Шетелдіктердің ішіндегі өткір ойлы – көреген Мериме¹ де Гогольді «сықақшыл» (юморист) жазушы деп ұғады...Тағы айтайыншы, біздің кімнен айырылғанымызды ұғыну үшін нағыз орыс болуыңыз керек²...» - дейді И.С.Тургенев. Ендеше орыс әдебиетінде Гоголь әсері тимеген жазушы жоққа тән, бірақ әрқайсысында әртүрлі.

Орыс әдебиетінен қазақ әдебиетінің үлгі алуы да қилы-қилы. Біз Гоголь әсерін барлық жазушылардан да табуымыз мүмкін. Алайда, жазушылар әдісі түрлі-түрлі болғандықтан, біз солардың ішіндегі Гогольге бейім тұрғандарынан іздемекпіз.

Орыс әдебиетінен үлгі алуымыз да, оның әсері көп тигені де даусыз. Осыған қарап Абай, Ыбырай, Сәкен, Бейімбет, Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ілияс, Ғабиден т.б. тек қана Гогольге еліктеді, содан ғана әсерленді деу қатеге соқтырар еді.

¹ 1851 жылы «Ревю дэ де Монд» -атты журналдың 15 декабрьде шыққан 12 томында П.Мериме «Гоголь сықақшыл жазушы, бұл ағылшын сықақшыларынан кем түспейді» -деген ғой. Мерименің осы қате пікірін қуана қарсы алып Ф.Булгарин «Северная пчела»ға Гогольді екі мақала жазғанды.

² И.С.Тургенев «Собр.чос. т.12 М. 1958г. стр.104-105

Екінші «бір мәселе орыс әдебиетінен еліктеуіміз аударма арқылы болды ма, немесе тікелей түпнұсқадан нәр алдық па? Бұл сұрауға берер жауабымыз да жазушыларымызға қарай екі түрлі болу керек. Әрине, жазушылардың басым көпшілігі әсерді түпнұсқадан тікелей алып отыр, ал біразы аударма арқылы да әсерленуі мүмкін. Бұрын да айтып едік, реті келгенде тағы айтып кетелік, біз аударма әдебиетінің өсу жолынтөл әдебиеттің өсу жолынан бөлгіміз келмейді.

Ал енді орыс әдебиетінен үлгі алу үшін жөнінде пікірін айтатын жолдастардың кейбіреулері мынадай топшыллауларын да ұсынады. Мысалы, 1957 жылы Бейсембай Кенжебаев пен Серік Қирабаев: «Топ-Жарған» (1907) поэмасын жазуда Мұхаметжан Сералин орыс халқы классик әдебиетінен, атап айтқанда, Гогольден, оның әйгілі «Ревизор» пьесасынан өнеге алғаны айқын көрінеді»¹ - дейді. Бұл пікірге біз қосыла алмаймыз. Біріншіден Мұхаметжан Сералин көркем әдебиеттен көрі, көсем әдебиетке (публицистика) бейім адам. Былай айтқанда, жазушылығынан-ақындығынан-журналистігі басым. Екіншіден «Топ-Жарған» поэмасында сықақ, мысқыл әдісі жоққа тән.

«Топ-Жарған» хикаясы 1898-жылы, 13 апрельде жазылып бітеді. Әңгіме басталғанда Кене-Сарының ауылы суреттеледі.

«...Қасында Төлеңгүті жүз қаралы үй,
Жігітінің айтқаны өлең, тартқаны күй,
Кәсібі жортуылдан мал әкелген,
Ханынан жақсы ат тартқан алады сый...», -

дегенді айтады.

Үш жігіт Кенесарының ауылынан жорыққа аттанып, Қабырға өзенінің жағасында ұйықтап жатқан біреуге кезігеді. «Белінде қылыш, үстінде шидем, тері тымақ, қазақы етігі бар, басы сынған жнелқом ер жерде жатыр, тұсаулы жауыр торы оттап тұр екен»...дейді. Осылай қапы жатқан бишараны бассалып, байлап алады да әлгі үш «батыр» тұтқынға өздерін таныстырады...»

Сұрасаң біздер ханның төлеңгіті,
Қарасай Қошалақта елдің шеті.

¹ Б.Кенжебаев, С.Қирабаев.ү «XX-ғасір басындағы қазақ әдебиеті» 21 бетін қараңыз.

Біз сені Кене ханға апарамыз,

Құл ғылып бірімізге біз аламыз...

дей келіп, «өзің кімсің, атың жүйрік пе? – Кенеге тарту етіп сый алар едік...» - дегенді сөйлейді. Өстіп келе жатқанда тұтқын жігіт: «сендер не кәсіп істейсіңдер? – деп сұрайды.

«...Жатпайды жігіттері ханның текке,
Жорыққа жортуылшы шығар шетке,
Олжаны құғыншылар салар көпке.
Семізін келген малдың сойып жеген,
Ат, киім, жаудан түссе мініп, киген,
Жетім, жесір алынса жортуылдан,
Өзіне алушының түгел тиген.
Олжада жетім-жесір малдан артық.
Келеді қалқы олардың тарту тартып,
Барлардың ағайыны көп мал беріп,
Сүйегін тұтқындықтан алар қайтып...», - деп баяндайды.

Ханның қарашысына істеген неше алуан зорлық-зомбылығын, халықты бағындыру жолындағы сан-қилы қылықтарын ашық бейнелеп өтеді. Сонда тұтқын жігіт:

«...Айнала елдің бәрі бағынған соң,
Кененің жауы дос боп табылған соң,
Өлмей ме Төлеңгіті ханның аштан,
Есігі барымтаның жабылған соң?...», -

деп түйрей сөйлегенде, бұған үш жігіт те:

«...Бұл күнде күшті боп тұр Кене-Сары,
Қылмайды кімді быт-шыт келсе кәрі,
Кенеге бағынған ел қойдан жуас,

Аз ба екен Төлеңгүтке елдің малы?...», -

деп іркілмей жауап қайырады. «Биыл қыс қатты болып жұтаған соң Жаппаста Жылгелді руын шауып алып, мал бөліскенде әр қайсысына жиырма тайдан тигенін» де жасырмай айтады. Бесінде тұтқынды ханның ордасына алып келеді:

«Ортада қатар тіккен үш ақ орда,

Үй сайын байлаулы ат, қара найза.

Белдеуде қыстырылған бір-бір дорба...»

Деп суреттеп өтеді де:

«...Жайлаған Қарасайды жүз қаралы үй,

Шығады өлең даусы, тартылған күй,

Бишара тұтқын жігіт – ой ойлайды,

Көрем деп елде қандай залымнан сый...

Деп Сералин ойын түйеді. Кененің ұрлық-зорлығын, зұлымдығын ашына ақтарады. Өзілсіз тура айтады.

Бір кезде Кене-Сары өз жігіттерінің қайда барып келгенін сұрайды. Жігіттері: «Осыдан бір апта бұрын жортыулға шаққанын, еш жерден мал ала алмай, жолдары болмай қайтқанын, Қабырға өзенін жағалап жүріп, осы жігітке кездесіп, соғысып, ұрып жығып, байлап алғанын – баяндайды. Сол арада тұтқын жігіт: «Мен ұйықтап жатқанда байлап алды, атым астымда, қылышым қолымда тұрса алдырмас едім» - дегенді айтады. Жауыр құбақан торыны мақтап кетеді, оның жүйрік екенін, «екі жүз жылқыға айырбастамайтынын» - білдіреді. Кене-Сары: «олай болса атыңды мін де шаршы топтан құтылып көр? – өтірік айтсаң өлтірем:

«Бұл торың жүйрік болса құтыларсың

Немесе қуғыншыға тұтыларсың...» дейді.

Ертең таңертең құбақан торыға мініп әлгі жігіт қашпақ, жұрт қумақ болады. Құтылса босанады, тұтылса өледі, хан бұйрығы осылай. Қууға жиылған топты ақын былай суреттейді:

«...Бәрі де қаншыр бөрі ішкендей қан,

Тиындай көрінбейді оларға жан...», -

дейді. Осы топтан құбақан торы атпен жігіт қашып құтылады. Бір күннен кейін өзі қайтып келеді. Кененің атасы Өтетілеудің шақшасын да алып кеп береді (Ол шақшаны кеше қашқанда ала кеткен болатын). Кене мән-жәйін сұрайды, сонда жігіт:

«...Затым Адай, руым Жебеней, Маңғыстаудың Қара-ойын мекен ететін елміз. Менің Мыңбай, Селбай деген немере екі бай ағаларым бар еді. Селбай алпысқа келгенде қатыны өліп, 16 жасар әдемі тоқал алды. Сол жеңгеме ғашық болдым. Жеңешем бойына дарытпады...

«...Еу, қайным, шал ағанды мен сүймеймін,

Ер хақы болғаннан соң көп сыйлаймын.

Ерімнің көзі тірі тұрған шақта,

Қиянат шал ағаңа мен қылмаймын»...

дегенді айтып бет бақтырмады...»

«...Түн еді, қойдың күзетіне шықтым. Мойныма асынған мылтығым бар. Сол түні жеңгемен сыртта сөйлесіп тұрғанда күн күркіреді, нажағай жарқ-жарқ етті...

«Сол арада» жеңешемнің көрдім көзін,

Көрген соң қыпша белін, ұзын бойын,

Білмедім не болғанымды өзімді-өзім»...

Төңірегімдегінің бәрін де көрмей көзім алабұртты, жеңгемді құшақтай алдым, ол жұлқынып ойбай салды...Осы кезде біреу келіп ту сыртымнан салып өтті. Түрегеліп мылтықпен басып жібердім. Оққа ұшқан өзімнің Селбай ағам екен».

«...Немере жасы жеткен ағамды атып,

Мен болдым жүзі қара ағайынға...»

дейді.

«Бұл жерден қашып Мыңбайға бардым, оның Адайды ағалап озып жүрген Құбақан торысын ұстап міндім де елден бездім

«Өткен қыс Жайық бойын жағаладым,
Шекті, Серкеш, Таманы араладым...
...Данқыңыз сіздің кеткен Жайық асып,
Көруге дидарыңыз болдым ғашық...
...Бүгін кеп алдыңызға тақсыр ханым,
Байларым босағаңа құбақаным...
Болар ем рұқсат болса сізге нөкер,
Құрбан ғып жолыңызға шыбын жаным...»

деп бітіреді. Құбақан торының «Топ-Жорған» атануына ханның тобынан құтылуы себеп болады. Осы атты Кене-Саррыдан інісі Наурызбай қалап алады. Міне хикая осылай аяқталады.

Осы «Топ-Жорған» хикаясынан жазған Мұхаметжан Сералинге «Ревизордың» тигізген әсері қай жерінде тұр? Біздің ойымызша «Топ-Жарғанда» Гоголь кейіпкерлерінің біреуі де жоқ. Сквозник-Дмухановский, Хлестаков, Ляпкин-Тяпкин, Шпекин, Осип, Анна Адреевна, Марья Антоновна, Бобчинский, Дбчинскийлердің бір де бірі кездеспейді. Әңгіме атында ғана емес тіпті заты ұқсамайды.

Мұхаметжанның жазу әдісі Гогольден мүлде аулақ. Бұл «Топ-Жарғанда» сықақ, мысқыл, ишаралар мүлде ұшырамайды. Бәрі тұспалсыз тура айтылады. Кене-Сарының ауылы-қарақшы бір топ ұрының жиылған жері еді. Қалың елден жырылып жеке қалған залымдардың торбына» қуға қу намазшамда тап болып» - өз ағасын атып өлтірген, елден шыққан бұзақы жігіт қашып келіп паналайды. Сонда бұл ауыл қандай ауыл? Бұл ауыл жан-жаққа ұры атандырып, өз елін жаудай шауып малын сойып жеп, аруын күндікке, азаматын құлдыққа сатып жатқан ауыл-Кене ханның ауылы! Міне жазушы Мұхаметжан Сералин осы ойын күлтелемей ашық айтады. Астарлы әжуасыз, миығынан күлетін мысқылсыз тура бейнелейді. Сералиннің бұл әдісі Гогольге келмейді. Рас, «Топ-Жарғанның» «Ревизорға жалғыз-ақ ұқсастығы бар-мұнда да жағымды кейіпкер жоқ.

Заты, «Топ-Жарған» әңгімесі белгілі бір уақиғадан тууы да мүмкін. Өмір шындығын өз қалпында жаза салуы да ықтымал. Ал, енді қазақ даласына мәдениеттің алғаш есігін ашқан, «Айқап» журналының

редакторы, көзі ашық оқыған азамат Сералинның орыс әдебиетін білуі, одан өнеге – үлгі алуы даусыз. Ендеше, орыс әдебиетінен қалайда әсер алды деу қажет болса, онда:

«...Еу, қайным, шал ағанды мен сүймеймін,
Ер хақы болғанан соң көп сыйлаймын,
Ерімнің көзі тірі тұрған шақта,
Қиянат шел ағаңа мен қылмаймын...»

деген жеңгесінің сөзін Пушкиннің Татьянаға айтқызған сөзіне ұқсату керек болар. («Я другому отдана ,

Буду век ему верна...»)

Бірақ тура солай айту да қиын, өйткені сол кездегі өмір шындығын автор Сералин ешбір әсерсіз де айта алуы мүмкін. Осы жерде тағы бір сөз егер Мұхаметжан Сералин мұны Пушкиннен алған бояса - тура түпнұсқадан алуы рас, өйткені Абай аудармасы «Топ-Жарғаннан» 11 жыл кейін, тек 1909 жылы жарық көрді ғой.

Гоголь әдісінің қазақ әдебиетіне еткен әсері туралы 1952 жылы біраз жолдастар пікірлерін айтыпты. Айқын Нұрқатов Баламер Сахариев, Жаппар Өмірбеков т.б. Бұлар 1952 жылы Гогольдің қайтыс болуына 100 жыл толған қарсаңында өз топшылауларын газет, журнал беттеріне жариялапты. Шағын көлемді мақалаларында әр қайсысы ойларын өзінше ортаға салыпты.

Сонда: «Гоголь көптеген шығармаларында геройларының ішкі-сыртқы дүниесіне, іс-әрекетіне, мінезіне лайық ат қойып отырады. Міне, бұл мәселе жөнінен де қазақ жазушыларының бірсыпырасы Гогольге еліктеді. «Ботакөздегі» Итбай, Байтөбет, атаман Шайтанов; «Темір Тастағы» Қасқырбай, Түлкібай; Ғабиденнің «Өмір не өлім» романындағы «Сойдақтіс» т.б. сөзсіз орыс әдебиетіндегі Гоголь үлгісінен туған кейіпкерлер»¹... дейді Баламер Сахариев.

Рас, Гоголь кейбір кейіпкерлеріне атты осылай қояды. Бірақ осы «Итбай, Қасқырбай, Түлкібай, Сойдақтістер» - бұрыннан өзімізде бар адам аттары емес пе? Мысалы: Итбай - 1913 жылы жарық көрген «Қалың мал» - романында да бар. Ендеше, Сәбит Мұқанов «Итбайды»

¹ Б.Сахариев. «Н.В.Гоголь және қазақ әдебиеті» -журн. Халық мұғалімі» №3, 1952 ж. 24-бетті қараңыз.

Спандияр Көбеевтің «Қалың малынан» алды ма, немесе Гогольдің «Собакевичінен» алды ма, жоқ тіпті қазақ өмірін терең білетін художник шынайы өмірдің өзінен алды ма? Міне, бұл сұрақтарға жауап беру үшін көбірек зерттеу керек тәрізді. Шынына келсек біз кейінгісін қолдар едік. Ал, «Атаман Шайтанов» - туралы айтарымыз ол болған кісі. Осы Шайтанов Сәбит романынан бұрын шыққан Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» де бар. Сәбит Мұқанов болған кісінің өзін алуы мүмкін.

Сол 1952 жылы жас сыншылымыз Айқын Нұрқатов та: «драматург М.Ақынжановтың соңғы кезде жазған» «Ыбырай Алтынсарин» атты пьесасында да Гогольдің әсері барлығы байқалады. М.Ақынжанов пьесасындағы Берікбол мен Серікбол «Ревизордағы» өсек айтып жүретін, өтірікші тоғышарлар Бобчинский мен Добчинскийді еске түсіріп отырады»¹ - дейді.

Ақынжановта Гогольдің әсері бар да шығар, бірақ оны басқа жерінен тереңірек іздеу қажет тәрізді.

Мұндай некен-саяқ ұқсастықтарды үзіп-жұлып ала берсек, онда баяғы «Қозы-Көрпеш-Баян» қысасындағы Қарабай мен Сарыбайды да, ескі фольклорға ұшырайтын Бекбикелер мен Тоқбикелерді де ұқсатуымызға болады ғой.

Сол мақаланың енді бір жерінде:

«Итбайдың бойында Плюшкиннің сарандық мінезі де бар... Оның Плюшкиннен кем сараң болмайтыны өзінің сөздерінен, әрекетінен аңғарылып отырады. Ол әйелі Ақсұлуға: «Сен ит, қымызды әр кімге бір құйып... астың берекесін алатынсың... бұдан былай асты берекелендіріп ұста!» - деп ызыңдаумен болады. Бұдан Итбайдың Плюшкинге ұқсас сарандығын көруге болады,²» - дейді.

Спандияр Көбеев Крыловты аударған жазушы, ол Гогольден әсер алуы да мүмкін. Бірақ Итбайдың осы сөзі сарандықтан туып отыр ма? Ол бұрынғы кедей адам, енді Тұрлығұлға қызын сатып, содан алған азыаулақ қалың малдың буына мез. Оның айтып отырған сөзінің төркіні «бұрынғы жарымағандықты, жарамсақ болуды доғар, байлардың бәйбішесіне тамақты беретін жерінді біл, сол кезде аянбай

¹ А.Нұрқатов. «Гогольдің қазақ әдебиетіне әсері». Әдебиет және искусство» - журналы. 1952 ж. 100 бет.

² Сол журналдың 100 бетін қараңыз.

төгіп жібер, берекелі байлықтың иесінше қимылда!» - деп отыр. Плюшкин олай емес, ол сілімтір шірік байлықтың иесі, сарандық оның ата кәдесі. Ендеше Плюшкинге Итбайдың үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Рас, осы Спандиярдың Гогольге ұқсастығы да бар, онысы өз тұсындағы өмір шындығын бұлжытпай шебер бергені. Кедейден байыған, «бұдан жаманында да тойға барған» - Итбайдың дарқандығын айнаға түсіргендігі, образын көз алдына алып келгені. Осы Итбайдың 250 сом ақша алып дүкенге барған жерінде: «Менімен сауда жасайтын дүкен бар ма?» - деп күпілдеу қандай қызық! Бірақ бұл Плюшкиннің ұзақ саудаласып, 78 өлікті, 32 тиыннан (24 сом 96 тиынға) сатуына мүлде ұқсамайды. Заты, Гогольдің Плюшкині біздің ескі фольклордағы Қарымбай образына жуық тәрізді.

Тағы бір жерінде Айқын Нұрқатов: «Азған елдің сәлдесі үлкен молдаларын» - сықақ еткеннен Ыбрайдың шығармаларында да Гоголь творчерствосының әшкерелеушілік, гуманистік сарындары, реалистік принциптері айқын сезіледі» - дейді.

Бұл сөздерді Ыбрайдың ескі «Ақыр заманнан» алғанын Әнуар Дербісалин дәлелдеп өтті, сондықтан оған тоқталмаймыз. Екінші айтарымыз Ыбрай Гоголь әдісіне таянған жазушы тәрізді емес.

Ал, Айқын Нұрқатовтың Абай туралы айтқан пікіріне толық қосыламыз. «Қазақ халқының классик ақыны Абай да өз кезіндегі «сабырсыз, арсыз еріншек, көрсе қызар жалмауыз», жандарды, «басында ми жоқ, өзіндей ой жоқ, күлкішіл кердең надандарды», мақтан сүйгіш күпілдіктерді өлтіре сықақ етті... Сумаң қаққан желбуаздар үстем болған, өксікке толы өмір... ақынның өзегіне өрт салды...

«Абай шығармаларындағы осы сарын-өмірді шынайы күйінде суреттеп, оның сұрықсыздығын сықақ ете отыру және өмірдің сондай болғанына қиналу, күйзелу сарыны оны Гогольмен жақындастыра түседі» - дейді. (Сол мақаласы – 99 б).

Гоголь де өз тұсындағы крепостнойлық өрескел дәуірді, сол кездегі тоғышар помещиктердің сұмпайы сыйықтарын аямай әшкереледі. Өзілдей отырып, зілді мысқылмен іреп-сойды. Міне, бұл әдісті Абай толық пайдаланды бірақ Абай мысқылының негізі Пушкинде жатқан тәрізді, ол күлтелемейді, тура айтады. Расына келсек, Гогольдің де ұқсас екені даусыз.

А.Нұрқатов пен Б.Сахариев екеуі де бір ауыздан Гоголь әсері Ғабит Мүсіреповте көбірек ұшырайды деп тоқталып өткен екен.

1958 жылы Совхозбек Тоғысбаев та: «Жазушы талантының тиралық күші өте-мөте «Оянған өлке» романынан айқын көрінді. Мұнда ұнамсыз типтердің тұтас галереясы бар десек асырып айтқандық болмайды»¹ деді.

Біз осы арада бұларға жауап беруден бұрын жалпы аударма арқылы қазақ тіліне, қазақ әдебиетіне орыс тілінен кірген жаңалықтарға азырақ аялдап өтелік. Ескі қазақ тілінде күрделі сөйлемнен, жалаң сөйлем көбірек болатын сөйлемнің бастауышы алдында, баяндауышы артында тұратын.

Бүгінде әлгі қалыптасқан грамматикалық нормаға да «зор-зор өзгерістер еніп отыр. Бір кезде оған көрінетін жәйттер, қазір қалыптасып, үйреншікті салтқа айналып барады. Орыс сөйлемінің қалпы ең әуелі аударма арқылы кірді де енді төл әдебиетіміздің өзінде орын тепкендей. Мысалы бұрын: «Шелегін босағаға қойып жүрісін сездірмей, ептеп басып далаға шыққан Айбала: «Я, қуанатын жөні бар. Бала ғой. Бүгін сабағым басталады деген!» - деудің орнына, енді «Я, - деп ойлады, шелегін босағаға қойып, жүрісін сездірме, ептеп басып далаға шыққан Айбала, қуанатын жөні бар. Бала ғой. Бүгін сабағым басталады деген!»² - деп жазады жазушы академик Сәбит Мұқанов.

Енді бір жерінде Ботагөз кішкене қолсандығынан Ленталарын көріп отыр.

Сонда: «Мынау, - деді, ол жасыл лентаны суырып ап, - қарағай!»

«Мынау, - деді, ол ақ лентаны суырып ап, - қайын!»

Мынау, - деді, ол сары лентаны суырып ап, - қайынның жапырағы!»

«Мынау, - деді, ол қызыл лентаны суырып ап, - теректің жапырағы!»

«Мынау, - деді, ол көк лентаны суырып ап, - теректің өзі!»

¹ Совхозбек Тоғысбаев. «Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы сықақ мотивтер туралы «Жұлдыз» №3, 116-б.А. 1958

² С.Мұқанов. «Ботагөз» 3-том, 7-8 б. А. 1956

Мынау, - деді, ол сұр лентаны суырып ап, - таудың тасы!»¹ .

Осы сөз тіркестерінің орыс тілінен келуі даусыз, алайда Сәбит Мұқанов бұларды аудармадан алып отыр ма, жоқ оригиналдың өзінен алып отыр ма, оны кесіп айтуға да, шешіп айтуға да болмайды.

Кейде мынадай сөз тіркестері ұшырайды, мысалы:...аударушылар адам баласы көнілінің шебер «жеңгейтайлары»² ...десе, А.С.Пушкиннің «Переводчики почтовые лошади просвещения» - деген сөздері есіңе түсе кетеді. Тағы бірде: «...Әрбір осал аудармалар өзіне тән осал белгілерімен, өзінше осал келеді»³- десе Л.Н. Толстойдың «Все счастливые семьи похожи друг на друга, каждая несчастливая семья несчастлива по своему»⁴ - деген сөздері ойына келе қалады. Бірақ Л.Толстойдың осы сөздерін 1953 жылы Ғ.Орманов қазақ тіліне аударғанда: «бақытты семья біткен бір-біріне ұқсас та, әрбір бахытсыз семья өзінше бақытсыз»⁵ - деген еді. Ендеше, бұл аудармаға анау сөз тіркестері мүлде ұқсамайтын тәрізді, оның үстіне Толстойды аударып та отырған жоқ. Тек қана ойды өрістете сөйлем құрайдың әсері тигендей. Ұсақ болса да сөйлемге, сөз тіркестеріне кіріп отырған осы жаңалықтарды да зерттейтін мезгіл жетті деп білеміз.

Кейде аударма арқылы бір елдің жазушыларына екінші елдің әдебиет мұралары әсерін тигізеді. Мысалы: Грек мифологиясында айтылатын Парнас тауы «Аполлон құдайдың мекені, Фессалиадағы тау! Мен Зевстің (аспан құдайы) қанатты тұлпары Пегас туралы А.С. Пушкиннің: «...и ты в толпе служителей Парнаса. Ты хочешь оседлать упрямого Пегаса...»⁶ дейді де, немесе В.Маяковскийдің

«...А что,

Если я

Десяток пегасов

Загнал

За последние

¹ С.Мұқанов. «Ботагөз» 3-том. 8 бет.

² Мұзафар Әлімбаев. «Достар еңбегі» «Жұлдыз» №12,46-б. А.1958

³ Мұхтар Әуезов «Көркем аударма кейбір мәселелері» А.1957 5-б.

⁴ Л.Н.Толстой. собр.соч. т.8 стр.7. ГИХЛ. 1958

⁵ Толстой. «Анна Каренине» 5-б. А. 1953

⁶ А.С.Пушкин. «К другу стихотворцу».

15 лет?!...¹», -

деуі де тегін емес. Ақын Овицийдің «Метаморфозы» атты кітабы орыс тіліне ХҮІІІ ғасырда аударылды, «Парнас» пен «Пегас» қа Пушкин сол кездегі аудармалар арқылы танысты, өйткені грек тілін білмейтінін Гнедичке жазған хатында Пушкин өзі айтып өтеді. Әрине, «Парнас» пен «Пегас» жеке сөздер ғана емес, осы есімдерге байланысты үлкен-үлкен ойлар ауысып отыр. Қазақ елінің «көңіл жүйрік пе, көк денен жүйрік пе?» - дейтін мәтеліндегі «көк денен» - де соны «Пегасқа» дәл келеді.

Жеке сөздер, жеке-жеке сөйлемдерде ұшырайтын ұқсастықтардың төркінін табу оңай жеке-жеке ұғымдарға байланысты әсерді табу да аса қиын емес. Мысалы Ғабит Мүсірепов «Ана туралы аңыз» атты кітапшасында «1948-ж) «Келешекте құлдықтан бас тартпай, оң жағына ұрса, ол жағынды тосатын» кеше адамдар әзірленіп жатырмыз» - дейді. Осы жерде айтылып отырған «Оң жағына ұрса, сол жағынды тосатын» - деген сөздері христьян дінінің заңы (қануны) екені көрініп тұр. Тағы сол кітапшада «Ағузе...Бісмелла, рәсире... рәсіри...рәтуре...рәрире...» - десе мұсылман дінінің аяттары, дүмше молдалары есіңе еріксіз келе қалады. Бұларды авто өзі де тырнақшаға алып, әдейі келтіргенін айқын көрсетеді.

Ал, енді «Оянған өлке» романында Ғабит Мүсірепов: «Игілік аулынан құйғытып шыға келген жолбасар жігіттер мұны ортаға алып қасқырдың қозыға жапқан жаласын айтты (54-б) – дейді. Осы жердегі «қасқырдың қозыға жапқан жаласы» - деген сөздері И.А.Крылов мысалын мегзеп тұрғандай.

Әр елдің өз өмірінде болған жәйттерді шерткенде де бір автордың екінші авторға ұқсап кететін жерлері болады, бірақ бұлардың төркінін табу, өлшеп-пішіп тура қорытынды шығару өте қиын. Мысалы, Абай мен Тоғжан арасындағы махаббат сарыны Ромео мен Жульетта арасындағы махаббат күйіне, кейбір кезеңдерде, ұқсап та қалып отырады. Абай мен Ділданың қосылуын оқығанда Николай Ростов пен княжна Маридің қосылуы есіне түспей қоймайды. Бөжей мен Құнанбай арасындағы кекісулер де Монтеки мен Капулеттиді есіңе еріксіз түсіреді. Әрине бұлар көшірме емес. Кешегі ру алақөздігі болған

¹ В.Маяковский. «Разговор с финиспектором о поэзии».

дәуірде осы шындық екі елдің де басынан кешті. Сол өмір шындығын жетік білген шеберлер өзінше толғанып отырған сияқты.

Сонсоң: «...Омар моланың қасына атынан түсе қалып, елікке аят оқи бастап еді... Дүние әрекетін түгел ұмытып, ұрып жатсаң, қозғалмайтындай мүлгіп отыр... Тепсініп-ақ келіп қалса да, құран оқып отырған адамды Жұман да бассалып сабай алмады. Ол бір құдайға қарсылық болар еді¹ ...» дейді Ғабит Мүсірепов. Осы жолдарды оқығанда У.Шекспирдің «Гамлеті» есіңе түседі. Гамлет оқудан келсе өзінің туған әкесі өліпті, оны өлтірген Гамлеттің дядасы – Клавдии мұның шешесіне (Гертрудаға) үйленіп, Данияға король (патша) болып отыр екен. Дядясы (ағайы) Клавдийдің осы қылмысын естіп, әке кегін алуға Гамлет белін бекем буады. Бір күні қылышын қынабынан суырып алып, дядясін жайратуға жетіп келсе, Данияның королі, әлгі Клавдий құдайға жалбарынып, қылмысына кешірім сұрап отыр, соның үстінен шығады: «Прости мне это гнусное убийство!.. Ангелы спасите!...» деп шоқынып жатқанның көреді. Сонда Гамлет:

«Теперь свершить бы все, - он на молитве;

И я свершу; и он взойдет на небо;

Здесь требуется взбесить;

Отец мой гибнет от руки злодея,

И этого злодея сам я шлю не небо

Ведь это же награда, а не месть»...²

Әрине, Жұман Гамлет емес, алайда ыза кернеп, кек алуға дайындалған ашу дәрежесі бірдейге жақын. Бұдан барып Мүсірепов Шекспирге еліктеді деп кесіп айтуға да болмас. Әйтсе де осында үндестік бар тәрізді.

Әуелеп ұшқан қыран мен жерде жорғалаған жылан туралы Абай да, Горький де айтар: «Қапсағайға өрмелеп жылан да, қыран да шығады» - деулері мүмкін. Бірақ бұл еліктеу емес, үндестік дер едік. Өмір шындығын жетік білуден туған даналықтың белгісі.

¹ Ғабит Мүсірепов II-т. «Оян.Өлке»А.1955,86 бет.

² Уильям Шекспир. Т-6, стр.92-93. М.1960:

Ал, енді осы біздің совет дәуірінде үндестік тіпті мол. Мысалы, Бабаевскийдің, «Кавалер золотой звезды» атты романы Ғабиден Мұстафиннің «Миллионері», Әбілда Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес» атты пьесасы, Абдулла Каххардың «синчалак» («Птичка невеличка» қазақша «Қыштак») деген әңгімесі бір тақырыпқа жазылған, алайда біріне бірі тура еліктемеуге де мүмкін. Өйткені колхоз тұрмысы совет елінің бәрінде де ұқсас. Ондағы кемшіліктер де біріне бірі айна қатесіз ұқсауына ықтимал. Ендеше, бұлар өз еліндегі өмір шындығын берген шығар. Қысқарта айтсақ, әсер мәселесін ашудың ойы қыры өте көп.

Кейбіреулер Гоголь ерекшелігін үшке бөледі, соның біріншісі: «Гоголь кейіпкерлері біріне-бірі ұқсамайды, әр қайсысы жеке-жеке өз алды дара көрінеді» - дейді. Екіншісі – «Гоголь адам портретін шебер жасайды», - дейді. Үшіншісі – «Гоголь әдісі елден ерек. Оның сықақ әзілі, мысқыл келемежі өзінше жеке-дара мен мұңдалап тұрады» - дегенді айтады.

Бұлай тізе берсек Гоголь ерекшелігіне сан жетпейді, өйткені ол шынайы шебер – ойы-қыры өте мол.

Бірақ, кейіпкерлерінің біріне-бірі ұқсамауы жалғыз Гогольге тән бе екен? Жоқ. Ол Шекспирде де, Виктор Гюгодада т.б., - бәрінде де бар. Әр халықтан шыққан ұлы жазушылардың қайсысында жоқ? Мысалы, Шекспирдің Гамлеті мен Лоэрті біріне бірі ұқсамай ма? Лоэртиге өзінің туған әкесі Полоний ұқсамай ма? Әкесі мен ағасының тілінен аса алмай, мақсатына жете алмай жынданған ынжық Офелияға, айтқанынан қайтпайтын қайсар Дездемона ұқсай ма? Міне Шекспирдің шеберлігі сонда, бұлар біріне бірі ұқсамайды. Виктор Гюгоның Жан-Вальжаны Жаверге ұқсай ма? Священник Клодка Квозимода ұқсай ма? Жоқ ұқсамайды. Бір әке, бір шешеден туған Тәкежан мен Абай да біріне бірі ұқсамайды. Бір таптан шыққан, бір рудан тараған екі бай: Жұман мен Игілік біріне бірі ұқсай ма? Жоқ, ұқсамайды. Ендеше кейіпкерлердің біріне бірі ұқсамауы да тек Гогольге ғана тән ерекшелік емес, жалпы шебер жазушылардың бәріне де ортақ қасиет.

Біздің ойымызша Гогольдің негізгі ерекшелігі әдісінде әзіл сықақ, ащы мысқылында «Әзіл түбі - зіл» дегендей Гогольдің әзіл сыртқы көрінісі ғана, ал тереңдеп кірген сайын зілді мысқыл айқындалып, өмірдің неше алуан пердесін аша береді. Гоголь өз тұсындағы өмір

қайшылығын көз алдына елестеудің шынайы шебері. Оның биязі сықақ-әзілі, өткір мысқылы да осы қайшылықтан барып қолдап жатады. Міне, Гогольдің ешкімге ұқсамайтын оқшау ерекшелігі осы әдісінде. Сондықтан да: «Гогольдің «Өлі жандары» Гомердің «Илиадасы» емес» - деп Белинский тауып айтқан болатын.

Гогольдің осы негізгі ерекшелігін ескере отырып, қазақ әдебиетіндегі оның әсеріне ерген жазушыларымыз кім? Деген сұраққа біз алдымен Бейімбет Майлинді ұсынар едік.

Реті келгенде, осы арада тағы айта кетелік – Гогольді сүйіп аударған, кемеліне образын қазақ тілінде қайта жасап шығарған Мұхтар Әуезов сол Гогольден мүлде әсер алмады деу қателесумен барабар болар еді. «Оның үстіне Мұхтар Әуезов шығармаларынан әзіл-сықақ ащы мысқылдың көрнекті үлгілерін таба аламыз) Сондай-ақ ол қазақ тіліне Шекспирді де, Чеховты да, Л.Толстойды да, Тургеновті де аударды. Ендеше, олардың да әсері Мұхтар Әуезовқа тимей қойған жоқ. Айта берсек, Мұхтар Әуезовтан классикалық шығыс әдебиетінің де, Батыс Европа әдебиетінің де элементтерін табуымызға болады. Оның арқалаған жүгі өте ауыр. Алайда негізгі әдісін, ойын түйе желісін алғанда, ол Шекспир мен Л.Толстойға таяу тұратын тәрізді. Күрделі ойды, күрделі сөйлеммен басқыштап құрауы да Л.Толстойдан оны алыстатпайды.

Рас, біздің Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров тағы басқа жазушыларымызда да Гоголь әсері бар. Сонымен қатар оларда өзге жазушылардың да әсері бары даусыз. Бірақ біз әсер мәселесін Гогольге байланыстыра алып отырмыз да, сол Гогольдің өзіне тән ерекшелігі – әзіл-сықағы, ащы мысқылы қай жазушымызда басым, міне осыны тексермекпіз. Алайда жазушымызды екінші бір жазушыға апарып ұқсатқанда тұп-тура соған телуден аулақпыз. Өйткені орыс халқының ұлы ақыны А.С.Пушкиннің:¹

«Всегда я рад заметить разность

Между Онегиным и мной.

Чтобы насмешливый читатель

Или какой-нибудь издатель

¹ А.С.Пушкин. Собр. Соч. Т-ІУ, стр.33, М.1960.

Замыславатой клеветы,
Сличая здесь мои черты,
Не повторял потом безбожно,
Что намарал я свой портрет
Как Байрон, гордости поэт,
Как будто нам уж невозможно
Писать поэмы о другом

Как только о себе самом» - деген сөздерін әлі ұмытқамыз жоқ. Осы өлеңді қазақ тіліне 1937 – жылы Ілияс Жансүгіров:

«Байқағанға мен қуанам
Онегин мен екі арамды,
Келекешіл кей оқушы
Не бір жорта жалақоршы
Соның кейбір басушысы,
Түстен мені деп дәл осы,
Рабайсыз соқпасына
Бояпты деп өз суретін,
Өр кеуде ақын, Байронынша,
Болмайтындай бізге мүмкін
Жаза алуға бөтенге өлең,
Айналысып тек өзіңмен¹

деп аударса, ал 1949 жылы Қуандық Шаңғытбаев:

«Қуанам әркез алмасам тауып,
Айырмамды Онегиннен,
Кездейсоқ кейбір келекеші,

¹ А.С.Пушкин «Евгений Онегин» 3-томдық, 2—томы, 32-33 б. Ауд. Ілияс Жансүгіров.

Яки бағзы журнал иесі
Жала жауып тым дұдамал,
Түстен мені осы деп дәл,
Менмен ақын Байронға өзін
Теңепті деп жұрқа жайып,
Тақпағайдай жалған айып, -
Келместей бір қолымнан менің
Өзге емес, өзім бастан
Кешккен жайдан жазу дастан,¹ - деп аударған екен.

Осы арада аударма үзінділерін әдейі келтірдік. Пушкиннің ойын өзіміз аударып жатпай-ақ, даяр тұрған текстерді алдық. Негізгі ойымыз - жазушылардың өсуін де көрсету, оның үстіне үлгі алудың көшіру емес екенін дәлелдеу еді.

Өсу жолын сөз еткенде. Біздің қазақ әдебиетінде осы өткен қысқа мерзімнің ішінде-ақ әр жанрдан – өзіне сай стиль-әдісі бар жазушыларымыздың туғаны айдан анық.

Гоголь әсерін сөз қылғанда оның өзіне тән әдісі – биязі, әзіл-сықағы мен ащы мысқылын аттап өтуге болмайды. Ал енді осы әдіс біздің Бейімбет Майлинге күшті сезілетін тәрізді. Алайда биязі әзіл-сықақ, ащы мысқылмен бірге өсіп біте қайнаған Бейімбет Майлин Гогольге сатылып жеткендей. Өйткені ол ең алғаш А.П.Чеховпен танысты.

Құдайды, пайғамбарды, ханды, биді, бекті, байды, молданы мақтайтын, адамның адамға табынуын жырлайтын шығыс ертегілерінен көрі, езілген елді - кішкене адамды - бұхара көпшіліктің күшін көрсететін батыс әдебиетінің сарыны қазақ әдебиетіне келіп кірді. Пушкин, Лермонтов; Толстой, Крылов, Короленко, Чеховтар аударылды. Дәлін айтқанда Чеховтың «Грач» «Қара қарға» атты әңгімесін 1915 жылы Ахмет Баржақсин аударды.²

¹ А.С.Пушкин «Таңдамалы шығармалары». А.1949,322-б(аударған Қуандық Шаңғытбаев)

² «Айқап» журналының 1915 ж. 7-8 санын қараңыз.

Революциядан бұрынғы Ахмет Баржақсиннің «Қара қарға»сы бізді осы күні де қанағаттандыратын тәрізді, өйткені ол аудармада сол кездегі дәстүр бойынша өз бетінше лағатын «еркіндік» те, анда-санда кездесіп қалатын осы күнгі «әріпқойлық» та жоқ. Сол 1915 жылы А.П.Чеховтың басқа әңгімелері де қазақ тілінде жарық көрді. «Ұзақ әңгімені қысқы қайырып», тоқ етерін айтып, қышыған жеріне тиетін көркем сөздің иесі – шебер Чеховпен Бейімбет Майлин осылай танысты, «талантты жазу - қысқы қайыру», өйткені «қысқы қайыру - сол таланттың туған қарындасы» - дейтін Чеховтың Очумелов, Елдырин Хрюкиндері қазақша сөйледі... Ұсақ жанрдың сәуегей шебері - унтер офицер Пришибеевтің авторы Чехов қазақ әдебиетінен өз орнын тапты.

Қарапайым биязі сықақ пен терең трагедия Чехов шығармаларында ұштасып жатады. Ол жиренішті арамзалықты да, уақ-түйек пасық жәйтті де бірдей шықпыртып отырады.

Чеховтың «Қайғы» («Горе») атты әңгімесінде токарь Григорий Петров ауру кемпірін дәрігерге алып келе жатыр. Сонда ол: «осыдан әйелім жазылса, дәрігерге пәлендей сыйлық жасар едім, қырық жыл бірге тұрған өмірде мен саған адам болып көріндім-ау, сірә, шынына келсек мен ондай емеспін, осыны айтып әйелімді жұбатар едім...» деген арманын іштей толғайды, әңгіме ұсақ әзілдеуден басталады да өрби береді. Ақыры әйелі өледі, өзі аяғын үсітіп алады, сонша қайғының үстінде токарь өмірдің осынша тез өтуіне таңырқайды! Осы әңгімеде биязі сықақ трагедиямен араласып отырса да, бірақ трагедия басым жатады. Ал, сол Чеховтың «Мұң» («Тоска») деген екінші әңгімесінде жалғыз баласы өлген қарт арбакеш өзінің жүрегін жегідей жеп жүрген мұның біреуге шағып, ойын білгісі келеді. Оны ешкім тыңдамайды. Сонда ол өз мұнын ақырда жем жеп тұрған биесіне шертеді. «Мысалы, сенің құлыншағың бар екен дейік, сен сол құлыншағынының туған анасы екенсің дейік... Міне, кенеттен, сол құлыншағың дүние салды дейік...Бұл, аяныш қой, ә?...» деп толғанады.

Алғашқы әңгімені («қайғыны») оқығанда апатқа ұшыраған Петров оқушының жанын» тебіреніп, жүрегін жаныштайды, ал кейінгі әңгімені («Мұнды») оқығанда ақырын жымия күліп отырады, өйткені бірінші әңгімедегі әзіл-сықық трагедияны күшейе түседі де, ал екінші әңгімеде трагедияны әзіл-сықақ жеңілдетіп жібереді. Чеховтың осы шебер әдісін Бейімбет Майлин «Шұға» повестінде, «Талақ» әңгімесінде қолданған

сияқты. Біріншіден Бейімбеттің қысқы жазуы да тегін емес. Екінші «Шұға» басталғанда: Қасымның басындағы желпеңі, оның бауы, шешіп алып оны беліне байлауы, миығына түскен бөркін жоғаруы көтеруі, қаракердің қамшы жеп бусануы, Қасымның тебініп, шаужайлап келе жатуы суреттеледі. Бұл кезде жымып күліп отырасың. Әрі қарай әңгіме насырға шауып, кедейліктің салдарынан Әбіштің ғашық жары Шұғадан айрылып, жер аударылуы, ол қайтып келгенде ішқұсса болып өмірмен қош айтысқан Шұғаның өліміне кездесуі – оқушының сай-сүйегін сырқыратады. Әңгіменің аяғын Бейімбет тағы жымия күліп бітіреді. «Әңгіменің қызығына түскен соң қаракер бесті қамшыдан құтылып жолы болып келе жатыр еді. Бір-екі тебініп, шаужайлап қатарласты» деп әлгі қайғыны биязі сықақпен сергітпек болады, бірақ бұл әңгімедегі трагедияны сықақ серпілтпейді. Бұл повесть Чеховтың «Қайғысына» осылай ұқсасатын тәрізді.

Екінші «талақ» атты әңгімесінде ерлі-зайыпты Айдарбек пен Зейнеп арасындағы кикілжің суреттеледі. «Бұлардың ұрыс-керісі осыдан бір апта бұрын басталған... Бүгінгісі зілдірек. Айдарбек шай ішпестен кораб тоқып, Зейнеп ұршық иіріп, кішкене қызы Күлямза қуыршақ ойнап отыр». Сонда: «Әке-шешесі ұрысқа кіргелі... ойнай алмай Күлямза да жүдеуге айналып еді, бүгін үйінің ішінде өзгеге жандану, қозғалыс, іскерлік көрінген соң, біраздан бері терезенің түбінде тұрған қуыршағын алып, жаулығын салындырып, киіндіруге айналды» - деп толғайды. Әрі қарай Күлямза ойнап отырып шешесіне қақтығады, содан Зейнеп итеріп жібергенде, Күлямза жылайды. Зейнепті сабап, мауқын басуға сылтау таба алмай отырған Айдарбек жұмысын доғарып, Зейнепке төне түседі. Содан ұрыс күшейе барып, ақырында Айдарбек «Атаңа-нәлет! Мен сенен талақ!...» деп салады. Ол кезде дін заңы бойынша «махаббат дәнекері-неке, ал некені бұзатын жалғыз ғана талақ» - дейді Бейімбет. Міне, Айдарбек пен Зейнептің сергелдені осы жерден басталады. Қайта қосылудың қиындығы екеуінің арасына түскен асқарлы таудай. Әңгіменің аяғын автор «Ерлі-байлы адамның арасын «талақ» үзе алмады. Ескі тұрмыс, ескі ұрыс, ескі төбелес - некелі қалыптағы сарынға түсіп, аға берді...» деп бітіреді. Бұл әңгімені оқығанда әлгі кірбенді биязі сықақ жеңілдетіп жібереді де езу тартпай қоймайсың.

«Шұға» әңгімесінде оқушының қайғыдан арылмауы тек қана ғашық жардың (Шұғаның теңіне Әбішке-Абдрахманға) қолы жете

алмай қаза табуы емес. Өлім табиғи заң, ол факт. Тіпті сол кездерде өмір сүрген талай сұлулар қазір тірі де емес қой.

Олай болса, осы Шұғаға байланысты тағдыр, теңсіздік дәуірдің шындығында жатыр. Ой шеңбері кең, тамыры терең, терілуі шебер. Қырағы жазушы Бейімбет Майлиннің тиекті ойы, қиядан көретін суреткерлік салмағы сол сүреңсіз шындықты әшкерелеуге арналған. Жазушы осы жерде қаралы өмірдің, қайғылы сиқыны тұздықты мол құйып жіберген, артынан келіп биязі әзілмен себелеп, еселеп су құйғандай болады. Әлгі тұздықтың күшін қайтарғысы келгендей. Оған алғашқы уыт бой бермейді. Өзі жылап отырып, енді күлдіргісі келеді. Алайда негізгі өз әдісінен әзіл-қалжың әңгімесіндегі негізгі шындықтың өзі болмашыдан туады. Тіпті осы әңгімеде Айдарбек ашу үстінде Зейнепті оқыстан жіберсе де мұндағы күлкі әлсіремейтіндей. Оның үстіне «бүгін үйінің ішінде өзгеше жандану, қозғалыс, іскерлік көрінген соң...»- деген сөздерді оқығанда шек-сілең қатары, бұл жалғыз ғана Айдарбек үйіне тән көрініс емес, мәңгі өлмейтін шындық. Ақырында (татуласқан кезде) «Ерлі-байлы адамның арасын «талақ» - үзе алмады. Ескі тұрмыс, ескі ұрыс ескі төбелес-некелі қалыптағы сарынға түсіп аға берді» - дегенде кім күлмейді? Зейнептің қайта қосылғанда қолы жеткені баяғы таяқ жеу. Бұл өмір олардың үйреншікті ата кәдесі. Бұл айна-қатесіз болған шындық, қандай шебер, қандай әдемі берілген! Сонда да мұны оқығанда күлдіргі жағдай арылмайды. Өйткені автордың ойында ойсыраған үлкен зіл жоқ. Ендеше, А.П.Чеховтың әлгі әңгімелеріне Майлиннің «Шұғасы» мен «Талағы» әдіс жағынан қатты ұқсайтын тәрізді.

Сөйтіп, оқушыны күлдіре отырып жылата білетін, немесе жылата отырып күлдіре білетін Н.В.Гоголь әдісі мына А.П.Чехов арқылы келіп Бейімбет Майлинге де басқыштап дарығандай.

Мұндай жағдайларды Бейімбет шығармасынан көп кездестіресің. Алайда, осылардың бәрі де тура Гогольге ұқсамайтын тәрізді. Ұқсаған күнде де 1915 жылдарда Бейімбет Гогольге елітеді деуге тиянақты дәлел де жоқ, өйткені Гоголь шығармалары қазақ тіліне революциядан көп кейін аударылды. Күлдіргі әңгіме: «Сексен сом» (1918-ж) – «Айранбай» (1924ж) т.б. бәрі де қазақтың өз тұрмысында бар, байырғы сықақ-әзілдерге құрылған шығармалар сияқты, Қысқарта айтқанда Гоголь әсері Бейімбеттің 1934 жылдарда шыққан

«Талтаңбайдың тәртібінде», «Азамат-Азаматышында» - алғаш ізін түсіргендей,

Бейімбеттің Гогольмен танысу кезеңі де осы жылдардан басталған–ды. Ол – Тайшықов аударған «Өлі жандарға» сол кезде редактор болды. Гогольдің «Ревизоры» да сахнаға осы мезгілде қойылды.

«Талтаңбайдың тәртібі» 1932-33 жылдарда алғашқы колхоздасу кезеңінде Қазақстанда болған асыра сілтеушілікке қарсы дауыс көтерген шығарма. Осы кезеңде республика басшыларының қателікке ұрынып, шаруаның күйзелуіне үлкен себепкер болғанын әшкерелеп көрсетеді. Ол дәуірде жарық көрген үш шығарма болды - соның бірі Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы, екіншісі Ғабит Мүсіреповтің «Шұға» атты әңгімесі, үшіншісі Бейімбет Майлиннің «Талтаңбайдың тәртібі» атты пьесасы болатын.

Бұл пьеса Гогольдің «Ревизорына» ұқсас жазылған. Өзіл-сықақ әдісі өз басында бұрыннан күшті Бейімбет Майлин осы «Талтаңбайдың тәртібінде» жаңа сатыға аяқ басқандай. «Талтаңбайдың тәртібіндегі» кейіпкерлер «Ревизор» кейіпкерлеріне ұқсап отырады.

1)Шапшаңбай – басқарма, Сквозник Дмухановский – дуанбасы.

2)Күжан – оның әйелі, Анна Андреевна дуанбасының әйелі.

3)Талтаңбаев – өкіл; Хлестаков Ревизор, осылар біріне-бірі мол ұқсайды.

Шапшаңбай мейлінше қорқақ, мейлінше жарамсақ. Оның қорқатыны өзінің «түбі шикі», колхозды үш жылдай жеген адам. Осы қылмыстарын өкіл Талтаңбайға білдірмей аман құтылу үшін қойнындағы жарын да, қорадағы малын да сатуға барады. Шапшаңбай өзінің есепшісі Сүндетке колхоздың мал санын «1045 етіп жаз!» - дейді. Сүндет: Болмайды, талай есеп беріп жүрмін ғой. Шапшаңбай – шын цифр беріп жүрген боларсың!

Сүндет: Атама, өмірге шын цифр беріп көргем жоқ. Өтірікке де еп керек: бар малың қырық бес, оған жүзден артық қалай қосасың?

Шапшаңбай- тым аз... дейді. Осы диалогтан Шапшаңбайдың түпсіз өтірікке баруы, Сүндеттің де онымен жемтіктес сұмырайлығы

көрінеді. Шапшаңбай бұл қылмысқа өкілден қорқып барады. Тағы бір жерінде:

«Шапшаңбай: Жанбол не деп кетті, ей?

Сүндет сені түрмеге тығам деп кетті.

Шапшаңбай (шошынып) – қой, ә үрейін алмашы кісінің.

Онсыз де зәрем жоқ... Әй, Сүндет, мен неге қорқа берем осы, ә?...» - дегенді айтады. Екінші бір жерінде Талтаңбай, Шапшаңбай, Күнжан үшеуінің арасында әңгіме болады:

«Талтаңбай – Ардақты жеңгей!

Шапшаңбай-ай, әй, қайдасың? (Күнжанға) саған айтады, саған!

Талтаңбай – (Шапшаңбайды иықтан қағып) Дорогой Шапшаңбай, жеңгеммен өзім ұғынысам, ты не мешай!

Күнжан (Шапшаңбайға) саған айтады, саған, саған...

Талтаңбай – Великолепно, ха-ха-ха... интересно...(Күнжанға) қолыңызды сағынып...

Шапшаңбай – Ә, ә... о не!

Күнжан – Қой деймін, түсінбейсің.

Талтанбай-во, правильно... түсіндіріп жіберіңізші жеңге. Күнжан (Есікті жамылып) Ол ма? Ол қою шай»

Міне, бұл сахнада Шапшаңбай түгел көрінеді, ол мейлінше қорқақ, өзіне тимесең болды, Күнжанды – өкіл Талтаңбай итке салса да көнеді. Бұл Шапшаңбайдың бүгінгі мінезі емес, былтырғы келген өкіл де мұның үйінде жатқан, о да Күнжанды мақтап кеткен, кетерінде оған он кило май да берген, артынан соғымына «Торы тайды да» жөнелткен-ді. Келген, кеткен жігіттердің аты-жөнін де Шапшаңбай білмейді, Күнжан біледі.

Шапшаңбай Күнжан қылығын түсініп те жүреді, бірақ еш нәрсеге батылы бармайды, ол қорқады, басын сауғалайды. Міне, дуанбасы Сквозник Дмухановский осы Шапшаңбайдың дәл өзі! Ол Хлестаков әйелі мен қызын қоса әкетсе де көнгендей. Сонша зұлым, «сырдан сынар аяқ өткен қу» - дуанбасы Сквозник Дмухановский осы жарымес

Хлестковтың қақпанына түсіп, масқара болуы да өз қылмысы шашынан көп қой, содан құтылудың амалынан туады. Өз басын сағаттау жолында Сквозник-Дмухановский да дүние жүзін түгел сатқандай! Оның алдануы да осы қорқудан шығады.

Күнжан бейбастық өскен, бетімен кеткен, ұрыншақ әйел. Ол адам таңдамайды – бәтіңке әперсе Сүндетпен де қосыла береді, былтырғы келген өкілмен де, мына Талтаңбаймен де үйлесе кетеді. Былтыр ол «Қарабас еліндегі бір шатабұтпен» де әмпей болғанын жасырмайды.

Анна Андрееваның, өзінің туған қызы Марья Антоноваға ревизор Хлестаковты қимауы қандай қызық көрінсе, Күнжан да соған төтеп бере алады, бірақ Гоголь осы арада жеріне жеткізе бір көрсетеді де әрі қарай Анна Андреевнаны қудаламайды. Бейімбет Күнжанды басынан бастап, аяғына дейін «ағаш аттың басына мінгізеді».

Енді бір жерін алалық:

«Күнжан – Баламды шошыттың.

Сүндет – Менен бе?

Күнжан – Даусыңнан.

Сүндет – Айналасам-ау, қасыңнан...

Күнжан-қой... Масқара-ау, тапа-тал түсте...

Дүкенге бардың ба, әй?

Сүндет – Бардым.

Күнжан – Бәтіңке келіп пе?

Сүндет – Келіпті.

Күнжан – Түсі қандай? Тұмсығы қандай. Жайпақ па, сүйір ме?... Уәдең есінде ме?...

Сүндет – Мына есебімді ұмытсам да, оны ұмытпаспын. Сенесің бе, мына шотты қағып отырғанда соның әрбір тасы сен болып күлімсірейді маған...

Күнжан – Бетім-ай, осы елдің жігіті қызық: тал түсте... Басқа елдің жігіті бүйтпейді.. Қарабас елінде тұрдық қой, сонда бір шатабұт болды...» деп әңгімелеседі.

Осы диалогтан Күнжанның кім екені айқын көрінеді. Осы беттен ол өмірі танбайды. Күнжанның білетіні «бетім-ай, тапа тал түсте, қою шай...»

Бейімбет кейде Күнжанның аузына қазақы бейпіл сөздерді салып, арзан күлкіге апарады. Мысалы, «түрткізе алмассың», «тұрады» деп айт...» тағысын тағылар. Ол аз болғандай енді бір жерінде:

Талтаңбай – Жеңгей! Великий океан толқындап, көбігі аспанға атып, жиегіне лықсып, шапшып жатады... Понятно?... Менің жүрегім де сол: сіз бір оңнан соққан жібек жел болдыңыз да, оңаша қалған сайын ой теңізін толқындырып, лықсытып, алқымға әкеп тығып, бұлықтырып... Понятно?...

Күнжан – (қылымсып) тым қатты айтыңыз – ау!

Талтаңбай – Ымм... Тым қатты дейсіз бе?

Күнжан – Тетім-ай, ылғи ұят сөз...

Талтаңбай – Сыпайысы қандай болады?

Күнжан – (күліп) кешегі бір айтқаныңыз.

Талтаңбай – Сол сөзден шығасың ғой, ә?

Күнжан әйеліңізді қайтесіз?

Талтаңбай - Әйел деген маған перчатка алмастырғанмен бір: ескісін тастаймын, жаңасын киемін...

Уәде ғой, ә?

Күнжан – Болсын...»-дейді.

Осы арада Шапшаңбай бұлардың үстінен шығады да екеуіне қарап: «Ым-м...тым срочный жұмыс екен, «понятно» болды...»¹ дейді.

Үзіндіні әдейі көп келтірдік, бұл жерде Күнжан, Шапшаңбай, Талтаңбай үшеуінің де кім екені түгел ашылғандай.

Ақыр аяғында ақымақ Талтаңбай абақтыға алынады. Күнжан мен Шапшаңбай шөре-шәреде босқа қалады.

¹ Осы пьесада келетін орысқа сөздердің бәрі де бұзылып, бұрмаланып айтылады. Ол заманда солай айту арқылы да көрермендер күлген шығар. Қазір ол дәуір өткен тәрізді, сондықтан біз бұзбай алдық.

Гогольде жалған ревизор Хлестаков, бірінен бірі өткен өңкей парақор – алаяқтарды жер соқтырып, түгел тонап кеткенен кейін, шын ревизор келеді. Бейімбетте өкіл Талтаңбай мен өтірік белсеңді Парыз екеуі ұсталғаннан кейін тексеруші бригада келеді.

Көріп отырсыздар ғой, басы да, аяғы да ұқсас. Кейіпкерлері де бірінен бірі аумайды. Алайда, Бейімбеттің «Талтаңбайы» оқып отырғанда, кей кезде өткінші күлкі туғызып, езуіңді жиғызсада, ктіапты жапқан соң еш нәрсе есінде қалмайды. «Өттеген-ай!» - дегізер түк жоқ. Оқушы толғанбайды, бәрі түгел шешілген. Өкіл Талтаңбай сазайын тартады, абақтыға түседі. Жарымес қуыс кеуде ұрыншақ Күнжан құрамай қабады, бірақ оның көрген бірінші алдануы бұл емес, ол бұрын да талай жігіттірмен кездескен, әлі де талайды басынан кешіруге даяр тұрғандай. Күнжанның қимыл-әрекеті мақсатсыз басталады да, мақсатсыз бітеді. Ешкімнің іші ауырмайды.

Шапшаңбайдың басында да ойсыраған ештеңе жоқ тәрізді, ол «қорқу үшін – қорқатын» ғана жан болып қалады.

Басында да айтып өттік, тағы айталық – бұл пьеса белгілі бір кезеңде өз ролін атқарған болатын. Ол мезгіл әдебиетіміздің де балаң кезі еді, оның үстіне болған уақиға да кездейсоқ жағдайдың әсеріндей үкімет саясатының ұлы негізінен туған қайшылық емес-ті. Ендеше, бұл пьеса да сол өткінші дәуірдің елесіндей, өз мезгілімен бірге ескіріп қалған сияқты.

Екіншіден, Бейімбет Гогольге қанша еліктеп, әсерленсе де ол сатыға жете алмағандай. Байырғы өз әдісі Гогольге ұқсас екені даусыз ғой, сонда да ауылдық шеңберден ұзамағаны байқалады.

Әсерленудің алғашқы адымында осыған жетуінің өзі сүйсінерлік жәйт. Келешекте советтік қазақ елінің өз Гоголі болуына сенгендей едік.

Гоголь әдісіне бейім тұратын сол мезгілдегі жазушыларымыз: Қадыр Тайшықов, кейбір кездерде Ілияс Жансүгіров болатын. Қадыр Тайшықовтың Гоголь сықағына таяу тұрғанын бұдан бұрын да дәлелдеп өттік. Енді де айталық – әдебиетіміздің балаң кезінде үлгісі жоқтықтан, мәдениеті жетіспегендіктен талай шалағайлықтарға ұшыраса да, ол Гогольдің негізгі ерекшелігі биязі сықағын, мысқылын өз шамасынша тәуір берген жазушы. Олай етуіне себеп болған да

оның өз басындағы қасиеттің Гогольге жақын тұрғандығынан. Одан бері Сағынғали Сейітов, Садықбек Адамбеков, Қалтай Мұқамеджанов, Мыңбай Рашев, Шона Смақанов, Балғабек Қыдырбекұлы т.б. туа бастады.

Аударма туралы әңгіме қозғап отырып, төл әдебиетті шола жөнелгенімізге бірталай адамдар таңырқап та қалар. Олардікі де заңды ғой, өйткені осы, күнге дейін төл әдебиет пен аударма әдебиетінің арасында адам аса алмайтын асқарлы тау жатқандай, екеуі бірінен-бірі аулақ-алыс мәселе тәрізді көрінеді. Оның себебі аударушылардың көбі кездейсоқ жандар, немесе өз әдісіне, өз жанрына сәйкес авторды таңдамай, қолына түскенін аударма беретіндер. Сондықтан шалағай аударушылардың шалағай еңбектеріне кездескенде оқушылардың арқан жұтып қойғандай қалғып отыратындары да рас. Бір кезде ақын Сейітовтың:

«Бітсін деп қатарынан екі іс бірге

Шүйілді Шиллер менен Шекспирге...»

деп келемеждеуі де осының салдарынан туған болар.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Біз осы еңбегімізде аударма әдебиеті белгілі бір дәуірдің жемісі екенін анықтағандай болдық. Қазіргі совет дәуірінде, социалистік бағыт етек алып, жер жүзіне тамырын кең жайып отырған заманда, талай халықтар империализм бұғауынан құтылып, өз бетіне дербес ел болып, күн санап елінен өзінің туысын тауып жатқан кезеңде, аударма әдебиетінің үлкен дәнекер екендігін айттық. Бұл жөнде аударма әдебиеті идеология майданындағы күрделі құралдың бірі екендігін баса көрсеткендей болдық.

Әрине, біз төл әдебиеттің өсу жолын, аударма әдебиетінің өсу жолымен тығыз байланыстырып отырдық. Осы пікірімізді орыс әдебиетінің үлгілерімен дәлелдеуге тырыстық. Жалпы аударманың, оның ішінде қазақ тіліндегі аудармалардың тарихы, өсу жолдары барлығын көрсетіп, соның тарихи-мәдени мәнін айқындағандай болдық.

Конкрет материалдарға сүйене отырып, қазақ аударушыларының табыстары мен кемістіктерін батыл көрсетіп, өзімізше дұрыс деген бір алуан мәселелер көтердік.

Гоголь сынды ұлы классиктің қазақ совет әдебиетіне әсері, немесе, онан үйренуі жәйлі біраз кезеңдерге тоқталып, өзіміздің бақылау-зерттеулерімізге сүйене отырып, бір неше түйіндер де жасағандай болдық.

Бұлар диссертациядағы көтерілген өзекті мәселелердің фактылық жағы десек, осыдан туатын күрделі сұрақтар мен келелі проблемаларға жауап бере отырып, аударма өнерінің өркендеу бағытына сай бірнеше міндеттер қоя кету де жөн.

1) Аударма әдебиеті қазір көлденең адамдардың «кәсіпшілік» ететін ермегі емес, мемлекет ісінің бірі, ұлт мәдениетін жасаудың күшті құралы, өзіне тән ерекшелігі бар көркем әдебиеттің келелі жанры.

2) Аударма шын мәніндегі көркем шығарма сатысына жетуі қажет.

3)Жақсы аударма халқымыздың дүниетануын, ой-санасын кеңейтуде күшті құрал болуы даусыз.

4)Жазушы-ақындарымыздың шеберлік қабілетін күшейтіп, ілгері өсіретіні ақиқат.

Шын мәнінде негізгі нұсқадан кем түспейтін, классикалық аударма жасауда қазіргі кадрларымыздың мәдениеті мол жететіндігі де анық.

Ендеше: қазақ тіліне орыс классиктерінің аударылу сапасы осы шетелден орыс тіліне аударылған кітаптардың сапасына жететін болсын. Мысалы, біз Шекспирді, Шиллерді, Гетені, Бальзак, Диккенс, Байрон, Гюголардың орыс тіліне қалай оқысақ, қазақ тілінде де: Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Грибоедов, Тургенев, Достоевский, Гончаров, Некрасов, Чехов, Толстой, Горький, Шолохов, Маяковскийлерді де осылай оқуымыз керек. Бұлай ету үшін әр жазушы өзіне лайық сүйген авторын, әдістес-қаламдас авторын аудармасын. Міне, сонда барып аударма әдебиеті мен төл әдебиеттің арасындағы меже жойылады, шетелден шыққан ұлы классиектерді өзіміздің тума авторларымыз Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсіреповтердей оқитын боламыз.

Бұған орыс әдебиетіндегі аударма тарихы үлкен айғақ. Баяғы Карамзин, Полевой аудармалары осы күні үмітсіз ұмтылды. Олар түгіл беріректе аударылған, мезгілінде тәуір де көрінген аудармалар да көнеріп қалды. Сөйтсе де, сол аудармалар да өсу жолында көп көмегін тигізді.

Совет дәуірінде өсу жолы өте жедел, өйткені аударма бізде күрделі істің, игілі мақсаттың елеулі тұлғасындай. Совет елі жұмыла кірісіп отырған күрделі ісіміздің бірі осы.

Тағы айталық аударма әдебиеті төл әдебиеттен жедел өседі, төл әдебиет аударманы кемелдендіреді. Ендеше аударушалыр қазіргі өсіп кемелденген төл әдебиетімізді көз жазбай сарқа оқып, өмірден қалмай еріп отыруы керек.

«Кейінгі аударма-алдыңғы аудармадан үздік шығатын болса, түпнұсқаның бұрынғы аударушы аша алмаған кейбір сырын ашып бере алса - оның көмескі қалған бір жаңалығын тауып, сол арқылы біздің ой-сезімімізді оятып, байыта алса - ондай аудармаларды

қымсынбай-ақ қайталап басып шығара беру керек¹» дейді Иван Кашкин. Классиктер жөнінде біз осы пікірді қолдамыз.

Жоғарыда көрсетілген тілек-мақсаттарға осы диссертациямыз жауап бере алса, онда біз алға қойылған міндеттің орындалғандығы деп ұғамыз.

Пайдаланған еңбектер тізімі:

(кітаптар)

1. Абай. Өлеңдері/Абай.- Алматы, 1946.
2. Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы: 2 т. /Абай.- Алматы, 1957.
3. Абай. Стихотворения/Абай; пер.с каз. В. Рождественского.- М., 1954.
4. Аманжолов, Қ. Шығамалары: 2 т./Қ. Аманжолов.- 1956.
5. Әуезов, М. Әр жылдар ойлары/М. Әуезов.- Алматы, 1959.
6. Белинский, В.Г. Сочинения: 3 т./В.Г. Белинский. - СПб., 1903.

¹ Ив. Кашкин. «В борьбе за реалистический перевод» Кн. «Вопросы худ.перевод» стр. 132, М.1955 г.

7. Белинский, В.Г. Собрание сочинений: в 3 т./В.Г. Белинский.- М.,1948.
8. Виноградов, В.В. О языке художественной литературы/В.В. Виноградов.- М., 1959.
9. Владимирова, Н. Некоторые вопросы художественного перевода с русского на узбекский язык/Н. Виноградова. - Ташкент, 1957.
10. «Опросы художественного перевода» : сб. Статей. - М., 1955.
11. Гоголь, Н.В. Уйлену/Н.В. Гоголь; ауд. М.Дәулетбаев.- Қызылорда, 1928.
12. Гоголь, Н.В. Өлі жандар/Н.В. Гоголь; ауд. Қ. Тайшықов.- Алматы, 1932.
13. Гоголь, Н.В. Өлі жандар/ Н.В. Гоголь; ауд. Қ. Тайшықов.- Алматы, 1936.
14. Гоголь, Н.В. Шинель/Н.В. Гоголь. – Алматы, 1937.
15. Гоголь, Н.В. Иван Иванович пен Иван Никифоровичтің қалай ұрысқаны : повесть/Н.В. Гоголь. - Алматы, 1937.
16. Гоголь, Н.В. Ревизор/Н.В. Гоголь: ауд. М. Әуезов.- Алматы, 1938.
17. Гоголь, Н.В. Ревизор/Н.В. Гоголь: ауд. М. Әуезов.- Алматы, 1948.
18. Гоголь, Н.В. Тарас Бульба/Н.В. Гоголь; ауд. Т. Нұртазин.- Алматы, 1945.
19. Гоголь, Н.В. Шығармалары. 1 т.: Диканкаға таяу хутордағы кештер/Н.В. Гоголь; ауд. Ж. Алтайбаев, С.- Алматы, 1954.
20. Гоголь, Н.В. Шығармалары. 2 т.: Миргород/Н.В.Гоголь; ауд. Ж. Қосыбаев, Ә. Ипмағамбетов.
- 2)Тарас Бульба/ ауд. Т.Нұртазин. Екінші бөлім: Вий /ауд. Ғ.Оспанов.
- 2)Иван Ивановичтің Иван Никифоровичпен араздасқаны туралы әңгіме./ауд. А. Елшібеков.- Алматы, 1952.
21. Гоголь, Н.В. Шығармалары. 3 т.: Повестері: а)Нева проспектісі /ауд. Ғ.Орманов.

- Б) Мұнын мен жындының жағандары/ауд. А. Хангельдин
- в) Шинель / ауд. Ж. Қосыбаев .
- 2) Күйме /ауд. А. Байтанаев
- Д) Рим /ауд. Ж. Жұмақанов.- А., 1952.
22. Гоголь, Н.В. Драмалық шығармалары: 4 т./Н.В. Гоголь.
- А) Ревизор /ауд. М.О. Әуезов.
- Б) Үйлену /ауд. Ф. Дінісламов.
- Г) Драмалық үзінділер мен жеке сахналар, қосымшалар/ауд. Ф. Дінісламов.- Алматы, 1953.
23. Гоголь, Н.В. Өлі жандар: 5 т./Н.В. Гоголь; ауд. Ф. Ипмағамбетов.- Алматы, 1955.
24. Гоголь, Н.В. Таңдамалы мақалалары мен хаттары /ауд. Ғ. Оспанов, З. Қабдолов.- Алматы, 1954.
25. Гоголь, Н.В. Өлі жандар/Н.В. Гоголь; ауд. Ә. Ипмағамбетов. – Алматы: Жаңа өмір журналының баспасы, 1956.
26. Гоголь, Н.В. Өлі жандар /Н.В. Гоголь; ауд. Ә. Ипмағамбетов.- Алматы, 1958.
27. Гоголь, Н.В. Үле жаннар: татар тілінде /Н.В. Гоголь; ауд. К. Басиров.- Қазан, 1953
28. Гоголь, Н.В. Полное собрание сочинений: 10 т./Н.В. Гоголь. М.; Л.: Изд. АН СССР, 1940.
29. Гоголь, Н.В. Сочинения./Н.В. Гоголь. - М., 1956.
30. Горький, М. Менің университеттерім/М. Горький; ауд. М. Қаратаев.- Алматы, 1935.
31. Горький, М. Собрание сочинений: 10 т./М. Горький. - М.: ГИХЛ, 1951.
32. Грибоедов, А.С. Ақыл азабы/А.С. Грибоедов; ауд. Т. Жароков. – Алматы, 1953.
33. Грибоедов, А.С. Горе от ума/А.С. Грибоедов.-Л.: Ленинград, 1956.

34. Жангалын, М. Доклады от Казахстана: статья «Об основных принципах перевода с русского на казахский язык.- Алматы, 1958.
35. Добролюбов, Н.А. Полное собрание сочинений: 2 т.- М., 1934.
36. Достоевский, Ф.М. Бишаралар/Ф.М. Достоевский; ауд.С. Талжанов. – Алматы, 1935.
37. Достоевский, Ф.М. Бишаралар/Ф.М. Достоевский; ауд. С. Талжанов.- Алматы, 1955.
38. Достоевский, Ф.М. Бедные люди/Ф.М. Достоевский. - М., 1954.
39. Дурылин, С. И.А.Крылов/С. Дурылин. - М., 1944.
40. Ефимов, А.И. Стилистика художественной речи/А.И. Ефимов.- М., 1957.
41. Жұмалиев, Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі/Қ. Жұмалиев.- Алматы, 1948.
42. Жұмалиев, Қ. Қырдағы күрес – Қарақшы/Қ. Жұмалиев. – Алматы, 1957.
43. Қаратаев, М. Туған әдебиет туралы ойлар/М. Қаратаев. – Алматы, 1958.
44. Кенжебаев, Б. XX – ғасыр басындағы қазақ әдебиеті/Б. Кенжебаев, С. Қирабаев.- Алматы, 1957.
45. Қирабаев, С. Спандияр Көбеевтің өмірі мен жазушылық қызметі/С. Қирабаев.- Алматы, 1958.
46. Қөркем аударманың кейбір мәселелері: мақалалар жинағы. – Алматы, 1957.
47. Крылов, И.А. Үлгілі тәржіме/И.А. Крылов; ауд. С. Көбеев.- Қазан, 1910.
48. Крылов, И.А. Басни и стихотворения/И.А. Крылов.- Алматы, 1951.
49. Крылов, И.А. Стихотворения/И.А. Крылов.- СПб., 1898.
50. Лермонтов, М.Ю. Корсар: 2 т./М.Ю. Лермонтов.- М.; Л., 1959.
51. Маркс, К. Об искусстве: 1 т. /К. Маркс, Ф. Энгельс.- М., 1957.

52. Мұқанов, С. Ботакөз/С. Мұқанов. – Алматы, 1956.
- 53 Мұқанов, С. Поэмалары/С. Мұқанов.- Алматы, 1956.
54. Мүсірепов, Ғ. Ана туралы аңыз./Ғ. Мүсірепов.- Алматы, 1948.
55. Мүсірепов, Ғ. Таңдамалы шығармалар жинағы: 3 т. 2 т. : Оянған өлке.- Алматы, 1955.
56. Мүсірепов, Ғ. Таңдамалы шығармалар жинағы: 3 т. 3 т.- Алматы, 1956.
57. Нұрышев, С. Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен/С. Нұрышев.- Алматы, 1954.
58. Пушкин, А.С. Үш томдық шығармалар жинағы. 1 т. /А.С. Пушкин.- Алматы, 1936
59. Пушкин, А.С. Үш томдық шығармалар жинағы. 2 т. /А.С. Пушкин.- Алматы, 1936
- 60.Пушкин, А.С. Үш томдық шығармалар жинағы. 3 т. /А.С. Пушкин.- Алматы, 1937
- 61.Пушкин А.С. Таңдамалы шығармалары/А.С. Пушкин.- Алматы, 1949.
62. Пушкин, А.С. Критик/ А.С. Пушкин.- М., 1950.
63. Пушкин, А.С. Собрание сочинений. Т.2/А.С. Пушкин.- М., 1959.
64. Пушкин, А.С. Собрание сочинений. Т.4/А.С. Пушкин.- М., 1959.
65. Сейфуллин, С. Қызыл ат/С. Сейфуллин; пер. С. Талжанов; худож. обраб. и ред. М. Баталова.- Алматы, 1934.
66. Тәжібаев, Ә. Аралдар/Ә. Тәжібаев.- Алматы, 1958.
67. Толстой, Л.Н. Анна Каренина/Л.Н. Толстой; ауд. Ғ. Орманов.- Алматы, 1953.
68. Толстой, Л.Н. Собрание сочинений: в 12 т. Т.8.- М.: ГИХЛ, 1958.
69. Тургенев, И.С. Дворян ұясы/И.С. Тургенев; ауд. М.О.Әуезов. – Алматы, 1952.
70. Тургенев, И.С. Дворянское гнездо/И.С. Тургенев.- М.: ГИХЛ, 1949.

71. Тургенев, И.С. Собрание сочинений: в 12-т. Т.11/И.С. Тургенев.- М.: ГИХЛ, 1956.
72. Чернышевский, Н.Г. Полное собрание сочинений: в 16 т. Т.2/Н.Г. Чернышевский.-М., 1947.
73. Чернышевский Н.Г. Полное собрание сочинений: в 16 т. Т.3/Н.Г. Чернышевский.-М., 1948.
74. Чехов А.П. Әңгімелер/А.П. Чехов; ауд. Ә. Омаров. – Алматы, 1937.
75. Чехов А.П. . Әңгімелер/А.П. Чехов; ауд. Ә. Омаров. – Алматы, 1959.
76. Чехов, А.П. Мезонинді үй/А.П. Чехов; ауд. Ы. Дүйсенбаев, Ғ.Оспанов.- Алматы, 1955.
77. Чехов, А.П.Собрание сочинений : в 12 т. Т.3/А.П. Чехов.- Алматы,1955.
78. Чехов, А.П. Собрание сочинений : в 12 т. Т.1/А.П. Чехов.- М. 1955.
79. Шекспир, У. Гамлет/У. Шекспир; ауд. М. Дәулетбаев.- Алматы, 1931.
80. Шекспир, У. Собрание сочинений: в 8 т.Т.6: Гамлет/У. Шекспир- пер. Дозинского.- М., 1960.
81. Шолохов, М. Тынық Дон. 3 т. /М. Шолохов; ауд.М.Қаратаев. – Алматы, 1956.
82. Шолохов, М. Тынық Дон 4 т. /М. Шолохов; ауд. Х. Есенжанов.- Алматы, 1956.
83. Энгельс, Ф. Людвиг Фейербах и конец классической немецкой философии/Ф. Энгельс.- М.: Гослитиздат, 1951.

Пайдаланған журналдар мен газеттер:

1. Айқап: қоғамдық саяси және әдеби журнал.- Троицк, 1915.
2. Нұрқатов, А. Гогольдің Қазақ әдебиетіне әсері./А.Нұрқатов.//Әдебиет және искусство.- 1952.- №3
3. Ермилова, В. О своеобразии комического у Чехова./В.О. Ермилова.//Вопросы литературы. – 1959.-№11
4. Тоғысбаев, С. Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы сықақ мотивтер туралы/Жұлдыз.- 1958.-№3.
5. Әлімбаев, М. Достар еңбегі туралы./М. Әлімбаев.//Жұлдыз – 1958.-1958.
6. Тайшықов, Қ. Аударма турасында/Қ. Тайшықов.//Қазақ әдебиеті.- 1936.- 15/1, №2/67
7. Олидор, О.Н. О переводах пьесы «Ревизор»./О.Н. Олидор.//Қазақстан.- Алматы, 1952.
8. Маршак, С. Почерк века, почерк поколения/С. Маршак.// Лит. газета.- 1959. -№41.
9. Пушкин, В. Первые встречи/В. Пушкин./Октябрь. – 1960.

10. Чуковский, К. Короленко в кругу друзей/К. Чуковский.// Октябрь.-1960.-№9.
11. Маркин, В. Фельетон./В. Маркин, З. Юрьев//Правда.-1960.- №143,
12. Речь Хрущева Никиты Сергеевича//Социалистік Қазақстан.- 1959.
13. Сахариев, Б. Гоголь Н.В. және қазақ әдебиеті/Б. Сахариев.- /Халық мұғалімі.- 1952.

Аударма жөнінде бұрынды-соңды пікірін ортаға салған зерттеушілердің тізімі:

1. Ақтанов Тақауі.
2. Әлімқұлов Тәкен.
3. Әузов Мұхтар Омарханович.
4. Букетов Евни.
5. Жанғалин Мұхтар.
6. Жансүгіров Илияс.
7. Жовтис А.
8. Жұмалиев Қажым.
9. Ипмағамбетов Әнуар.
10. Канафиев К.
11. Қаратаев Мұхамеджан
12. Кедрин Зоя Сергеевна.
13. Ландау Е.
14. Нұрмақанов Қалжан.
15. Нұрпейсов Әбжәміл.
16. Нұрышев Сәбит

17. Сейфуллин Сәкен
18. Тайшықов Қадыр
19. Хайруллин Рақыш
20. Шаншаров Айтбай

М А З М Ұ Н Ы

1. К і р і с п е _____	1
2. Аударма тарихынан _____	12
3. Гогольдің стиль ерекшелігі	
Өзіл-сықағында (юморында) _____	56
4. Н.В. Гоголь және қазақ әдебиеті _____	115
5. Қорытынды _____	148
6. Пайдаланылған еңбектер тізімі _____	151